

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 070 (100)

Қолжазба құқығында

ТАСИЛОВА АЙГЕРИМ АЙТБАЕВНА

**ӘЛЕМДІК КОММУНИКАЦИЯ ЖЕЛІСІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ
ДИПЛОМАТИЯ**

6D050400 – Журналистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшілері:

Филология ғылымдарының докторы,
профессор Н.Т. Шыңғысова
(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті)

PhD докторы, профессор Ю.Кальянго
(Yusuf Kalyango, Jr)
Institute for International Journalism,
E.W.Scripps School of
Journalism, Ohio University Ohio, USA)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
КІРІСПЕ	4
1 ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ГЕНЕЗИСІ	9
1.1 Қоғамдық дипломатияның классикалық концепциясы	9
1.2 Қазақ қоғамындағы дипломатияның тарихи эволюциясы	23
1.3 Тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық дипломатия доктринасы	36
2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	51
2.1 Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдары	51
2.2 Мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігі	65
2.3 Қазақстанның ұлттық брендингі мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлері	79
3 ТРАНСКОНТИНЕНТАЛЬДЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ	90
3.1 Жаһандану трансформациясындағы мәдениетаралық коммуникация	90
3.2 АҚШ, Ұлыбритания, Ресей елдерінің саяси аренадағы имидж құру ерекшеліктері. Салыстырмалы талдау	98
3.3 Қазіргі әлемдік саяси өзгерістер жағдайындағы қоғамдық дипломатияның басым бағыттары	110
ҚОРЫТЫНДЫ	126
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	130

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АӨСШК	Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары туралы кеңес
ААҚ	Ашық акционерлік қоғам
Актор	Әлеуметтік әрекеттің субъектісі, әрекет етуші.
БҰҰ БА	Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЕурАзЭҚ	Еуразиялық Экономикалық Қауымдастық
ЕЭК	Еуропалық экономикалық комиссия
ЕҚЫҰ	Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы
ЕАЭҚ	Еуразиялық экономикалық қауымдастығы
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ХВҚ	Халықаралық Валюта Қоры
ШЫҰ	Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы
ҚХР-	Қытай Халық Республикасы
ҚКП ОК	Қытай коммунистік партиясының Орталық комитеті
ҚР	Қазақстан Республикасы
СІМ	Сыртқы істер министрлігі
ҰҚШҰ	Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы

КІРІСПЕ

Диссертациялық зерттеудің жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысында әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатияның қазіргі таңдағы өзекті мәселелері айқындалып, даму бағыты сарапталады. Қоғамдық дипломатияның қалыптасып, даму кезеңдері жүйеленіп, қызметі, эволюциясы, басым бағыттары айқындалды. Жаһандық өзгерістерге сай жетілдіру жолдары ұсынылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар : «Рухани жаңғыру» атты мақаласында әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек. Біз заманауи мәдениетіміздің қандай өкілдері әлемдік аренаға жол тартуы керектігін анықтап алуымыз қажет. Ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін іріктеп алғаннан кейін шетелдерде оларды таныстыру рәсімдерін өткіземіз деп атап өтті. Ал әлемдік саяси және экономикалық трансформация үдерістері күшейе түскен заман халықаралық имидж құрумен тығыз байланысты болуы зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Соңғы он жылдықта қоғамдық дипломатияға деген қызығушылық ғылыми концепция аясында ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік, саяси қайраткерлер, журналистер және кең бұқара топ арасында кең өріс ала бастады. Бүгінгі күні жаһандану көшбасшылығына үміткер елдер өздерінің қоғамдық дипломатия құралдарына ерекше көңіл бөледі. Осы уақытқа дейін Қазақстанда қоғамдық дипломатияның даму тенденцияларын кешенді қарастырған ғылыми еңбектің болмауы да бұл тақырыптың жан-жақты зерттелуін қажет етеді. Қоғамдық дипломатияның әлемдік коммуникация желісінде даму бағыттарын жүйелеп, бүгінгі тәуелсіз көзқарас биігінен бағалап, шетелдегі баспасөз бетіндегі Қазақстан бейнесін анықтап, тарихи тағылымдары мен өнегесін көрсете отырып, ғылыми айналымға енгізу – тақырыптың өзектілігін танытады.

XXI ғасырға аяқ басқан әлем үшін қоғамдық дипломатияның орны ерекше. Қоғамдық дипломатия әлемдік деңгейдегі мемлекет дамуынан сипат бере отырып, еліміздегі ақпарат деңгейін салыстырып, көшбасшы мемлекеттер қатарына ілестіретіні даусыз. Қоғамдық дипломатия саласын зерттеу нысанына ала отырып, мемлекеттік деңгейдегі халықаралық журналистика саласының даму деңгейін бағалауға болады. Қоғамдық дипломатия шетелдік аудиторияларды зерделеуге және хабардар етуге, сондай-ақ, әртүрлі елдердегі халықтың кең топтарымен байланыс орнатуға бағытталған шаралар жиынтығы ретінде сыртқы саяси қатынастар саласындағы салыстырмалы жаңа құбылыс болып табылады.

Әлемдік коммуникация желісіндегі Қазақстанның қоғамдық дипломатиясының әлеуетін зерделеп, жинақталған тәжірибені қорытып, басты басым бағыттарын анықтап, келешектегі бағыт-бағдарларын дәйектеудің қажеттілігі аталған зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу нысаны: Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия.

Зерттеу пәні: Қазақстанның қоғамдық дипломатиясының дамуы, құралдары мен институттарының қалыптасуы болып табылады. Зерттеудің эмпирикалық негізін Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің халықаралық аренадағы жұмыстары, жарияланған материалдары құрайды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеу жұмысында тұжырымдалған қорытындылар мен ұсыныстар отандық жән шетелдік дереккөздеріне негізделген, оларды төмендегідей топтастыруға болады:

Деректердің қайнар көздерінің бірінші тобын қоғамдық дипломатия құбылысын, «жұмсақ күш», мәдени дипломатия мәселелері зерделенген еңбектер құрайды. Осы тұрғыдағы зерттеу жұмыстары диссертациялық жұмыстың теориялық және методологиялық негізі болып табылады.

Зерттеу жұмысының дереккөздерінің келесі тобына Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» [1], «Қазақстан – 2030 Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» [2], «Қазақстанның бәсекеге қабілетті әлемдегі 50 елдің қатарына ену стратегиясы» [3], «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» сияқты Қазақстан халқына Жолдаулары кіреді [4].

Диссертация жұмысын жазуда деректердің келесі бір қайнар көзі отандық «Казахстанская правда», «Литер», «Айқын», «Егемен Қазақстан», «zakon.kz», «today.kz», «samantor.kz», «abai.kz», «wikipedia.org», «24.kz», «Akorda.kz», «strategy2050.kz», «www.mfa.kz», «egov.kz» және т.б. Мерзімді баспасөз беттеріндегі материалдардың, интернет желісіндегі ақпараттардың әлемдік кеңістіктегі қоғамдық дипломатияның орны мен ролі туралы талдаулар жасауға тигізген септігі мол.

Диссертациялық жұмыстың деректік негізі жоғарыда аталған деректер болып табылады.

Зерттеу жұмысының әдістері. Зерттеудің методологиялық және теориялық негіздеріне отандық және шетелдік ғалымдардың, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың, республиканың басқа да қайтаркерлерінің ғылыми еңбектері мен мақалаларын әртүрлі деректермен салыстыра қарау жән талдаулар жатады. Сонымен бірге, тарихи-салыстырмалы, хронологиялық-тарихи, логикалық-тарихи, жүйелеу және тағы басқа әдістер әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатияның орны мен ролін жүйелі түрде айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері. Халықаралық қатынастардағы қоғамдық дипломатияның қалыптасу тарихы, мемлекеттің сыртқы саясатындағы орны мен ролі, «жұмсақ күш» тұжырымдамасы, жаһандық ақпараттық кеңістік, халықаралық саясат саласындағы БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттің арақатынасы мен өзара бірлескен іс-әрекеті, халықаралық маркетингтің теориясы мен практикасы, мемлекеттің брендингі мен сыртқы имиджі, мемлекетаралық ынтымақтастыққа қоғамдық дипломатияның қосқан үлесі С.Р.Schneider [5], В. Gregory [6], В.Simonin [7], В. Hocking [8], D. Lake [9], G. King [10], Дж. Мангейм, Р.Рич [11], J. Nye [12], J.

Rosenau [13], G. Szondi [14], G. Krassovsky [15], C. Snow [16], M. Shuman, G. Warner, L. Forest [17], M. Leonard, S. Catherine, C. Smewing [18], M. Price [19], S. Anholt [20], A. Fisher [21], T. Pr'msen және M. Finger [22], N. Snow және M. Taylor [23], J. Melissen [24] және т.б. зерттеушілердің іргелі еңбектерінде негізделген.

Ресейлік ғалымдардың қазіргі халықаралық қатынастарда болып жатқан үдерістерді, ондағы өзекті мәселелер мен қазіргі даму бағытын, қоғамдық дипломатияның мән-маңызын зерттеген А.В. Торкунов [25],

М. Лебедева [26], А.В. Долинский [27], В. Никонов [28], А. Фоминых [29], Н.А. Цветкованың [30] және т.б. еңбектері сарапталады.

Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатының теориялық және практикалық аспектілері, негізгі бағыттары мен кешенді мәселелері ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» [31], «Тарих толқынында» [33], «Сындарлы он жыл» [33], «Қазақстандық жол» [34] еңбектерінде ашып көрсетілген.

Отандық дипломаттар, ғалымдар мен зерттеушілер А. Арыстанбекова [35], Б.К. Сұлтанов [36], Р.М. Қалиева [37], У.И. Қасенов [38], К. Бурханов,

С.Бөлекбаев [39], Ж.У. Ибрашев [40], К.И. Байзакова [41], Г.М. Мендікұлова, Д.С. Раевтың [42] еліміздің жаһандық деңгейдегі бастамалары мен халықаралық аренадағы қызметі, халықаралық қауіпсіздік, геосаясат және т.б. арналған зерттеулері әлемдік кеңістіктегі қоғамдық дипломатияның орнын көрсетудегі маңызы зор.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Қоғамдық дипломатияның теориялық-методологиялық негіздерін, әлемдік кеңістіктегі ролін талдап, қазіргі кезеңдегі қызметі мен дамуын, әлемдік саясаттың маңызды факторы ретіндегі орнын анықтау. Қазақстанның қоғамдық дипломатиясының құралдарына және механизмдеріне талдау негізінде оның тиімділігін арттыру моделдерін ұсыну.

Зерттеудің мақсатына сәйкес мынадай міндеттер айқындалды:

- қоғамдық дипломатияның ұғым-түсініктерін, негізгі ғылыми тұжырымдамалары мен өзекті мәселелерін, формаларын сараптап мәселенің теориялық және методологиялық аспектілерін анықтау;

- теориясы мен концепциясын талдау негізінде пәндік өрісін нақтылау және оның насихат, «жұмсақ күш», мәдени дипломатия, сыртқы мәдени саясат ұғымдарының айырмашылығын талдау;

- даму кезеңдеріндегі бағытын, қызметін кешенді зерттеп, мақсат-мүддесіне баға беріп, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қоғамдық дипломатия дамуына ықпалын айқындау;

- көшпелі қазақ қоғамындағы дипломатиялық қатынастардың орнығуының тарихи алғышарттары мен түсініктерін анықтау;

- Қазақстан Республикасының қазіргі даму жағдайындағы қоғамдық дипломатияның қалыптасу үрдістері мен қызметтер ерекшеліктерін ғылыми сараптау;

- Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдарын, мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігін,

Қазақстанның ұлттық брендингі мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлерін айқындау;

- жаһандану трансформациясындағы мәдениетаралық коммуникацияның мәселелерін, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей елдерінің саяси аренадағы имидж құру ерекшеліктерін салыстыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- қоғамдық дипломатия осы кезеңге дейін халықаралық қатынастар, саяси ғылым аясында зерттеу нысанына айналғанымен, коммуникация желісіндегі қалыптасу мен даму ерекшелігі, қоғамдық пікір қалыптастыру, имидж құрудағы ролін анықтау тұңғыш рет деректік тұрғыдан негізделіп, ғылыми айналымға енгізілді;

- қоғамдық дипломатияның ұғымы, деңгейлері, әдістері, формалары туралы ғылыми тұжырымдамалар дәйектелді;

- қоғамдық дипломатияның халықаралық қатынастар үдерісінің динамикасы мен мемлекеттер арасындағы ынтымақтастыққа ықпалы замануи жаһандық коммуникациялық маңызы тұрғысынан зерделенді;

- көшпелі қоғамның саяси қатынастарындағы қоғамдық дипломатияның көріністері мен өзіндік ерекшеліктері бағамдалды; қоғамдық дипломатияны зерттеу саласында жинақталған теориялық негіздемелерді осы бағыттағы қолдану мүмкіндіктері тұжырымдалды;

- Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдарын, мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігін, Қазақстанның ұлттық брендингі мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлері айқындалды;

- Жаһандану трансформациясындағы мәдениетаралық коммуникацияның мәселелері, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей елдерінің саяси аренадағы имидж құру ерекшеліктері анықталып, ғылыми тұрғыдан негізделді.

Зерттеудің теориялық мәні:

Зерттеу жұмысының маңыздылығы қоғамдық дипломатия феноменін зерттеуді саяси, әлеуметтік тұрғыда қарастырумен анықталады; заманауи жаһандық коммуникация кеңістігі аясындағы мемлекеттер мен халықтар арасындағы өзекті мәселелерді қоғамдық дипломатия тұрғысынан реттеуді іске асыру; мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігі, Қазақстанның ұлттық брендингі мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлерін айқындаумен негізделеді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік мәні: Әлемдік кеңістіктегі қоғамдық дипломатия қарастырылған зерттеу жұмысында жасалған қорытындылар мен тұжырымдарды, нәтижелерді Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі жүргізіп отырған сыртқы саясаты бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуде негізі бар және осы аймақтардағы келешектегі саяси жағдайын, тарихын, халықаралық қатынастардың теориясы мен тарихын зерттеудегі маңызды бағыт екендігін тұжырымдауда айқындалған. Диссертациялық жұмыс материалдарын білім беру саласында, халықаралық қатынастар, аймақтану, сыртқы саясат және қоғамдық дипломатия мәселелері бойынша арнайы курстарды тереңдетіп оқыту

кезінде, аталған мәселелер бойынша оқу-әдістемелік материалдар мен көмекші көұралдарын жасауда қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- Ақпараттық кеңістіктің жаһандану кезеңінде қоғамдық дипломатия ұғымының мағынасы - ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың тиімді құралы ретінде мемлекеттің жағымды имиджін қалыптастыру және көпполярлы әлемді дамыту мен нығайтуға қатысуымен анықталады. Қазіргі таңда қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді қозғай отырып, мемлекетаралық қатынастарды дамытуда қоғамдық дипломатияның өзектілігі артуда. Халықаралық қатынастар кеңістігінде қоғамдық санаға ықпал етудің жаңа тетіктері қолданылуда.

- Қоғамдық дипломатияның тарихи дамуы, БАҚ, саясат, экономикалық және әлеуметтік жүйелердің өзгерістеріне тікелей байланыста өркендеді.

- Дипломатияның тарихи тәжірибесі көшпелілік, далалық дипломатияның өзіндік болмысы мен мәдениеті болғанын көрсетеді. Тәуелсі Қазақстан дипломатиясының қалыптасуы мен сыртқы саяси стратегиясының негіздерін заман талабына сай мемлекет құру, әлеуметтік құрылымдарды жаңарту талаптарымен сабақтас болды.

- Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдары, мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігі, Қазақстанның ұлттық брендингi мен халықаралық жағымды имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның институттарын, құралдарын дамыту көзделеді.

- Жаһандану трансформациясындағы мәдениетаралық коммуникацияның мәселелері, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей елдерінің саяси аренадағы имидж құру ерекшеліктері сарапталады.

Зерттеу жұмысының жариялануы және мақұлдануы:

Ғылыми жұмыстың негізін құрайтын материалдар ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгілеген республикалық ғылыми басылымдарда жарияланды. Сонымен қатар Scopus базасына енетін нолдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымдарда, халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтарында баяндалып, жарияланды. Диссертациялық жұмыс Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында талқыланып, сараптамадан өтті және қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы: Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тарау мен қорытындыдан, сондай-ақ пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Дәл осындай архитектоника, біздіңше, ғылыми жұмыстың мән-мағынасын толық ашуға, болмыс-бітімін барынша қисындауға септігін тигізеді.

1 ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ГЕНЕЗИСІ

1.1 Қоғамдық дипломатияның классикалық концепциясы

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң Қазақстан Республикасын көптеген мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар мойындап саяси-дипломатиялық қатынастар қалыптаса бастады. Еліміздің халықаралық қауымдастыққа енуі қарқын алып, сыртқы саясатының негізгі мақсаттары белгіленді.

Қазіргі уақытта Қазақстан мемлекетінің сыртқы саясатында әскеріден тыс ақпараттық технологиялардың ролі күшеюде. Біздің мемлекетіміздің және басқа да халықаралық қатынастардың, субъектілерінің имиджінің саяси үдерістегі өсіп келе жатқан ролін дамыту, қоғамдық дипломатия арқылы имиджді қалыптастыру мәселесіне ғылыми қызығушылықтар артуда.

Қазіргі заман талабы Қазақстан Республикасын шетелдерге танытуда тек ресми іс-шаралар мен мемлекет басшылары деңгейіндегі қарым-қатынастарды ғана емес, қарапайым қоғам деңгейіндегі ынтымақтастықты дамытуды талап етеді. Сондықтан мемлекет әлемге тек әскери, экономикалық әлеуетімен ғана танылмайды, сонымен бірге мәдени, рухани құндылықтарын насихаттау арқылы елдің халықаралық қауымдастықтағы беделі мен абыройын мойындатуы тиіс.

Қазақстанның қоғамдық дипломатиясы ұзақ мерзімді қатынастар орнатуды, мемлекеттік саясат үшін қолайлы жағдайлар жасауды көздейді және ұлттық мүдделерді қорғайды, сонымен бірге сыртқы қоғамдық пікірдің көзқарасын зерделеу арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, оны ақпараттандырады және оны сақтайтын адамдарға әсер етеді.

Қоғамдық дипломатия арналары арқылы мемлекет ең беделді тұлғалармен, шет елдегі қоғамдық пікір басшыларымен байланыс орнатады. Ұзақ мерзімді перспективада ел үшін пайдалы әрі елдің әл-ауқаты мен билігінің өсуі туралы әлемдегі саяси ықпалды күшейту мәселесі туындайды. Қоғамдық дипломатия халықаралық қызметтің тәуелсіз бағыты болып табылады. Ол мемлекетаралық қатынастардың бір бөлігі және әлемдік әлеуметтік коммуникациялар бөлігі ретінде қарастырылады [43].

Қоғамдық дипломатия терминімен анықталатын және мемлекеттің сыртқы саясатында қолданылатын ақпарат, мәдениет және білім саласындағы бағдарламаларға қазіргі кезде үкімет пен ғалымдар тарапынан көңіл бөлініп, дамудың жаңа айналымын бастан өткізуде. Мұндай жағдай бірнеше факторлардан туындайды. Ең маңыздыларының бірі – бұл барлық мемлекеттердің мойындауы, қоғамдық дипломатия бағдарламаларын кәсіби және белсенді қолдану сыртқы саяси міндеттердің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді [199].

Қоғамдық дипломатия дамуының жаңа толқынының екінші факторы болып саясаткерлер мен журналистер арасында және академиялық қауымдастықта әйгілі болған аталған салада жаңа ғылыми концепцияның кеңінен таралуы болып табылады. «Жұмсақ күш», «ұлттық бренд» және т.б.

туралы жаңа концепциялар қоғамдық дипломатияны жүзеге асырудың тарихи тәжірибесін қайта қарау және қорыту үшін, сондай-ақ, түрлі елдердің қазіргі қоғамдық дипломатиясын дамыту туралы талқылау үшін негіз болады.

Одан кейінгі үшінші фактор аталған дипломатияның құралын өзектендіретін 2001 жылғы атақты оқиғадан кейін Таяу Шығыс елдеріндегі исламдық фундаментализм мен АҚШ арасындағы өріс алған идеологиялық соғыс болып табылады.

Соңғы уақытта Қазақстанда қоғамдық дипломатияны белсенді ету мәселесі өзекті болып келеді. Қазақстанның қоғамдық дипломатиясы – бұл Қазақстанның сыртқы саяси міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған үкіметтік механизм келесідей:

- 1) ақпараттық жобалар (насихат);
- 2) білім беру және мәдени алмасулар;
- 3) интернет желісіндегі жобалар (Қазақстанның цифрлық дипломатиясы) әдістері арқылы жүзеге асады.

Дәстүрлі түрде қоғамдық дипломатия үш мақсатқа қызмет етеді:

- 1) саяси (саяси мақсаттарға жету үшін шетелде бедел арттыру);
- 2) экономикалық (өз елінің экономикалық өсуіне жағдай жасау);
- 3) мәдени (халықаралық деңгейде осы салада өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында мәдени және ғылыми ынтымақтастықты ынталандыру);

Қоғамдық дипломатия дәстүрлі дипломатиядан арнайы мамандығы бар адамдар (дипломаттар, саясаткерлер, барлаушылар) арқылы жүзеге асуымен ерекшеленеді.

Қоғамдық дипломатияның классикалық концепциясы деп өкімет, жеке топтар және жеке тұлғалар басқа елдің сыртқы саяси шешімдерін, саяси беделге ие болу үшін және оны ұстап тұру үшін олардың пікірін және мақсатын өзгертетін құралды айтады [44, б. 70].

Енді «дипломатия» және «қоғамдық дипломатия» терминдеріне тоқталып өтейік. Дипломатияға берілген көптеген анықтамалар арасындағы В.И. Поповтың тұжырымдамасында: «дипломатия - халықаралық қатынастар ғылымы, мемлекет пен үкімет басшыларының және сыртқы байланыстардың арнайы органдары - сыртқы саясат ведомстволарының, дипломатиялық миссиялардың басшыларымен келіссөздер жүргізу өнері, елдің сыртқы саясатын анықтаудағы дипломаттардың қатысуы және оны бейбіт жолмен жүзеге асыруы. Оның басты мақсаты мен міндеті мемлекеттің және оның азаматтарының мүдделерін қорғау болып табылады» - делінген [45, б. 7]. Қоғамдық дипломатия - елдер арасындағы әріптестік қарым-қатынастар орнату мен қолдаудың жан-жақты және икемді технологиясы. Әсіресе, қоғамдық дипломатия құралдарын немқұрайлы дипломатиялық қарым-қатынастар шиеленесіп, күрделенген кезде немесе үзілген жерлерде қолдану тиімді болып табылады. Қоғамдық дипломатия елдегі, әлемдік жүйедегі ұстанымды нығайту және экономикалық, әлеуметтік және мәдени жетістіктерге қол жеткізу құралы ретінде сыртқы саяси мәселелерді шешуге көмектесетін нақты құрал ретінде

ролін күшейтеді. Қоғамдық дипломатияның ресми дипломатиядан айырмашылығы ұлттық мүдделерді насихаттауды мемлекеттік емес субъектілер, сондай-ақ жеке тұлғалар жүзеге асырады.

Дипломатия – мемлекеттің сыртқы саяси мақсат-міндеттерді жүзеге асыру мен шетелдердегі мемлекет мүддесін қорғау тұрғысындағы ел басшысының, үкіметтің және арнаулы органдардың ресми қызметі болып табылатыны белгілі. Дегенмен, қоғамдағы дипломатияның ауқымы мемлекеттің ресми қызметімен ғана шектеліп қоймайды. Көптеген әдебиеттерде дипломатияға «сыртқы қатынастар жөніндегі ғылым», «келіссөздер жүргізу өнері» секілді анықтамалар берілген. Осы тұрғыдан алғанда дипломатияның дамуына үкіметтік акторлармен қатар, халық, қарапайым азаматтар өз үлесін қосуда.

Ғылыми әдебиеттерде дипломатия ұғымына төмендегідей анықтамаларды береді: атқарылатын міндеттердің нақты жағдайы мен сипатына қарай мемлекеттің сыртқы саясатын бейбіт түрде нақтылы іс-шаралар, тәсілдер мен әдістер арқылы іске асыру құралы; мемлекет пен үкімет басшыларының, сыртқы істер министрлерінің, сыртқы істер ведомстваларының, шет елдегі дипломатиялық өкілеттіктердің, халықаралық конференцияларға қатысушы делегациялардың мемлекеттің сыртқы саясатының мақсаты мен міндетін іске асыру, мемлекеттің және оның мекемелері мен азаматтарының шет елдегі құқы мен мүддесін қорғау тұрғысындағы ресми іс-әрекеті; халықаралық қақтығыстардың алдын алу немесе оларды реттеу, ымыраға келу мен өзара тиімді шешім жолдарын табу, сонымен бірге, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мен тереңдету мақсатындағы келіссөз жүргізу өнері.

Жаһандану дәуірінде дипломатияның адамзат қоғамы үшін атқаратын қызмет аясы да кеңейді. 1960-шы жылдары батыс елдерінде дипломатияның атқаратын қызметіне сәйкес оның жаңа түрлерін ресми түрде баспасөз беттерінде қолдана бастады. Оның ішінде тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша «азаматтық дипломатия» (citizen's diplomacy), «халықтық дипломатия» (people's diplomacy), «қоғамдық дипломатия» (public diplomacy) ұғымдары кеңінен қолданылуда. Посткеңестік мемлекеттерде бұл ұғымдар 1990-шы жылдардан бастап қолданысқа ие болды. Отандық ғылым саласында да осы кезден бастап қоғамдық дипломатия ұғымын білдіру мақсатында «қоғамдық дипломатия», «жария дипломатия», «мәдени дипломатия», «жария саясат» ұғымдары қолданыла бастады.

«Жұмсақ күш», «мәдени дипломатия», «стратегиялық коммуникация», «насихат» секілді концепциялық ұғымдар Қазақстанның қоғамдық дипломатиясын зеттеру кезінде баламалы дискурс ретінде зерттеушілер тұрғысынан жиі қолданылады.

Олай болса, осы ұғымдардың мәні мен өзіндік ерекшеліктерін анықтап көрейік. Қоғамдық дипломатияның түрлі концепцияларына талдау жасау бізге аталған ұғымның маңызды мазмұнды аспектілерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қоғамдық дипломатияны теориялық пайымдау АҚШ үкіметінде 1950 жылдың соңында 1960 жылдың басында басталды. Сол уақытта сыртқы мәдени саясат туралы немесе мәдени дипломатия туралы дискурс тарихшы-

ғалымдардың арасында белгілі болды. 1950 жылдың соңынан бастап тарихи ғылым тұрғысынан қоғамдық дипломатияның сыртқы саяси мақсат пен стратегиясына, тарих алғышарттарына зерттеу жүргізіледі. Зерттеушілер, әдеттегідей, «сыртқы мәдени саясат», «мәдени дипломатия», «халықтық дипломатия» секілді концепцияларды спорт, білім, мәдени салалардағы жобаларға талдау жасау үшін қолданады. Отандық және шетелдік бірқатар ғалымдардың пікірлері бойынша сыртқы мәдени саясат – бұл үкімет жүзеге асыратын, бірақ олар саяси міндеттермен және насихатпен байланыспаған іс-шара болып табылады.

«Қоғамдық дипломатия» термині алғаш рет АҚШ-та қолданыла бастады. Ғылыми теория мәселелері АҚШ ғалымдары мен саясаткерлері, журналистерінің мақалаларында көріне бастады. Сонымен XX ғасырдың әлемдік саясатының танымал көшбасшысы Америка қазіргі заманғы мағынада екі тұжырымдаманы «қоғамдық дипломатия» және «қоғамдық қатынастар» деп қарастырады. «Қоғамдық дипломатия» сөзі алғаш рет 1856 жылы «Лондон Таймс» -да қолданылды, содан кейін жетекші американдық басылымдар – «The New York Times», «The Washington Post», «The Christian Science Monitor» беттерінде пайда болды [50, б. 19-23]. «Қоғамдық қатынастар» терминін 1807 жылы Президент Томас Джефферсон алғаш рет қолданған, ал 1900 жылы Бостондағы алғашқы жариялау агенттігі пайда болды [51, б. 44].

«Қоғамдық дипломатия» терминінің қазіргі заманғы анықтамасын 1965 жылы бұрынғы кәсіби дипломат американдық Эдмунд Галлио ұсынды. Зерттеушілердің айтуынша, Галлио бұл «қоғамдық дипломатия» терминін «насихаттау» терминімен теңестіріп қарастырады. Ол қоғамдық дипломатияның мақсаты сыртқы саясаттың мемлекеттік проблемаларын дәстүрлі емес және бейресми құралдармен шешу, сондай-ақ, шет елдердің қоғамына тікелей әсер ететін кәсіби дипломатиялық құрылымдар мен арнайы қызметтерден басқа, бұл қоғам өз кезегінде өз үкіметтеріне әсер етуі деп көрсетті. Галлионың пікірінше, «қоғамдық дипломатия – үкіметтердің, компаниялардың, жеке тұлғалардың қатынастары және олардың өзге халықтардың пікірлеріне сол арқылы сыртқы саясатына ықпал ету» болып табылады. Демек, дипломатияның талабына немесе қажеттілігіне қарай шетелдік мемлекеттердің тек басшыларымен ғана емес, ол мемлекеттердің кез-келген азаматтарымен қарым-қатынас орнатуы.

АҚШ-тың қоғамдық дипломатия орталығының қызметкері Николас Куллдың айтуынша, Э. Галлион: «Қоғамдық дипломатия сыртқы саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру туралы қоғамдық пікірдің ықпалына байланысты. Ол дәстүрлі дипломатия көптеген халықаралық қатынастар салаларын қамтиды: басқа елдерде үкіметтің қоғамдық пікір құруы; әртүрлі жекелеген топтардың өзара әрекеттесуі және бір елдің екінші мүддесі; халықаралық қатынастар туралы ақпарат және оның саясатқа әсері; қатынастары (дипломаттар және шетел тілшілері), сондай-ақ мәдениетаралық қарым-қатынас процестері арасындағы қарым-қатынас» дегенді келтіреді.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басында АҚШ үкіметі шын мәнінде, «қоғамдық дипломатияны» агрессивті «насихаттау» терминімен бірге қарастырды [52].

Американдық саясаткер және әлеуметтанушы Гарольд Лассвель 1927 жылы жарияланған әлемдік соғысты насихаттау әдістемесі туралы кітабында американдық қоғамдық дипломатияның үлкен ықпал жасай алатыны атап өтеді. [53].

1928 жылы америкалық журналист Дж. Роско Друмонд «Баспасөз және қоғамдық дипломатия» атты эссесінде белгілі бір жағдайларда қоғамдық дипломатияны жүргізу барысында қауіп-қатердің болуы мүмкін екендігін айтады. Ол кейбір ақпарат тарату кезіндегі қателіктердің салдарынан ақпараттық соғыс туындаудың алдын алу үшін халықаралық қарым-қатынастарда бұқаралық ақпарат құралдарын жауапкершілікпен қарауға шақырады [54, б.20].

1930 жылдан бастап қоғамдық дипломатияға БАҚ-тың және түрлі коммуникациялық институттардың әсері өте тиімді екені айқындала бастады. Сөйтіп 1940 жылдары қоғамдық дипломатия әр түрлі салаларда, ең алдымен, мәдени алмасу саласында қарастырылды.

Шетелдік деректерден – «public diplomasy» - қоғамдық дипломатия деген терминді кездестіруге болады. Ресейлік дипломат Ю. Кашлев өзінің «Сан жүзді дипломатия: елшінің сыры» атты кітабында халықтық дипломатия мен қоғамдық дипломатияның ара жігін ашып көрсетіп, келесідей анықтама береді: «қоғамдық дипломатия – бұл шетелдік елдердің қоғамдастықтарында өз елінің имиджі мен саясатын насихаттау. Бұл міндет негізінен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылады» [55, б. 84]. Генри Хайд: «Қоғамдық дипломатия – өкіметтің өзі жүргізіп отырған сыртқы саясатын дүниежүзіне түсіндіруге және онымен әлем халықтарының жақынырақ танысуына бағытталған термин» - деп анықтайды. Америка мәдениетті халықаралық қатынастарда ұлттық мүдделерді насихаттау құралы ретінде қолданатын алғашқы елдердің бірі болды. Қоғамдық дипломатия атауына АҚШ мемлекеттік басқармасының сөздігінде үкімет қаржыландыратын жарияланым, киноөнімдер, мәдениет саласындағы алмасулар, радио және телехабарлар арқылы өзге мемлекет азаматтарын ақпараттандыруға, оларға ықпал етуге бағытталған бағдарламалар деп түсініктеме береді [56].

«Қоғамдық дипломатия» ұғымы америкалық саясаттанушы Джозеф Най қалыптастырған «жұмсақ күш» (Soft Power) тұжырымдамасымен де тығыз байланысты. Джозеф Най саяси іс-қимыл, мәдениет пен құндылықтарды кез-келген мемлекеттің жұмсақ билігінің үш қайнар көзі, ал қоғамдық дипломатия мемлекеттің сол арқылы өзі туралы айта алуының құралы ғана деп есептейді. Зерттеуші «жұмсақ күшті» қолданған ел көздеген мақсатына соғыссыз және ешбір мәжбүрсіз, сол елдің бейбіт тұрғындарының өз еркімен бірлесуі нәтижесінде қол жеткізу тәсілі ретінде анықтама береді. Сонымен бірге қатаң күш көрсетуге қарағанда «жұмсақ күштің» айырмашылығы ол өз мақсатына әлдеқайда тез және неғұрлым арзан жолмен қол жеткізе алады деп тұжырымдайды [57]. Джозеф Найдың пікірінше: «ақылды күш», «жұмсақ

күш» және «қатал күш» қазіргі дәуірдегі биліктің бітім-болмысын білдіреді. Аталған терминдер тиімді үйлестіре білген билік «ақылды билік» деп аталады. Мәселен, қазіргі кездегі халықаралық терроризммен күрес - бұл ақылды күшті жасау үшін күрес. Әлемді жойып жатқан терроризммен күресу арқылы жағымды пікір қалыптастыру. Осы тұрғыда әрбір ел үшін «қатал күшпен» әрекет жасау ешқандай табысқа жеткізбейді. Қоғамдық дипломатия «ақылды биліктің» арсеналындағы маңызды құрал болып табылады» [58].

Қазіргі кезде елге деген белгілі бір қатынасты қалыптастыратын мемлекеттік және мемлекеттік емес секторлардың іс-қимылдарының кешенін маркетинг саласынан брендинг терминімен атай бастады. Мұнда бизнес, іскерлік байланыстар үлкен рөл ойнайды. Халықаралық сахнада белгілі, ықпалды болғысы келетін кез-келген мемлекет өз елінің жағымды ұлттық брендтері мен имиджіне дұрыс назар аударуы қажет. Себебі бұлар ендігі жерде мемлекеттің қаржылық емес капиталына айналды. Елдің имиджі - бәсекелестіктегі артықшылығы, ал елдің брендингi - осы артықшылықты дамытудың және елдің болашаққа түзеген бағытын анықтаудың стратегиялық тәсілі болып табылады [59].

АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысының көмекшісі қызметін атқарған Гаррисон қоғамдық дипломатияны мүлдем басқаша арнада қарастырады: «Қоғамдық дипломатия - бұл халықаралық алмасу бағдарламалары мен мәдени іс-шаралар. Бұл өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың нығаюына әкеледі» [60]. Автордың пайымдауынша, бір-бірімізді түсіну мен құрметтеу арқылы әлемдік бейбітшіліктің берік іргетасын қалаймыз. Гаррисон тұжырымдамасы бойынша, қоғамдық дипломатия мен халықтық дипломатияның біртұтас ұғым ретінде қарастырылғанын көреміз.

Э.Мэрроу атындағы Қоғамдық дипломатия орталығының ең бірінші кітапшасында: «Қоғамдық дипломатия сыртқы саясаттың жүзеге асуының және қалыптасуының жалпы мақсатына әсер етеді. Ол халықаралық қатынастың басқа елде үкіметтің қоғамдық пікірін дамыту секілді дәстүрлі дипломатияның шеңберінен шыққан, жеке топтардың және бір елдің басқа көзқарасымен өзара әрекет ету, халықаралық қатынасты және оның мемлекет саясатына әсер етуін айқындау, коммуникациялық және мәдениаралық коммуникация үдерісімен байланысты салалармен өзара әрекет ету өлшемдерін қамтиды. Қоғамдық дипломатия үшін орталық мезет болып ұлт аралық ақпараттық және идеяның легі болып табылады», - деп айтылады [61].

Э. Галлион өзінің анықтамасында насихат сөзін жағымсыз мәні үшін ауыстырмақшы болды. «Насихат» сөзінің «қоғамдық дипломатиядан» айырмашылығын көрсететін болсақ, қоғамдық дипломатия фактілерді қарастырса, ал «насихат» фактілермен аралас жалған және алдау үйлесіміне негізделгенін көрсетеді.

Американдық сарапшы Р. Захарна қоғамдық дипломатияны стратегиялық қарым-қатынас тұрғысынан толық түсіндіреді. Ол алғаш рет қоғамдық дипломатияны диалогтық насихаттау құралы ретінде қарастыруды ұсынды. Насихаттың мұндай түрі саяси насихаттауды (АҚШ-та) таратқандармен және

оларды шетелдік қоғамда қабылдағандар арасында екі жақты байланыс орнатуды көздейді. Мұның дәстүрлі насихаттаудан айырмашылығы жаңа үгіт-насихаттық қоғамдық дипломатия бұл - өзара түсіністік (диалог), ақпарат беру және ықпал ету. Мұндай қоғамдық дипломатияның басты мақсаты – ақпаратпен қамтамасыз ету, басқа елдердегі сыртқы саяси міндеттерді орындау немесе мемлекеттің саяси имиджін жақсартуға бағытталған қысқа мерзімді саяси науқандар [62].

«Қоғамдық дипломатия» және «насихат» терминдері бір-бірінің айырмашылығына қарамастан, кәсіби әдебиеттерде бір мағынада жиі қолданылады. Эндрю Элиот көрсеткендей, қоғамдық дипломатия заманауи, халықаралық насихат үшін жұмсақ термин болып табылады [63]. Сондай-ақ, басқа да зерттеушілер «насихат – мақсатқа жету үшін қолданылатын саяси актордың бейтарап құралы» деген пікірді ұстанады [64].

«Насихат» терминін Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс жақ теріс қабылдады. Америка мемлекеттік өкілдерінің арасында «ұлттық насихат» және «коммунистік насихат» ұғымдары кең тарады. Бұнымен олар насихаттың америкалық қоғамдық дипломатиясымен ортақ байланысы жоқ екенін көрсеткілері келді. Бірақ 1963 жылы Э. Мэрроу АҚШ-тың қоғамдық дипломатиясын сипаттай отырып, америкалық дәстүрлер шыншыл болуды талап ететінін, шындық – ең жақсы насихат екенін көрсетті [65]. Осы себепті ол америкалық мемлекеттік қайраткерлерге салмақты және шыншыл болуды ұсынды. Дегенмен, америкалық қоғамдық дипломатияның шындыққа негізделгенін және насихатқа қарама-қайшы болып табылатынын көрсеткісі келген деген пікірді Америка мемлекеттік қайраткерлердің барлығы қолдай бермейтінін байқауға болады.

АҚШ-тың сыртқы саясатын талдай отырып, М. Холтсман келесі тұжырымға келеді: «АҚШ-тың қоғамдық дипломатиясы қоғамдық та емес және дипломатиялық та емес. Біріншіден, ел үшін елші болып америкалық қоғам емес, үкімет болып табылады. Екіншіден, Мемлекеттік Департамент қоғамдық дипломатияны диалог ретінде қарастырмайды, бір жақты практика ретінде қарайды» [66]. Дегенмен белгілі бір аудиторияда кез келген ақпараттың мақсатты түрде бағытталуын кең мағынада насихат деуге болады.

Сөздің тар мағынасында насихат сөз, ұран секілді таңбалардың көмегімен адамдардың пікірлерін және сенімдерін бұрмалау әрекетімен ұқсас келеді.

Насихат төңірегінде өткір талқылау АҚШ-тың ланкестікке қарсы соғыс кезінде қайта басталды. Бұл кезде ақпарат саласында шетелдік елдердің әрекетін сипаттау үшін насихат термині қоғамдық дипломатия терминімен бірге қолданылды. Елші Р. Олбрук «Washington Post» газетіндегі мақаласында: «Бұны қоғамдық дипломатия немесе қоғаммен байланыс немесе психологиялық соғыс деп атаңыз. Бірақ, егер тура қаласаңыз – бұл насихат», - деді [67]. Өз кезегінде Джорджтаун университетінің профессоры Дж. Браун насихаттың қоғамдық дипломатиядан маңызды айырмашылығын көрсетеді. Зерттеушілердің пікірі бойынша, насихат пен қоғамдық дипломатияның арасындағы негізгі айырмашылық егер бірінші жағдайда мақсатқа жету үшін

деректерді және шыншыл дәлелдерді қолданатын болса, екінші жағдайда бұрмаланған ақпаратты қолданады, - дейді [68].

В.Кононенконың пікірі бойынша, өзінің көзқарасын жеткізіп қана қоймай, сондай-ақ, аудиториямен сенімді қарым-қатынас жасау қоғамдық дипломатия үшін негізгі болып табылады. Ресей зерттеушісі: «қарсы жақты келісімге келуге мәжбүрлемеу керек (бұл қалай жасалады, мысалы, әскери жолмен немесе экономикалық қысым арқылы), керісінше, ынтымақтастық жолы арқылы екеніне сендіру жеткілікті», - деген пікір білдіреді [69].

Қоғамдық дипломатияның мазмұнына ақпараттық-түсіндіру жұмысы концептісі жақын келеді – қоғамның қызығушылығына орай ел туралы, оның мәдениеті, құндылық және саясат туралы ақпарат беру.

Жоғарыда келтірілген анықтамалардың негізінде зерттеушілер арасында «қоғамдық дипломатия» және «насихат» терминдерін анықтау бойынша келіспеушілік пен қарама-қайшы көзқарастардың бар екенін байқауға болады. Дегенмен, жүргізілген қысқа талдау бойынша қорытынды жасауға болады:

- Қоғамдық дипломатия мен насихаттың ұқсастығы екі жағдайда да мүдделі тарап нақты аудиторияға ақпаратты мақсатты түрде таратады.

- Қоғамдық дипломатия мен насихаттың мақсаттары әртүрлі. Насихаттың мақсаты өз жағына жасанды түрде қолдай отырып, ерушілерді көптеп тартады. Қоғамдық дипломатияның мақсаты сенім арқылы ұзақ мерзімді қатынас орнату. Қоғамдық дипломатия үшін жалған ақпарат таратуға жол берілмеуі тиіс, бұл қалыптасқан беделдің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

- Насихат тек бір ғана «шындығы» бар (ақпарат таратушы көзқарасы тұрғысынан) ақпараттың бір жақты легін көрсетеді. Насихат ақпаратты бұрмалауды, оппоненттің беделін түсіруді, жағымды бейнені өсіруді түспалдайды. Қоғамдық дипломатия, керісінше, қоғамдық сананы бұрмаламай, ақиқат ақпаратты тарату арқылы мақсатты аудиториямен белсенді және тиімді өзара әрекет етеді. Жалпы, насихат – бір жақты коммуникация, ал қоғамдық дипломатия – керісінше екенін айқындауға болады.

Демек, қоғамдық дипломатия ақпаратты мақсатты түрде тарату және пікірді қыстырмалау ғана емес, мемлекеттің имиджін құруға арналған бүтін бір іс-шара кешені. Бірақ қазіргі кезеңде қоғамдық дипломатия барлық жағдайда таза күйінде көрінбейді. Қоғамдық дипломатия мен насихаттың өзара байланысы теориядан мемлекеттердің практикалық қызметіне ауысады. Мемлекеттер өзінің саясатындағы қоғамдық дипломатиясында насихаттың элементтерін жиі қолданады.

Қоғамдық дипломатия өзінің ұстанымын тиімді сыртқы саяси құрал ретінде нығайтқанына қарамастан, орыс әдебиеттерінде «public diplomacy» терминінің көпшілік мақұлдаған аудармасы әлі жоқ. Көбінесе аталған терминнің екі түрлі аудармасы кездеседі: «қоғамдық дипломатия» және «көпшілік дипломатия». А.В. Долинский өзінің «Что такое общественная дипломатия и зачем она нужна России?» деген мақаласында бұл терминдерді шатастырудың қаупін көрсетеді. Ол: «Көпшілік дипломатияны «public diplomacy» ретінде түсіндіре отырып, орыс тілінде екінші мағынасы пайда

болды – көпшілік ұйым деңгейіндегі дипломатия пайда болды. Бұл қауіпті шатасуға әкелді: сарапшылар арасында «public diplomacy» - бұл үкіметтік емес ұйымдардың деңгейіндегі диалог қана. Public diplomacy шетелдік хабар таратудан бастап, білім жағынан алмасулар секілді қызметтің кең спектрлі бағытын жобалайды, - дейді» [70].

А.В. Торкунов «Наука о разумных отношениях» деген мақаласында көпшілік дипломатияны деп азаматтық қоғамның қазіргі әлемдік ахуалды және қазіргі халықаралық қатынасты құруға белсенді қатысуы деп көрсетеді [71].

Ағылшын тілді әдебиеттерде дипломатияны анықтау үшін ішкі деңгейде public affairs (қоғаммен байланыс) терминін қолданады. Дж. Мелиссеннің сөзі бойынша қоғамдық байланысқа қарағанда, қоғамдық дипломатия шетелдік қоғамға бағытталған [72]. Сонымен қатар, автор ішкі аудиторияға бағытталған ақпарат сыртқы аудиторияға да жиі жетеді, немесе керісінше болады дей отырып, жоғарыда көрсетілген екі ұғымның өзара байланысты екенін көрсетеді. К. Хеллер және Л. Перссон қоғамдық дипломатияны жұртшылық байланысынан бөліп қарайды. Олар үш негізгі параметрді ұсынады: негізгі міндет, мақсат және негізгі аудитория. Авторлардың пікірлері бойынша, егер жұртшылықпен байланыстың мақсаты халықты өкіметтің уәжімен және ішкі әрекеті туралы ақпарат беріп отырса, ал қоғамдық дипломатияның мақсатты аудиториясы шетелдік қоғам және көшбасшылары болып табылады [73]. Келтірілген мысалдарды қорытындылай отырып, қоғамдық дипломатия мен көпшілік дипломатияның арасындағы байланыс болуына қарамастан – әртүрлі ұғымдар. Олар ұқсас құралдарды және технологияларды қолданады, бірақ олардың әрекеттері түрлі мақсатты аудиторияларға бағытталған. Қоғамдық дипломатияны аса кең ұғымда, ал көпшілік дипломатияны оның бір бағыты ретінде қарастыруға болады.

Қоғамдық дипломатияны зерттеуде А. Грамшидің мәдени-идеологиялық гегемония теориясына сүйенуге болады [74]. Италия философы 1929 жылы үстем тап өзінің билігін күштеу арқылы жүргізбейді, сонымен қатар келісіммен жүргізеді деген тезисін ұсынды. Автор гегемонияны сипаттай отырып, үстем тап билігін қолдау үшін ұқсас гегемонияны қалыптастырудағы мәдениетке, дәстүрге үлкен көңіл бөлді.

Қоғамдық дипломатияны зерттеу қоғамдық пікір, әлеуметтік психология, саяси коммуникация және т.б. салалардағы зерттеулерді де қамтиды. Саяси коммуникацияны зерттеуде Ю. Хабермастың коммуникативтік әрекет теориясы негізгі орын алады. Көрнекті ғалым өзінің жұмысында қоғамдық дипломатияны зерттеудің берік негізін жасады. Ю. Хабермастың жұмысының негізі басқарудағы кеңес және құралдық дискурс және сондай-ақ, саяси еркіндікті қалыптастыру болып табылады [75].

«Суық соғыс» кезеңінде қоғамдық дипломатия тақырыбы бойынша академиялық (ғылыми) жұмысты ең бірінші болып Г. Фишер жазды. Ол ғалымдардың абстрактілі жұмыстары мен практиктердің қажеттіліктері арасындағы алшақтыққа көңіл аударды [76]. Автор өзінің жұмысында ойлауды

түсінуге және халықаралық қатынас мәдениетіне көңіл бөле отырып, бұл алшақтықты жеңуге тырысты.

Ғылыми зерттеулерде қоғамдық дипломатиядан бөлек «мәдени дипломатия» және «сыртқы мәдени саясат» секілді терминдер қолданылады. Бұл үш ұғымның арасында өзара тығыз байланыс бар.

Ғалымдар арасында «мәдени дипломатия» және «сыртқы мәдени саясат» ұғымдары айналасында жиі пікірталастар орын алады. Кеңес Одағының мәдени дипломатия бойынша маманы А.В. Голубев бұл екі ұғымды ұқсас деп есептейді. Автор мәдени дипломатияны мемлекеттің қоғамдық, мәдени және ғылыми байланыстарды өздерінің идеологиялық, саяси, сонымен қатар, экономикалық мақсаттарына жету үшін қолдану ретінде қарастырады [77].

Н.М. Боголюбова және Ю.В. Николаева мәдени дипломатия елдің сыртқы мәдени саясатының жалғасы болып табылады, егер мәдени дипломатияны жүзеге асыруда мәдениет саласындағы дипломаттар қатысса, ал сыртқы мәдени саясатқа түрлі министрлер мен мекемелер қатысады. Осы жерден қорытынды шығаруға болады, мәдени дипломатияға қарағанда сыртқы мәдени саясат, яғни, шараларды қамти отырып, мемлекет өзінің ұлттық мүдделерін және жағымды мемлекеттік имиджді құру үшін қызметтің кең саласын қарастырады. Мәдени дипломатия – тар шеңберлі, мәдениет саласындағы тиімді іс-шаралармен қамтамасыз етуге бағытталған қызмет болып табылады.

Қазіргі кезде мемлекет «қоғамдық дипломатия», «мәдени дипломатия» және «сыртқы мәдени саясат» терминдерін жиі қолданады. Қоғамдық дипломатия «мәдени дипломатия» және «сыртқы мәдени саясатпен» салыстырғанда саясаттанған ұғым болып табылады.

Милтонның анықтамасына сәйкес мәдени дипломатия - бұл «идеямен, ақпаратпен, өнермен және басқа да мәдениеттің басқа аспектілері бойынша өзара түсіністік мақсатындағы мемлекеттер мен халық арасындағы алмасу». [78, б.1] . Мәдени дипломатия қоғамдық дипломатияның бір бөлігі болып табылады.

Г. Сзонди мәдени дипломатияны қоғамдық қатынас тұрғысынан қарастырады. Ол мәдени дипломатияны қоғамдық дипломатияның бір бөлігі ретінде қарастырмайды. Мәдени дипломатияның қызметі «орын» брендин, ел брендин, қабылдау брендин және қоғамдық дипломатияның брендин құруға бағытталған деп қарастырады [79]. Автордың пікірі бойынша мәдени дипломатия үшін негізгі өзара қызмет үшін қоғам арасындағы ынтымақтастық және өзара түсіністік орнату болып табылады. Автор жоғарыда көрсетілген зерттеушілердің көзқарастарын зерттей отырып, мынадай қорытынды шығарады: қоғамдық дипломатия терминін халықаралық аренадағы орнын нығайтуға, өз елінің имиджін жақсартуға бағытталған ақпарат, мәдениет, білім, спорт салаларында әлемдік саясаттағы елдің қызметін сипаттау үшін негізгі, кең ұғым ретінде қолдануға болады.

Қазіргі әлемде әскери күші, саяси ықпалы жоғары елдер «жұмсақ күш» терминін ауызша айтып қана қоймай, оған қолданбалы сипат беруге ұмтылады және белгілі бір дәрежеде нәтижелерге қол жеткізу үстінде деуге болады.

Себебі халықаралық сахнадағы мемлекеттің «жұмсақ күші» қоғамдағы жеке адамның абыройына тең, яғни бедел мен тартымдылық арқылы жеке адамның шешімі қоғамда салмаққа ие болса, жұмсақ күш арқылы халықаралық қауымдастықта өзін насихаттаған елдің де даулы мәселелердегі ролі басым.

Халықаралық қатынастар теориясына «жұмсақ күш» терминін алғаш рет енгізген қазіргі америкалық неолибералистік мектеп өкілі Гарвард университетінің Дж. Кеннеди атындағы Басқару мектебінің деканы Джозеф Най. 1990 жылы жарық көрген «Жетекшілікке шақыру: америкалық күштің құбылмалы табиғаты (Bound to Lead: the Changing Nature of American Power)» еңбегінде «жұмсақ күш» (soft power) ұғымын енгізіп, анықтама береді.

2003 жылғы АҚШ-тың Иракқа әскер енгізуінен кейін жарық көрген «Жұмсақ күш. Әлемдік саясатта табысқа қалай жетуге болады (Soft Power: The Means to Success in World Politics)» атты еңбегінде «жұмсақ күш» (soft power) ұғымын әрі қарай дамытып, жетілдіре түсті. Джозеф Найдың пікірі бойынша, «жұмсақ күш» - қалағанына мәжбүрлеу арқылы емес, тартымдылықпен, қызықтыра отырып қол жеткізу қабілеті, яғни билік материалдық, күштік ресурстарға емес, идеялардың тартымдылығына, мәдениет, идеология, үкіметтік емес институттарға халықаралық қатынастарда барынша назар аударуы қажет екен. Ықпал етудің «жұмсақ күші» сәйкесінше, әдетте, әскери күш-қуат және экономикалық әлеует сияқты материалдық ресурстармен байланысты «қатал күшке» қарама-қарсы ұғым болып табылады, бірақ екеуінің де міндеті халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде басқа акторлардың мінез-құлқына ықпал ету арқылы алға қойылған мақсатқа қол жеткізу. «Жұмсақ күш» пен «қатал күш» арасындағы қарама-қарсылық сипат олардың тарапынан қолданылатын құралдарда. «Қатал күш» өз еркін басқаларға күшпен тану, еріксіз мәжбүрлеу арқылы (экономикалық ресурс немесе күш қолдану қаупі) мақсатына қол жеткізетін болса, «жұмсақ күш» сыртқы саяси акцияларды келісу арқылы және ынтымақтастыққа қызықтыра отырып тарту арқылы алға қойылған мақсаттарын жүзеге асырады. «Жұмсақ күштің» мемлекет саясатына, елдің үкіметіне тәуелділігі төмен, ал «қатал күш» саяси билікке тікелей тәуелді.

Сондай-ақ, Джозеф Найдың пікірінше, «жұмсақ күш» әлеуетін көтеру арқылы оның тиімділігін арттыруға болады, «қоғамдық дипломатия» «жұмсақ күш» тұжырымын іске асырудың ең тиімді формалары болып табылады. Қоғамдық дипломатияны жүзеге асыруда ақпараттық ресурстар және ақпарат ағынына бақылау жасау негізгі рөл атқарады. Джозеф Най кез келген мемлекеттің жұмсақ күшінің үш бастауын атайды: оның іс-әрекеттері, мәдениеті және құндылықтары. Қоғамдық дипломатияның үш өлшемі бар. Біріншісі – мемлекеттің сыртқы саяси акцияларын күнделікті, бағытталған түрде жариялап отыру; екіншісі - «стратегиялық байланыс», яғни мемлекет үшін маңызды тақырыптарды талқылау; үшіншісі – шетелдік аудиториямен түрлі ғылыми стипендиялар мен гранттар арқылы, айырбас бағдарламалары арқылы тікелей байланысты дамыту, осындай бағдарламалар арқылы шетелдік азаматтар белгілі бір мемлекетпен танысуға мүмкіндік алады [80].

Зерттеушілер қоғамдық дипломатияның әлсіреуінің әртүрлі кезеңдерін қарастыра келе, 1962-1979 жылдардағы «ағымды» ескіру деп айтады. Белгілі бір тарихи кезеңге сәйкес американдық «қоғамдық дипломатия» оның агрессиялық дәрежесін және қолданылатын «насихаттың» дәрежесін өзгертті. Көріп отырғанымыздай, 1940 және 1950 жылдары, қырғи-қабақ соғыс кезеңінің алғашқы уақытында Америка әлемдегі қоғамдық дипломатияның агрессивті үлгісін қалдырып, қатал насихатқа қол жеткізеді. Уолтер Липман 1953 жылы «қоғамдық дипломатия, насихат және психологиялық соғыс практикасы халықаралық қатынастар үшін жазаға айналды» деп жазады [81, б. 20]. Кулл «қоғамдық дипломатия» және «насихаттау» терминдері іс жүзінде синонимдер ретінде қолданылады. Дегенмен, болашақта «алға басу» кезеңінде қоғамдық дипломатияны насихаттаудың бөлісудің қоғамдық үрдісі бар дегенді келтіреді.

1965 жылы Э. Галлион «қоғамдық дипломатияны» «насихаттау» терминінен бөлек қарауды ұсынады. Қоғамдық дипломатияның технологияларына қоғамдық қатынас құралдары енгізіледі.

АҚШ ақпараттық агенттігінің директоры, Джозеф Даффи: «Қоғамдық дипломатия туралы бірнеше сөз айтайын. Бұл қоғамдық қатынастар емес. Бұл үкімет арасындағы қарым-қатынастан жоғары болу, бұл - адамдар арасындағы қарым-қатынас, бүкіл әлемнің Американы дұрыс қабылдауына бағытталған ұзақ қарым-қатынас» дегенді келтіреді» [82, б. 5].

АҚШ Мемлекеттік департаменті, Джарольд Килсон: «Қоғамдық дипломатия мен қоғамдық қатынастар арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Қоғаммен байланыс жөніндегі іс-шаралар баспасөз хабарламаларын шығаруды және дағдарысқа жауап ретінде АҚШ Парламентінің әрекеті туралы коммуникациялық науқандарды өткізуге бағытталған. Қоғамдық дипломатияның күші аудиториямен ұзақ мерзімді оң қарым-қатынастарға бағытталған және насихатпен ешқандай байланысы жоқ.

Қоғамдық дипломатияның осы тарихи сәтте қоғамдық қатынастар құралдарын қолдануда саяси тұрғыдан қателеспеген, әсіресе көптеген зерттеушілер қоғамдық қатынастардың бұл түрін насихаттау деп қарастырған.

XX ғасырдың 60-70-жылдарындағы қоғамдық дипломатия біртіндеп жетекші мемлекеттер идеология мен мәдениетті тарату үшін қолданылатын маңызды құрал ретінде қалыптасты. Ал «қырғи-қабақ соғыстан» кейін қоғамдық дипломатия қарқынды тарала бастады. Ірі мемлекеттер ғана емес, сондай-ақ орта және шағын елдер де сыртқы саясат стратегиясында қоғамдық дипломатияны қолдануға кірісті.

Бұл жаңа саяси дүниетанымдық үрдістер қоғамның халықаралық қарым-қатынас құралдарына ену үшін жаңа халықаралық қоғамдық үрдіс пайда болды. Қоғамдық дипломатия халықаралық қоғамдастықта PR құралдарын қолдануға кіріскен жаңа әріптестердің белсенділігінің арқасында көп танымал болды. Осы себепті 1980 жылдары қоғамдық дипломатия мен PR арасындағы қатынас туралы мәселе көтерілді. Зерттеу парадигмасы өзгерді. Көптеген ғалымдар осы пәндердің ұқсастығын, олардың өзара қарым-қатынас жасау, өзара әрекеттесу және өзара байыту қабілетін байқай бастады.

«Қоғамдық дипломатия» мен «қоғамдық қатынастардың» жақындығына назар аударған алғашқы зерттеушілердің бірі неміс ғалымы Ханс Юрген Кошвиц болды. 1986 жылы ол «қоғамдық қатынастардың аспектісі қоғамдық дипломатияның теориясы мен тәжірибесіне көп мән береді» деп мәлімдеді [83, б. 146]. Кейіннен Бенно Цигцицер және Тимоти Комбс қоғамдық дипломатия мен PR-дің «зияткерлік конвергенциясы» туралы айтып, осы екі пәннің міндеттері қиылысу екендігін атап өтті.

1996 жылы Джеки Летанг халықаралық қатынастар аясында қоғамдық қатынастардың нақты бағытын қоғамдық дипломатия деп атады. Қоғамдық дипломатиядағы PR құралдарын пайдалану туралы былай деп жазады: «Қоғамдық қатынастар халықаралық қарым-қатынастармен бірге қарастырылуы керек ... өйткені қоғамдық қатынастар қызметі дипломатиялық үдерісте жиі қолданылады» [84, б. 33].

2003 жылы зерттеуші С. Анхолт қоғамдық қатынастардың «ізін» дәл көрсететін қоғамдық дипломатияға анықтама береді: «Қоғамдық дипломатия дәстүрлі дипломатиядан бөлек бірқатар халықаралық қатынастарды қамтиды; басқа елдердегі қоғамдық пікірді елдердің үкіметтері қалыптастырады; жеке топтардың өзара қарым-қатынасы және басқа елдермен бір елдің мүдделері; сыртқы істер бойынша есеп береді және қарым-қатынастар мен мәдениетаралық қарым-қатынас процесі кіретін адамдар арасындағы қарым-қатынас саясатына ықпалы болады» [85, б. 123].

2006 жылы зерттеушілер қоғамдық дипломатияны «мемлекеттің стратегиялық байланыс функциясы» ретінде анықтайды, бұл қолданылған құралдардың ұқсастығы мен көрермендердің күтулерінің ұқсастығын көрсетеді. Зерттеушілер қоғамдық дипломатия мен қоғамдық қатынастар «табиғи біріктіру» процесінде болғандықтан, олар функционалдық тұрғыдан бірдей деп пікір білдіреді [86, б.436]. Осылайша, зерттеудің қазіргі векторы қоғамдық дипломатия мен қоғамдық қатынастардың конвергенциясы дәрежесі мен сапасы туралы пікірталас тудырады. Дегенмен, бәрі де PR құралдарын қоғамдық дипломатия белсенді түрде пайдаланылатынымен келіседі.

XX ғасырдың 60-70-жылдарында қоғамдық дипломатия біртіндеп жетекші мемлекеттердің идеология мен мәдениетті тарату үшін қолданылатын маңызды құрал ретінде қалыптасты. «Қырғи - қабақ соғыстан» кейін қоғамдық дипломатияны тарату үшін қосымша жұмыстар жүзеге асты. Осыдан кейін ірі мемлекеттер ғана емес, сондай-ақ орта және шағын елдер де сыртқы саясат стратегиясында қоғамдық дипломатияны қолданады. Жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін әрбір ел осы саладағы коммерциялық емес ұйымдар, қорлар, мәдени ассоциациялар тиісті заңдар мен нормативтік актілер әзірледі.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың 90-жылдарынан бері қарай халықаралық қоғамдастықтағы ақпараттық жүйе жаңа бағытқа көшті. Жаңа жағдайда мемлекет қоғамдық дипломатия саласына көбірек көңіл бөлді, оның мазмұны мен формалары айтарлықтай өзгерді. Бүгінгі күні жетекші батыс державалары (АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция, Испания және т.б.) қоғамдық

дипломатия үшін өз стратегияларын құрып жатыр. Олардың қатарына Орталық Азия елдері де ене бастады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде халықаралық қарым-қатынастарда өзара ынтымақтастық пен әріптестікті дамытудың мүмкіндіктерінің артуымен қатар, қауіп-қатердің жаңа түрлері де белең алуда. Оның ішінде атап өтетін болсақ, халықаралық терроризм, діни қарама-қайшылықтар, әскери қақтығыстар, сепаратизм және ноофашизм сияқты адамзат баласының бейбіт өміріне қауіп төндіретін қатерлер әлемнің түкпір-түкпірінде көрініс беріп, бой көтеруде. Осыған байланысты халықаралық қатынастар саласында гуманитарлық тұрғыдағы мәселелер де ұлғайып келеді. Сондықтан, қазіргі қоғамдық дипломатия аясында халықаралық қатынастардағы адам құқығы, әлеуметтік теңдік пен әділеттілік, демократия мен адамзаттың мәдени және рухани құндылықтарды қорғау және оның ортақтығы, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылатын өз елінің имиджі мен саясатын насихаттау сияқты гуманитарлық мәселелерге жаңаша тұрғыдан қарау бүгінгі күннің талабы.

Қоғамдық дипломатия туралы қазақ ғалымдарының еңбектерінде де бірнеше жылдардан бері тек өз зерттеу жұмыстарының нысанына байланысты сөз болып келеді. Бұл зерттеулерде қоғамдық дипломатия мәнін Қазақстан мемлекетінің халықаралық ұстанымын нығайту мақсатында, ресми дипломатияға қосымша ретінде тұжырымдамасын ұлттық контексте, сонымен қатар шетелдік тәжірибені талдай отырып қарастырады. Қазақстандық зерттеушілер қоғамдық және мемлекеттік дипломатия синоним ретінде қарастырады.

Қоғамдық дипломатияны БАҚ, бизнес, ғылым және білім, мәдениет пен өнер саласындағы дипломаттар өкілдері, үкіметтік емес ұйымдардың басшылары пікірлерін іске асыруға қатысатын құрал деп көрсетеді. «Мұндай үкіметтік емес ұйымдар мен бірлестіктер, әлеуметтік және саяси іс-қимыл ретінде қарастырылады», оның ішінде әлемдік саясатта негізгі қатысушылардың бірі ретінде қоғамдық дипломатия саласын айтады.

Қоғамдық дипломатияның артықшылығы ретінде оның «ұлттық мүдделерге және серіктестердің мүдделеріне қарай икемді болуы» деп аталады. Қазақстан қоғамдық дипломатиясының институционалдық негіздері бел анықтала қойған жоқ. Бұл мәселе ұлттық брендинг маркетинг идеясын насихаттайтын мамандарға қатысты. Қоғамдық дипломатия бүгінгі таңда мемлекеттің жағымды халықаралық беделінің, елдің оң маркасының болуы ел ішінде де, шетелде де имидждік компоненттің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның қоғамдық дипломатиясы елдегі, әлемдік жүйедегі ұстанымды нығайту, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жетістіктерге қол жеткізу құралы ретінде сыртқы саяси мәселелерді шешуге көмектесетін нақты құрал ретінде ролін күшейтіп, заманауи мемлекетаралық қарым-қатынастарда кең қолданылатын құрал болып табылады. Қазақстанның қоғамдық дипломатиясы ресми дипломатияның логикалық жалғасы деуге болады. Оның басты мақсаты - көршілес мемлекеттің тұрғындарымен

«тұтынушы» елінің мүддесі үшін қоғамдық мүдделерді қалыптастыру, ұзақ мерзімді оң қарым-қатынас үшін мүдделі мемлекеттердің сыртқы саясатына әсер ету болып табылады, ол өз азаматтарының өміріне, мемлекеттің сыртқы және ішкі әл-ауқатына және сапасына әсер етеді. Сыртқы аудиторияның көңіл-күйі мен пікірлерін білу үкіметке ұзақ мерзімді де, қысқа мерзімді де тиімді, сонымен бірге тиімді сыртқы саясат бағытын дамытуға мүмкіндік береді.

1.2 Қазақ қоғамындағы дипломатияның тарихи эволюциясы

Дипломатия деп мемлекет пен үкіметтің шетелдермен сыртқы саясатын айтады. Бұл салада олардың басшылары және сыртқы істер органдары іс-әрекеттер жасайды. Дипломатияны қолдану, оның формалары мен әдіс-тәсілдерінің анықталу тарихының тамыры көне дәуірлерден басталады. Ол сонау мемлекеттердің пайда болуынан басталады. Өйткені әрбір пайда болған мемлекет жеке дара өмір сүрген жоқ, олар қандай да бір басқа мемлекеттермен белгілі бір дәрежеде байланыста болды. Олар белгілі бір мемлекеттер жүйесі кеңістігінде өмір сүрді. Әр мемлекет өзінің ішкі мәселелерін шешумен қатар, өздерінің сыртқы байланысқа түсу мәселелерін және сол салада өз бағыт-бағдарын анықтап, оны іске асыру жолдарын іздеумен де айналысты. Осыдан елдің игілігі де, кемшілігі де оның көрші елдермен қарым-қатынасына тәуелді деген дипломатияның заңдылығы келіп шығады. Басқа мемлекеттермен байланысын, қарым-қатынасын реттеп отыру дәл осы саланың құзырында болады. Осылайша, дипломатия дүниеге келіп, оның ролі арта түседі.

Дипломатия – жалпы адамзаттың әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси болмысының, қоғамның сыртқы халықаралық қатынас индустриясы өндірісінің нәтижесі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев дипломатиялық істі бағалай келіп: «...дипломаттың миссиясы құрметті де, жауапты. Елші мемлекет атынан сөйлейді, ол ұлттық мүдделерді қорғайды. Елші болу – дипломат қызметінің шырқау шыңы және айрықша жауапкершілік. Елші ең жоғарғы өлшемдерге сәйкес болуы тиіс...», - деп көрсетеді [87].

Дипломатияға мемлекетаралық байланыс, халықаралық ынтымақтастықты орнату, бейбітшілікті сақтау, мемлекет аралық жанжалды болдырмау мақсатында жүргізілетін келіссөздер, халықаралық конференциялар жұмысы жатады.

Дала дипломатиясының өзіндік ерекшелігі болғанын сонау ежелгі сақ, ғұн, үйсін, қаңлылардан бастау алып, мемлекеттіліктің беріктігі мен тұтастығын сақтаған Томирис, Зарина, Мөде шаньюі мен үйсін билеушілерінің көрші жатқан елдер мен басқыншы жауларымен мәмілеге келіп, дипломатиялық келіссөздер жүргізгенінен көруімізге болады. Сол заманда Ахеменидтердің күшті державасына тойтарыс беріп, Қытайларды қорқытып, сонау Ұлы қытай қорғанын салуға итермелеген көшпелі халық тек қана әскери күшімен ғана емес, саяси көрегендігі мен дипломатиялық шеберліктерінің арқасында осындай дәрежеге жетті. Түркі дәуірінде қалыптасқан өзіндік дәстүрімен ерекшеленген дала дипломатиясы Византия, Иран, Соғды, Қытай және т.б.

елдермен қарым-қатынас тарихында жоғары дәрежеде дамыды. Сол дәстүрді берік ұстанған біздің ата-бабаларымыз ұлттық мемлекеттілігіміздің жаңғырып, Қазақ хандығы құрылған кезеңде жаңа мақсаттарға сай, көрші елдермен байланыстың жаңа сапалы сатысына көшкендігімен ерекшеленеді.

Көшпелілер әлеміндегі дәстүрлі қазақ қоғамында Қазақ елінің бүтіндігі мен тұтастығын сақтау үшін келіссөз жасау арқылы ымыраға, мәмілеге келу секілді дипломатиялық іс-әрекеттер орын алып отырғанын тарихтан көруге болады. Отандық дипломатия тарихы тереңде жатыр, оның бастауы қазақ хандығының құрылуынан басталады.

XV-XVII ғғ. алғашқы қазақтар туралы орыс және Еуропа әдебиеттеріндегі мәліметтердің кең таралуы, қазақтардың әлсіздігінен емес, керісінше күшейіп, нығайып, көрші елдерге қауіп тудыруымен және мемлекеттік тұтастығын берік ұстаған мықты билеушілердің сыртқы саясатының оң нәтижелерге қол жеткізуіне байланысты болды. Оны Данил Губин, елші Сигизмунд Герберштейн, италияндық Павел Иови Новокамский, орыс елшілері Семен Мальцов, Третьяк Чебуков, Борис Доможиров, Вельямин Степанов, ноғай мырзасы Юсуф, ағылшын көпесі Антони Дженкинсонның қазақтар туралы берген мәліметтерінен көруге болады. Сонымен қатар XVIII-XIX ғасырлардағы зерттеушілері - П.И. Рычков П.С. Паллас, И. Фальк, Н.П. Рычков, К. Миллердің тарихи еңбектері, В.В. Вельяминов-Зернов, А.И. Левшин, В.В. Бартольдтің тарихи еңбектерінде төңкеріске дейінгі көшпелі қазақтардың тарихына деген қызығушылықтың жоғары дәрежеде болғанын байқаймыз.

Қазақ хандығының халықаралық байланыстарын зерттеу мәселесі кеңестік тарихнамада өте маңызды орындарды иеленді. Әсіресе, қазақ билеушілерінің сыртқы саясаттағы қызметін ортағасырлық қытай, араб, парсы, түркі-шағатай тілдеріндегі деректер негізінде қарастыру дәстүрі орныға бастады. Олардың ішінде А.П. Чулошников, Г.Е. Грум-Гржимайло, С.Д. Асфендияров, В. Лебедев, М.П. Вяткиннің еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Сондай-ақ, зерттеуші А. Сабырханов, В.Я. Басин, Р.Б. Сүлейменов, Е. Бекмаханов, Н.Г. Аполлова, С.Е. Толыбеков, С.З. Зиманов, В.А. Моисеев, И.Я. Златкиннің еңбектерінде қазақтардың көрші елдермен байланысы, дипломатиялық қатынастарының саяси-құқықтық және сауда-экономикалық, халықаралық қатынастар мәселелері аясында біршама қарастырылған.

Дала дипломатиясы мен халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақ мемлекеттілігінің ролін ғылыми тұрғыда зерделеген В.П. Юдин, К.А. Пищулина, М.Қ. Әбусейтова, Т.И. Сұлтанов, А. Исиннің еңбектерінде қазақ билеушілерінің дипломатиялық миссиялары, көрші жатқан Сібір хандығы, Ноғай ордасы, Моғолстан мемлекеті, Орталық Азиядағы Темір әулеті, Шайбанилер әулеті, Аштарханилер әулеті, орыс, қалмақтармен қарым-қатынастарының кейбір қырлары егжей-тегжейлі қарастырылған.

Тәуелсіздігімізді алған тұста дәстүрлі дала дипломатиясын тарихи тұлғалардың ішкі және сыртқы саясатының негізінде зерделеу, әр ханның тұсындағы сыртқы саясатты талдау, елшіліктер мен әскери қақтығыстар, дипломатиялық байланыстарды тарихшы ғалымдар М.Қ. Қозыбаев,

Х. Әбжанов, Т.О. Омарбеков, К.Л. Есмағамбетов, Ж.Қ. Қасымбаев, К. Мамырұлы, Б.Кәрібаев, А.М. Әбділдабекова, С.А. Едильханова, Ж.Е. Жаппасов және т.б. зерттеу еңбектерінде қарастырылған.

XVI-XVIII ғасыр Қазақстан тарихында негізгі кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл қазақ мемлекеттілігінің күшеюі мен нығаю кезеңі. Ғасыр басында Қазақ хандығы көрші елдермен тығыз байланыстар орнатып, әскери-саяси, сауда-экономикалық, рухани-мәдени салада белсенділік көрсетті. Қазақ хандығының нығаюы және оның күшеюі мемлекеттің беделін арттырып, сыртқы саясат пен дипломатиялық қарым-қатынас саласында белгілі табыстарға қол жеткізді. Қазақ елі өз кезегінде өмір сүрген Орта Азия хандықтарымен, Еділ бойындағы елдермен, батыс Сібір хандығы мен орыс мемлекетімен саяси, сауда-саттық және дипломатиялық қарым-қатынастар орнатты.

Қазақ дипломатиясының тарихы тым әріде жатыр. Берісі Абылай хан, арысы Қазақ Ордасын құрған хандар дәуірінде де қазақтың өз дипломатиясы болды. Қазақ халқы қазақ атымен мемлекет болғалы көрші елдермен қарым-қатынас орнатты. Сонау XV ғасырдың ортасында құрылған қазақ хандығының бастауы Жәнібек пен Керей хандардан бастап, Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Жәңгір хан, Әз-Тәуке хан, Абылай хан, Әбілқайыр хан сияқты көрнекті тұлғалардың елді бірлікте, ынтымақта ұстай отырып, сыртқы саясатта көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарға қол жеткізу үшін қолайлы сыртқы жағдайларды туғыза білуден де байқалды.

XVI ғасырдағы Қазақ хандығының тарихында ерекше орын алатын бірнеше хандар болды. Олардың тарихи ролі әрбір хан тұсындағы хандықтың саяси-экономикалық және әскери жағдайымен бағаланады. Қасым ханның XVI ғасыр басындағы тарихи ролі неден көрінді десек, ең алдымен, Қазақ хандығының территориясы жағынан кеңеюімен, мемлекеттілік жағынан нығаюымен, халық санының өсуімен, қазақ деген халықтың және мемлекеттің атын алыс-жақын елдерге паш етумен көрінді дейміз.

Қазақ халқының арғы тарихын сараптайтын болсақ, дипломатия ұғымы елдің қоғамдық-саяси санасында көнеден қалыптасқан ұғым болып табылады. Кең байтақ даламызда сыртқы күштердің жағымсыз ықпалынан қорғану дипломатиялық іс-әрекеттің тереңде жатқанын көрсетеді. Қазақ хандығы өз заманында Моғол, Шағатай, Шейбан, Иран, Қытай, Ресей сынды елдермен байланыста болғаны тарихи деректерде анық көрсетілген.

Зерттеуші ғалым Ж. Жаппасовтың пайымдауы бойынша, Қазақ хандығы алғаш достық қарым-қатынас орнатқан мемлекет Моғолстан болатын. Бұл достық одақ 1468 жылы Шығыс Дешті Қыпшақтың билеушісі Әбілхайыр ханның Жетісуға, ойраттардың (қалмақтардың) Моғолстанға шабуыл жасауына байланысты құрылды [88].

Мұхаммед Хайдар Дулати қазақтар мен моғолдар арасындағы «достық және бейбіт қатынастар» Есен-Бұға ханның кезінен басталып, Абд ар-Рашид хан билік ете бастаған уақытқа дейін жасалынды [89].

Қазақ хандығын Қасым ханның мықты қолбасшысы, мемлекетті өз қолында ұстай білген, көрші мемлекеттермен сыртқы саясатта дипломатиялық шеберлігі арқасында жағдайды өз елінің пайдасына шеше білген күшті тарихи тұлға екендігінде дау жоқ деп айта аламыз.

Қасым хан тұсында Мауреннахрмен саяси қарым-қатынасының жемісті болуы, оның оңтүстік және оңтүстік-шығыс бағыттарында территориясын кеңейтіп қоймай, сонымен бірге батыста да саяси қарым-қатынастар жүргізуге мүмкіндіктер береді. Қазақ хандығының құрамында Еділге дейінгі жерлердің қосылуы қазақ тайпаларының этникалық территориясын біріктіруде өзінше бір кезең болса, Мәскеу үшін ол қауіпті бола бастайды. Күшейген Қазақ хандығы туралы мәліметтер батыс Еуропа елдеріне де жетеді.

Қасым хан тұсындағы сыртқы саясат Ресей мемлекетімен дипломатиялық байланыс орнатумен тарихта қалды. Бұл кезеңде Қазақ хандығымен дипломатиялық байланыстар жасаған князь III Василий (1505-1533) басқарған Мәскеу мемлекеті болды. XVI ғ. басында, яғни Қасым ханның тұсында қазақ-орыс байланыстарының орнағанын көрсететін нақты жүгінетін дерек болмағанымен, көптеген зерттеушілер осыны растайды. Оның дәлелі ретінде патша мұрағатында сақталған 1575-1584 жж. тізімдемеде 38-ші жәшікте «Қасым-патша тұсындағы қазақ кітаптары мен тізімдері» сақталғаны туралы жазылған мәлімет бар [90]. Шын мәнінде Қазақ хандығы Қасым ханның (1480-1521 жж.) тұсында саяси жағынан нығайып, территориясы ұлғайып, Еуропа елдеріне қауіп төндіретіндей жағдайда болатын. Қасым ханның 1510-1521 жылдар аралығында билік жүргізгенін ескеретін болсақ, онда бұл аталған 38-ші жәшікте XV-XVI ғғ. қазақ халқына, екі ел арасындағы байланыстарға қатысты құжаттар сақталған.

XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ хандығын күшейтіп, қазақ халқының атауын алыс-жақын елдерге таратқан Қасым хан есімі қазақ халқының есінде. Жарты мың жылдардан бері сақталып келе жатыр. “Қасым ханның қасқа жолы”, - деп аталатын заңдары бізге жетпесе де, болғандығын халық ауыз әдебиеті дәлелдейді. Бұл “Қасым ханның қасқа жолы” 5 баптан тұрса, соның төртінші бабы - "Елшілік жоралары (майталман шешендік, әдептілік, ибалылық, сыпайылық)", - деп аталды. Бұл дегеніміз, дала дипломатиясының жазылмаған заңдары, елшілік жоралғылар мен елшілердің әдеби заңды түрде бекітіліп, халық арасында кеңінен таралғанын дәлелдейді.

Әрине, қазақ тарихында "Уақытша әлсіреу" кезеңінде хандықтың сыртқы дипломатиясы әлсіреп, ішкі тұрақтылығы шайқалып, хандардың биліктің сыры мен қырын ұғынбай, дипломатиялық шеберлігінің таяздығынан хандық билік әлсіреп, жойылып кеудің аз-ақ алдында қалды.

Хақназар хан Қазақстанның ортағасырлық тарихында белсенді, жаңа өзгерістерге тез бейімделетін және саяси көрегендігімен танымалы болған. М.Ж. Көпеев Хақназарды Қасымнан соң бытыраған елдің басын қосқан «даңқты хан» деп бағалайды: «Қасым хан өлген соң, балалары баққа, таққа таласып, ноғай, өзбек, қалмақ - үшеуі үш жақтан жау болып, быт-шыт

болыңқырап, Қасым ханның бел баласы Ақназарды хан көтеріп, бұл Ақназар қайратты кісі болып, «батыр хан» атанып, өзбек ханы Шайбаниларды жеңіп, Көшім ханды қорғалатып, орысқа тығылдырып, орыстың ол уақыттағы патшасы қорқынышты Иван Ақназарға елші салып, сауда араластыру, керуен жүргізу үшін елдесіп, Ақназар қазақты Қасым хан уақытындағы қалпына бір түсірген», - дейді [91, б. 135]. Т.И. Сұлтанов: «Хақназар саяси жағдайды тез түсінетін, сезімтал және өз уақытын ұтымды пайдалана білген хан. «Бахр ал-асрарда» Хақназар қазақ және қырғыз ханы деп аталды», - дейді. Зерттеуші И.В. Ерофеева: «Хақназар ханның барлық саяси қызметі қазақ қоғамын интеграциялауға және сыртқы жауларынан қорғап, өз еліне қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін болды», - дейді.

Кез-келген мемлекет пайда болып, қалыптасқаннан кейін өзінің ары қарай дамуы, күшеюі үшін ішкі және сыртқы саясатын көрегендікпен, дұрыс жүргізе білуі тиіс. Осындай тарихи үрдісті берік ұстаған Қазақ хандығы XV ғ. соңында өзінің сыртқы саясатында стратегиялық маңызы зор Сыр бойындағы қалалар үшін Орта Азияның жаңа билеушісі – Мұхаммед Шайбани ханмен түрлі бағыттардағы қарым-қатынастар жүргізді. Сондай қарым-қатынастардың ішіндегі әлі де болса толық зерттелмеген мәселелердің бірі – Қазақ хандығының көрші Шайбанилық әулетпен жүргізген дипломатиясындағы некелік қатынастар. Біз осы мәселені қарастырып, Қазақ хандығы мен Шайбани әулеті арасындағы некелік одақтардың атқарған қызметіне, оның маңызы мен сипатына және туыстық қатынастарына жан-жақты талдау жасамақпыз.

Дипломатиядағы әулеттер арасындағы некелік қатынастардың ел мен ел, мемлекет пен мемлекет арасындағы маңызы қандай дәрежеде болғанын сонау ата-бабаларымыздың тарихына тереңірек үңіле отырып, зерделеп көрелік. Мәселен, үйсін, ғұн тайпалары, жалпы түркі халықтары өз көршілерімен немесе одақтастарымен келісімдерін некелік қатынастар арқылы мейлінше жақындастыруға, туыстастыруға ұластырып отырған. Орыс, қытай жылнамаларында, парсы, түркі және т.б. жазба деректерінде әулеттік некелер жайында көптеген мәліметтер кездеседі [92].

Ал, тарих ғылымдарының докторы, шығыстанушы ғалым М.Х. Әбусейітова өзінің ғылыми монографиясында Қазақ хандарының дипломатиясындағы некелік одақтың мәні мен маңызына тоқталып, оның дипломатиядағы ролін нақты мысалдармен түсіндірген.

Қазақ хандары мен сұлтандары дипломатиялық қарым-қатынастар арқылы елдің сыртқы саясатын өрістетіп, халықаралық байланыстарын нығайтудың әралуан жолдарын өз пайдаларына шебер шешіп отырды. Сөйтіп, соғыстарды жеңіспен аяқтауға немесе төніп тұрған қауіп-қатерді болдырмауға түрліше айла-тәсілдер ойлап тапқан. Сөйтіп, өзге көрші мемлекеттермен достастық байланыстарын сақтап қалу мақсатында қазақ хандары әулеттер арасындағы некелік қатынастарды да шебер пайдаланып отырды. Некелесу барысында тұтанайын деп тұрған соғысты болдырмай, керісінше достастығын нығайтуға қол жеткізіп отырған. Қыз берген қайсібір әулеттер қалыңдықтың жасауы ретінде сыйға жер беріп, құдаларының территория ауқымын кеңейте түскен, әрі

сол құдандалы әулеттің қорғаушысына, жақтаушысына айналатын. Ал, қайсібір жағдайларда некелік қатынастардың сәтсіздікке ұшырауынан тату-тәтті отырған іргелес мемлекеттер соғыс өртің тұтандыруға дейін барған кездері де болған.

XV-XVI ғғ. аралығында Қазақ хандарының сыртқы саясатында халықаралық дау-дамайларды бейбіт жолмен шешуге бағытталған әдіс-тәсілдер халықаралық деңгейдегі өз уақытына сай елшілер, шабармандар, тілмаштар арқылы жүзеге асырылып отырған.

Ақназар хан дипломатиясы өзбек ханы Абдулла II-мен шарт жасауымен ерекшеленді. Тарихқа жүгінсек, Тәуекел хан дипломатиясы Қазақ Ордасы мен Ресей арасындағы саяси одақ құруда көрінеді. Сонымен қатар Иранмен де келіссөздер жүргізіледі. Есім ханның тұсында Бұқарамен бітім жасасқан дипломатиялық іс-әрекет жүзеге асады.

1582 жылы Шығай хан қайтыс болады. Одан кейін хандық билікке оның ұлы Тәуекел келді [93]. Тәуекел (Тевеккел, Тевкел, Тауке, Тукай) [94]. шағатайлық Яхшым бегімнен туылған Шығай ханның ұлы [95].

Хафиз Таныштың өзі Тәуекел ханды: «Батырлығы, ерлігі мен күштілігі жөнінде ол әлемде жалғыз еді және Дешті-Қыпшақта атақты болды. Оның сырт келбеті де сұлу, ақындық таланты да бар», – деп сипаттайды [96].

И.В. Ерофеева Тәуекел ханды: «Қазақ хандығының басында тұрғандағы барлық кезеңінде Тәуекел өзін талантты және тез шешім қабылдай алатын қолбасшы, сыртқы саясатта шебер тактика пайдалана алатын хан ретінде көрсете алды», – дейді [97].

Ресми түрде Тәуекел ханның тұсында қазақ-орыс қатынастары дипломатиялық келісімдерге ұласқан болатын. Тәуекел хан көреген саясаткер ретінде осы байланыстардан бірнеше пайдалы сыртқы саяси қадамдарды шешуді жоспарларды.

1594-1595 жж. қазақ-орыс қарым-қатынастарынан Мәскеуге жіберілген Тәуекел ханның елшісі Құл Мұхаммедтің: «Ал Бұхара патшасымен уақытша бейбіт қатынастамыз», – деуі қазақ-өзбек қатынастарының уақытша бітімге келгенін көрсетеді. Сондай-ақ, Тәуекел хан бұл құжаттарда «қазақ және қалмақ ханы» деп беріледі.

Қысқа мерзімде Тәуекел хан Түркістан, Ташкент, Ферғананы өз иелігіне қосты. Оның Орта Азияға жорығы алдын-ала жоспарланған және көп жылдар бойы дайындалған, нақты мақсаттарға жұмылдырылған күрес еді. Тәуекел хан Шайбанилық иелікті қосқанда ғана Қазақ хандығына байланысты шаруашылық-экономикалық, саяси-әлеуметтік оқшаулануды жоя алатынын түсінді.

Тарихшы М.Х. Әбусейтованың айтуынша Тәуекел хан өзінің басты мақсаты – Мауреннахрды қазақтардың қол астына кіргізе алған жоқ. Бірақ та Түркістан, Ташкент, Ферғана белгілі бір кезеңдерге дейін қазақ жерлерінің құрамына кірді. Ал бұл өз кезегінде қазақ және ортазиялық хандарының арасында Нақшбанди орденінің сопы шейхтерінің ықпалымен жасалған бейбіт

бітіммен нығайтылды. Қазақ хандарының Түркістанды билеуіне нақшбанди шейхтары өздерінің рұқсаты мен оң батасын берді.

XVI ғ. соңы - XVII ғ. басы Қазақстан тарихындағы ерекше кезеңдердің бірі болды. Қазақ хандығының халықаралық жағдайы үлкен өзгеріске ұшырады. Себебі, 1635-1758 жж. Жоңғар хандығы құрылып, бұл көшпелі мемлекет қазақтарға үлкен қауіп туғызды. Сондай-ақ, оңтүстік-батыс аймақтарда да, Мауареннахрдағы билеуші Шибан әулетінің орнына Аштарханилер әулеті билікті өз қолдарына алды. Бұл кезеңде қазақ мемлекеттігінің, көршілес елдермен және халықтармен белсенді әскери-саяси, сауда және мәдени қатынастарының нығаю уақыты. Осы кезде қазақтардың билігі Ташкент, Түркістан, Сауран, Өндіжанға жүріп тұрды, және ол қалалар үшін қазақ билеушілері мен жаңа әулет Аштарханилер (1598-1743 жж. Мауараннахрды билеген әулет) арасында үнемі соғыстар жүрді.

Хан тағына отырған соң Бұһарамен бітім-шартын жасасып, Орта Азия қалаларымен бейбіт, экономикалық байланыс орнатуға ұмтылды. Қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етіп құруды көздеді. Қазақта «Қасым салған қасқа жол, Есім салған ескі жол» деген қанатты сөз ежелден бар. Есім хан «Есім ханның ескі жолы» деп аталған заңды шығарды.

Жалпы көшпелілер мемлекетінің хандары сияқты, Есім хан да тақ үсті мен ат үстінде бірдей танылған біртуар тұлға. Халық ауыз әдебиетінде есімі көп аталған хандардың бірі осы Есім хан. Мұның өзі оның хандықтың көңілінен шыға білгендігін көрсеткендей. Есім хан мемлекет басшысы, батыр қолбасшы, көреген дипломат болды, сондықтан да халық оны аузынан тастамай, аңыз-әңгімелерде, өлеңдерге қосып, қастерледі.

Есім ханның ұлы Жәңгір сұлтан хан тағына Есім ханның үлкен ұлы Жәнібек өлгеннен соң XVII ғ. 40-шы жылдардың ортасында отырды. Жәңгір хан бойы аласа, бірақ ірі денелі кісі екен. Жоңғарларға қарсы күрестегі ғажайып ерліктері үшін халық оны «Салқам Жәңгір» деп атап кеткен. Оның тұсында Батыр қонтайшы басқарып отырған жоңғар-ойраттардың күшеюі байқалды. Олар Қазақ хандығына үздіксіз шабуыл жасап тұрды. Жоңғарлардың оңтүстікке қарай жылжуы қырғыздарды, оңтүстіктегі қазақ жайылымдарын ығыстыру нәтижесінде жүрді. Батысқа қарай жылжыған қалмақтар XVII ғасырда қазақ хандығының сыртқы саясатында маңызды орын алды. Жайылымда нақты шекараның болмауы екі көшпелі елдің арасында үнемі қақтығыстарға әкелді. Жәңгір ханның билік еткен жылдары жоңғардың қазақ жерін жаулап алу мақсатында жасаған үздіксіз жорықтар кезеңіне сай келеді.

Жәңгір шығыстан төнген жойқын қатерді көзімен көріп, қазақ руларын біріктіруге, басқыншыларға бірлесе тойтарыс беруге ұмтылды. Бұқара әміршісі, алшын (Кіші жүз) батыры Жалаңтөс Баһадүрге хабарласып, көмек сұрады.

Жәңгір хан жоңғарларға қарсы күресте моғолдар жағынан көмек алу үшін біраз әрекет етті. Олармен тату көршілік қарым-қатынас орнату үшін екі рет елші жіберді. Бұл дипломатиялық тапсырманы Жәңгір ханның ұлдары Тәуке мен Аппақ сұлтандарға жүктейді. Жәңгірдің қиын қыстау

кезеңіндегі дипломатиялық шеберлігін ұлы - Тәуке жалғастырады.

Тәуке хан елді сыртқы жаудан қорғауда және көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуда ерен еңбегі зор тарихи тұлға. Тарихи деректерде қазақ тарихында еліміздің іргесін бекітіп, көрші Ресей, Жоңғария, Иран, Түркия мемлекеттерімен байланыста болып, тек қарым-қатынас орнатқан бас хандар арасында Өз Тәуке ханның орны ерекше деп көрсетіледі. Тәуке кезеңі "қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған" "Алтын ғасыр" кезеңі деп текке айтылмаса керек.

Тарихта Тәуке хан дипломатиясы Сібір арқылы Ресейге бес рет елшілік жіберуімен белгілі болған. Тәуке хан 1687-1688 жылдары Бұхара ханы Сұлтанқұлмен Ташкент жөнінде келіссөздер жүргізді. Ташкентті қазақтардың иелігінде қалдырды. Бұхар хандығымен сауданы дамытуға күш салды. Нәтижесінде Қазақ мемлекеті мен Бұхар хандығы арасында бейбіт қарым-қатынас орнап, Бұхар саудагерлері қазақ жеріне кіріп сауда жасауға мүмкіндік алған.

XVII ғасырдың аяғы - XVIII ғасырдың басында қазақ хандығы Ресей империясының отарлау саясатының салдарынан, саяси экономикалық және рухани дағдарысты басынан өткеріп, өзара қырқыс пен бірліктің болмауы қазақ дипломатиясының тәуелсіздігін сақтаудағы ықпалын кемітіп жіберді.

Қазақ халқының Ресей империясының боданына айналудың алғышарты ретінде тек жоңғар, қытай факторы ғана емес, көпшілікке белгісіз башқұрт факторы да өзіндік рөл атқарды.

Патшалы Ресей империясы қазақ жерін отарлап алғаннан кейін дипломатиялық саясатты өз қолдарына алды. Ал Кеңес өкіметі тұсында билік, дипломатиялық іс пен сыртқы саясатты орталықтан басқарды. Қанша ғасырлар өткенімен, жаңа мемлекеттер пайда болғанымен қазақ халқы көрші мемлекеттермен қазір де іргелес өмір сүріп жатыр.

Қазақ қоғамындағы елдестіру, бітімге келтіру секілді дипломатиялық істерді көбінесе беделді, кемеңгер тұлғалар – би-шешендер атқарып отырғанын қазақ тарихынан көруге болады. Атақты билер жорық мәселесі, саясат, елшілік, халықаралық қатынас, идеология, ел басқару сынды күрделі мәселелерге белсене атсалысты.

Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Қожаберген жырау, Тілеу батыр – Тәуке хан билік құрған заманның ірі тұлғалары.

Төле би – қазақтың төбе билерінің бірі, мемлекет қайраткері, өңір басшысы - биі ретінде шапқыншылыққа тойтарыс берумен бірге, олармен дипломатиялық келіссөз жүргізуге де мүдделі болды. Қазақ елінің тыныштығын ойлаған Төле би көрші мемлекеттермен көрегендікпен өз жұртына тиімді елшілік қарым-қатынас жасай білген. Қазақ мемлекетінің қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, халқының еркіндігін сақтауды, дұшпан қолында қалған қалалар мен жерлерді қайтаруды мұрат тұтқан Төле бидің патшалық Ресейге, Жоңғар қалмақтарына хат жазып, елші жібергені тарихта белгілі.

Абылай хан билігі дәуіріндегі дипломатия Жоңғар, Ресей, Қытаймен бітімгерлік жұмыстармен жалғасын табады. Жазба деректер бойынша, Абылай көреген саясаткер ретінде қалмақтармен аса ауыр соғыстардан қалжыраған қазақ елінің есін жиғызу үшін дипломатиялық тәсілді де тиімді пайдаланған, қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Ресей елімен және Шың империясымен де бітімгерлік қатынаста болып, елшіліктер алмасып отырған.

Тарихи жазбаларда Абылайдың Ауған шаһы Ахмед Дурананмен келіссөз жүргізіп, Түркияға да елші жіберу ниеті болғандығы көрсетіледі. Кей деректерде әскери қимылмен қатарлас жүргізілген дипломатиялық әрекеттер Абылайды өз заманының ұлы қайраткерлері деңгейіне көтергендігі айтылады.

Қазақ билерінің ішінде дипломатиялық жұмыстарда өзінің тапқыр шешендігімен, елінің, жұртының намысын қолдан бермеген би болса, ол - Қаз дауысты Қазыбек би. Қиын-қыстау кезеңде қазақ халқының ұйымшыл, ынтымақшыл болуына қызмет еткен. Ең үлгілі дипломат би ретінде көзге түскен. Қазыбек бидің елшілік сапарлары нәтижесінде қазақ пен жоңғар арасындағы дау-жанжалдарды бейбіт жолмен шешіп, тыныштық орнатуға тырысқандығы туралы тарихта айтылады. Бұдан Қазыбек бидің қазақ елінің еркіндігі, ұлтының тәуелсіздігі, азаматының азаттығы үшін елшілік қызметін абыроймен атқарған адам екенін көреміз.

Тәуелсіздіктен кейін қазақ халқы өзінің өткенін дәстүрлі ауызша тарихынан іздей бастады. Бұл ретте бұрын соңды тыйым салынған жырлар мен дастандар, аңыздар қайта жаңғыртылды. Осы кезде ортағасырлардағы билер мен батырлар, шешендер мен жыраулардың тарихи тұлғасы, олардың қайталанбас туындылары еліне қайтарылып, тарихшылар мен филологтар және т.б. саланың зерттеушілері осы мәселені жаңа тұрғыдан зерттей бастады.

XVII-XVIII ғғ. қазақтардың жеріне жоңғарлардың қайта-қайта шабуылдауы, елдің мазасын қашырып, саяси және экономикалық жағынан әлсірете бастады. Елді Ақтабан шұбырындыға душар етіп (1723 ж.), халқын қырып, босқыншылыққа ұшыратқан қалмақтарды орыс елі айдап салып отырғандығы тарихи зерттеулерде айтылмай келді. Ресей империясының отарлау, арандатушылық саясатын 70 жылдан аса уақыт қорғаушы, қол ұшын берген ұлы орыс халқы деп бағалап келдік. Ресей империясы Қазақ хандығын тезірек отарлап, өз бұғауын мойнына салудың әрекетін жасады. Сондай-ақ, қалмақтардан қорғаймыз деген сылтаулармен қамалдар мен бекіністер тұрғызып, оларға әскерін әкелді. Қожаберген жырау орыстардың бұл саясатын терең түсініп: «Қазақтың сахарасы жүз құлпырған, Қытай мен орыстарды қызықтырған», - деген болатын.

Бұл мәліметтер орыс тарихнамасында айтылмайды, кеңестік дәуірде бұрмаланып, тыйым салынады. Алайда бұл тарихи фактілер қазақ халқының жадында мәңгі сақталып, келешек ұрпаққа жетті.

Зар заман ақындары айтып кеткен, би-шешендер жырлап кеткен отарлау кезеңде дала дипломатиясы өзінің салиқалы да сабырлы, әділдігінен тайған жоқ. XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ даласында өткен дүркін-дүркін ұлт азаттығы үшін болған көтерілістерде, көтеріліс басшылары Сырым Датұлы,

Махамбет пен Исатай, Кенесары да дипломатиялық шеберлігімен ел аузында, тарихи жазбаларда қалды. Халқының бірлігі, жерінің тұтастығы мен тәуелсіздікті мақсат еткен бұл тұлғалар Қазақ хандарының дәстүрін одан әрі жалғады. Патшалық Ресейге бірнеше рет хат жазып, қарумен емес ақылмен, дипломатиялық келіссөздер арқылы жағдайды ушықтырмауды ұсынды. Бірақ Ресейдің империялық саясаты, отарлаудың қажеттілігі бұл дипломатиялық қадамдарды жете бағаламады. Керісінше, көшпелі, тағы халықты басқарудың өздеріне тән формасын пайдалануды жөн деп тапты.

Қазақ дипломатиясының тарихы Керей мен Жәнібек құрған Қазақ хандарынан басталып, Алашорда қайраткерлеріне дейін қиын кезеңдердегі ұлттық бірлікті, аумақтық тұтастықты сақтаудың күрделі міндетін орындап, үздіксіз жалғасып жатқанын көруге болады.

Алаш зиялылары XX ғасырдың басында, ғасырлар тоғысында қалыптасқан күрделі жағдайды бағамдай білді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ұлы тұлғаларды білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дүйім жұртының нағыз азаматы болып қала бермек[20, б.36]. Тарихтың қай кезеңінде болсын олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген» деп, нақты атап өткен болатын. Осы тұста, қазақ халқына еңбегі сіңген, халықтың тұтастығы мен мемлекетіміздің тәуелсіздігі, азаттық жолындағы күреске бастаған қазақ зиялыларының көш басында тұрған аса ірі саяси жетекшілердің бірі және бірегейі, мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 150 жыл толуына арналған мерекелік шаралардың ұйымдастырылуы және әлемдік деңгейде атап өтілуі тұлғаның даралығын тағы да бір дәлелдесе керек.

XX ғасырдың басында екі бірдей - отарлық және феодалдық езгінің қыспағына түскен қазақ қоғамы бір жағынан, ауыр қоғамдық дағдарысқа келіп тірелсе, екінші жағынан, қалың ұйқыдан оянып, өзіне лайық жол іздеу әрекетіне көшті. Жаңа заманда өзінің ұлттық болмысы мен тарихи тамырынан, тілі мен ділінен айырылып қалмай, еуропаның озық мәдени жетістіктерін меңгеріп, сауатын ашудан бастаудың тиімділігін ұлт жанашырлары жақсы түсінді. Әлихан Бөкейханов және ұлттың зиялы қауым өкілдері халқына төнген қауіп-қатермен қарумен емес, интеллектуалдық қарумен, білімді игеру арқылы, саналы түрде, мәдениетті күреске шақырды. Бұл да бір қоғамдық дипломатияның сол кездегі көрінісі деп айтсақ болады.

Белгілі тарихшы Кеңес Нұрпейісов: «Әлихан Бөкейхановты ұлт-азаттық қозғалысының теориялық негізін қалаушы ғана деп тану жеткіліксіз. Ол XX ғасыр басында қалыптасқан геосаяси жағдайда ұлт-азаттық күрестің жаңа, сапалы формасын, яғни оның саяси түрін қалыптастырып, күрестің осы түрі негізінде елімізді тәуелсіздікке жеткізудің мақсат-мүдделерін айқындап,

нақтылауда қажымас қайрат көрсеткен халқымыздың саяси көсемі болды десек, артық айтқандық болмайды», - деп нақты атап өткен болатын.

Қиын-қыстау кезінде өз ұлтына демеу болып, кеңестік билік пен басқа да елдердің саяси көсемдерімен дипломатиялық байланыстар орнатып, интеллектуалдық тұрғыда өз елінің ұлттық мемлекеттілік жолындағы күресін аса жоғары шеберлікпен көрсетіп, қазақ халқының мақтанышына айналған Алаш алыптары - А. Байтұрсынұлы, Ө. Ермаков, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Дулатұлы, М. Шоқай және т.б. мәмілегерлік пен асқан ұлтжандылығымен қазақ тарихында есімдері алтын әріппен жазылары хақ.

Отандық тарихта қазақ хандары мен белгілі тарихи тұлғалардың жүргізген дипломатиялық саясатының бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан дипломатиясында алар орны ерекше.

Осындай, қазақтан шыққан тұңғыш дипломат - Нәзір Төреқұлов болды. Ол, XX ғасыр басында тарих толқынымен сахнаға шыққан, дүниетанымы демократиялық бағытта қалыптасқан мемлекет және қоғам қайраткері болды. Н.Төреқұловтың қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби, білікті дипломат, елші және оның есімі сол кезде, көзі тірісінде-ақ халықаралық деңгейде танылып, жоғары бағаланған.

Кеңестік дәуірде сыртқы саясат пен дипломатиялық жұмыс орталықтан басқарылғаны баршамызға мәлім. Сыртқы саясат ведомствосы мен шетелдегі елшіліктерде негізінен орыс, украин, белорустар, бірнеше кавказдықтар, ортаазиялықтар қызмет атқарды, ал қазақ ұлтынан ілуде біреу, екеу ғана болмаса, өте аз елшілер болды. Ол туралы С. Батыршаұлы: «Жетпіс жылдың ішінде тек бірнеше қазақ елші дәрежесіне жетті, олардың бірі - Нәзір Төреқұлов болды. 1928-1936 жылдары сол кездегі ең жоғары дипломатиялық атақ – КСРО Бас консулы, Төтенше және өкілетті өкіл деген лауазыммен Кеңес Одағының Сауд Арабиясындағы Елшісі қызметін атқарды. Қазақтан тұңғыш шыққан жоғары мәдениетті, білімді, сегіз тілді жетік меңгерген өкіл өзінің ақыл-жігерімен Джиддада тіркелген Батыс Европа елдері дипломаттарының тілін тауып, туындаған мәселелерді Кеңес үкіметінің пайдасына шешіп отырды» деп атап көрсетті.

Екі мемлекеттің өзара қарым-қатынасындағы жемісті тұстар, Нәзір Төреқұловтың дипломатиялық миссиясы кезеңіне тура келеді. Ол дайындаған көптеген талдамалық құжаттар, анықтамалар және есептер кеңестік-саудтық қатынастардың қалыптасуы мен дамуының толық көрінісін береді, сол кезеңдегі арабтар арасындағы саясаттың және ірі державалардың Таяу Шығысқа ықпал жүргізу үшін бәсекелестігінің мәнін ашады. Оның НКВД-тің орталық аппаратымен жүргізген дипломатиялық хат-хабарлары саяси талдау жасай білудің тереңдігімен, жоғары саяси шеберлігімен ерекшеленеді.

Мемлекетінің мүддесін шет елде биік деңгейде қорғау, жоғары деңгейде елші ретінде төңірегіндегілерді түсіне білу, сол мемлекеттің басшылығымен терезесі тең келісім жүргізу, көрегендік, шешендік өнер, осы қасиеттердің барлығы Нәзір Төреқұлов бойынан табылды.

Нәзір Төреқұлов шебер дипломат ретінде өз мемлекетінің беделін лайықты дәрежеде ұстап тұру, оның саяси, сауда-экономикалық, басқа да мақсаттарын табанды түрде қорғау және аса қажетті ақпараттарды дер кезінде ой елегінен өткізе білу сияқты салаларды терең меңгеріп, осыларды өз қызметінде бұлжытпай орындап отырды. Ол сол кезеңде өзі төтенше және өкілетті елшісі болып отырған Кеңес Одағының беделін көтеруге күш салды, әр түрлі дәрежедегі келіссөздерді біліктілікпен жүзеге асырып отырды. Әсіресе кеңестік сауда жүйесінің өміршендігін дәлелдеп, оған жасалған шетелдік қысымға шектеу салды, сол арқылы елшіліктің сараптау жұмысының арнасын жаңа жолға қоюы асқан шеберліктің үлгісі болғандығын айта аламыз.

Елдің тәуелсіздігі мен ұлтының болашағы үшін күрескен ірі тұлғалардың бүкіл адамзат дамуындағы үлесі мол. Бұл орайда, Елбасы Н. Назарбаевтың қазақтың қайраткер тұлғалары жайында: «Егер XX ғасырдың тарихына зер салатын болсақ, оның алғашқы отыз жылында-ақ қазақ зиялыларының аса көрнекті қайраткерлерінің тұлға танытып үлгілерінен байқаймыз. Сол айтулы есімдердің білімдарлық, азаматтық тәлімдері кейде көріне бермейтін де арналар бар. Оның бағасын ұрпақтары, қазақ зиялылары беруге тиіс», деп [32, б. 156] қазақтың тарихи тұлғаларына айтқан пікірі де қоғамда алған орны мен олардың ұлт үшін жасаған еңбектерінің маңызын аша түседі.

Осы орайда Қазақстанның қазіргі заманғы мемлекеттілігінің бастауында тұрған аса көрнекті тұлға, нағыз елжанды, ардақты азаматтарының бірі Нәзір Төреқұловтың да ұлтымыздың әлемдік кеңістікте өзіндік орнын иемденуге қосқан үлесін атап өтуге тиіспіз. Өткен ғасырдың басында егемен ел болу үшін өлшеусіз тер төккен алаш қайраткері Нәзір Төреқұловты ұлтымыздың арасынан шыққан тұңғыш дипломат тұлғалардың бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері ретінде тануға тек еліміз дербес саясатын жүргізе бастаған соңғы кезде ғана мүмкіндік туды.

Еліне, жеріне, халқына халықаралық саясатта да, қазақ тарихы мен руханияты үшін де қаншама құнды мұра қалдырған Н.Төреқұловтың есімі уақыт өткен сайын жас ұрпақтың жадында жаңа қырларынан көріне бермек. Халықаралық дәрежедегі дипломатиялық саясатты жүргізуде өзіндік үлесі бар, көрнекті саяси қайраткер және дипломатияның іргесін қалаушы ретіндегі тарихта орны ерекше тұлға.

Қазақ дипломатиясының жаңа шежіресінің негіздері, Қазақ елінің қоғамдық-саяси өміріндегі басқа да көптеген ірі құбылыстар тәрізді ұлы Петр реформасы кезеңінде қаланды.

Қазіргі күні баспасөзде Қазақстанның дипломатиялық қызметінің қамқаракеті мен мемлекетіміздің сыртқы саясатта ұстап отырған бағытына байланысты мәселелер ашық түрде талқыланып, пікірталас жүріп жатыр.

Халықаралық қатынастардың тағы бір қыры жөнінде айтар болсақ, бүгінде дипломатия міндеттері төтенше қиындай түскен заман туды. Өйткені ол жаңа, бұрындары өз құзырына бағынбайтын, мәселені әскери қарусыздандыру, экология, космос, теңіздер мен мұхиттар тәрізді кең көлемдегі халықаралық-құқықтық реттеуге мұқтаж салаларға тез кіріп, араласа бастады.

Ресми дипломатияның өз іс-қызметінің тетіктерінде де айтарлықтай өзгерістер жүріп жатыр. Онда экономикалық ынтымақтастық пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді дамытуға бағытталған көпқырлы дипломатияға басым мән берілген. Дипломатия тарихшылар мен саясаттанушыларға ғана емес, сонымен бірге социологтар мен психологтарға және мемуарлар мен естеліктер жазатын журналистерге ықпал ететін нысанға айналды.

Әлемдік қауымдастықтың қазіргі халықаралық қатынас жүйесіне жедел қарқынмен кірген тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясат бағытының нысанасы елбасы Н. Назарбаевтың бірнеше тілде жарық көрген “Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы стратегиясы” атты ең алғашқы көлемді мақалаларының бірінде белгіленіп берілген. Қазақстанның сыртқы саясаты концепциясының көптеген практикалық аспектілері Президенттің әлемдік қауымдастық көсемдерімен өткізген көптеген екі жақты кездесулері барысында іріктеліп алынған.

Қазақстан дипломаттарының ірі кең ауқымды және аймақтық мәселелерді шешуге “бірден” араласуына тура келгендігінің мәні зор. Басқа да шетел дипломаттарынан айырмашылығы, Қазақстанның сыртқы саяси ведомствосының қызметкерлеріне халықаралық істерде ерекше қарқынды екпінмен “өз жолымен” жүріп, шын мәнінде, бір мезгілде көптеген бағыттар бойынша деңгейлес шығуға тура келеді.

Жалпы, қорыта айтқанда, дипломатиялық қатынастар – халықаралық құқық ережелеріне және халықаралық қатынастар тәжірибесіне сай, мемлекеттер арасындағы ресми қатынастарды ұстаудың негізгі нысаны болып табылады.

Ал қазақ дипломатиясының тарихы әріден, хандық дәуірден басталады. Кеңестер одағы тұсында Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында 26 қазақ елшілері тұрақты жұмыс істеді. Олар қатарында біз Нәзір Төреқұловтың, Төлеген Тәжібаевтың, Мәлік Фазыловтың, Сабыр Шәріповтың, Михаил Есеналиевтің, т.б. дипломаттарымыздың есімдерін мақтанышпен айта аламыз.

Бүгінде Қазақстан Республикасы әлемнің 100-ден астам мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. 30-дан астам елдерде өз елшіліктерін, өкілдіктерін ашты. Ал Қазақстанда 50-ге жуық елдердің елшіліктері мен өкілдіктері жұмыс істейді.

Қазақ даласында дипломатияның мемлекеттің сыртқы саясатын бейбіт жолмен іске асырудың басым бағыттарын бекітіп отыратын өзінше маңызды институт айналғанын айтуға болады.

1.3 Тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық дипломатия доктринасы

Қазақтардың мың жылдықтар бойы қалыптасып келген күрделі, көпдеңгейлі және көпқырлы философиялық және өмірлік қоғамдық доктринасы даму үстінде. Осы доктринаның негізінде екі негізгі ұғымды аңғаруға болады: достық және өзара көмектесу. Әсіресе, осы екі нәрсе көшпелі халыққа көптеген мың жылдар бойы тарихтың небір қиын кезеңдеріне қарамай өмір сүруге көмектескен. Әсіресе, осы екі ұлттық қасиет қазіргі тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық дипломатия доктринасында сақталған.

Егеменді мемлекетіміз Қазақстанның тәуелсіздігінің көрінісі сыртқы саясат болып табылады, Қазақстан халықаралық аренада қоғамдық дипломатия арқылы өзін көрсетіп, мақсат-мүдделерін қорғауда. Қоғамдық дипломатия халықаралық қатынастардың маңызды ұғымдарының қатарынан көріне бастады, сыртқы саясат құралына айналды.

Қоғамдық дипломатия маңызды міндеттерді, бірінші кезекте, басқа елдердің және шетелдік БАҚ-тарға деген ықыластарын арттыруға тартымды қоғамдық имиджді қалыптастыруға және ұлттық мүдделерді ілгерілетуге байланысты мәселелерді шешуге барынша көп көңіл бөледі.

Қазақстан Республикасының қоғамдық дипломатиясын жүзеге асырудың айқын көрінісі, біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдау формасында көрінеді [34, б. 35].

Қазақстан Республикасы Президентінің хабарламалары қазақстандық қоғамның алдында тұрған жаңа және негізгі міндеттермен халыққа жол берудің дәстүрлі желісін ғана емес, сонымен қатар халықпен диалогтың форматын білдіреді. Белгіленген міндеттерді, бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру үшін ведомстволық және мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, дөңгелек үстелдер өткізіліп, онда мемлекеттік бағдарламаларда ұсынылған мақсаттарды дәйекті жүзеге асырудың өзектілігі мен қадамдары талқылануда.

Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2030 стратегиясынан» басталды. Президенттің айтуынша, «мұндай әрбір жолдау біздің жалпы стратегиямыздың бөлігі және біздің жолымыздың бір бөлігі» [2].

Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясы» [1], «Ғасырлар тоғысында» [31, б.7], «Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» [2], «Еуразиялық одақ: идеялар, тәжірибелер, перспективалар», «Қоғамды трансформациялау стратегиясы мен Еуразиялық өркениеттің жаңғыруы» және т.б. еңбектерінде Қазақстанның сыртқы саясатының концепциясын тұжырымдап, қазіргі кездегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымының даму жолдарын айқындап, сыртқы саясаттың стратегиялық мақсаты мен міндеттерін, принциптерін, бағыттарын көрсетіп берді [34, б. 3].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы және даму стратегиясы» атты еңбегінде: «Ең алдымен біз өз саясатымыздың бейбітшілік сүйгіш бағытын жариялаймыз және әлемнің бірде-бір мемлекетіне территориялық талабымыздың жоқтығын мәлімдейміз. Кез

келген әскери жанжалдың апатты салдарға әкеліп соғатыны жөніндегі өзіміздің жауапкершілігімізді түсіне және сезіне отырып:

- Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым мақсаты ретінде бейбітшілік сақтауды мойындаймыз;

- саяси, экономикалық және басқа да мақсаттарға жетудің құралы ретінде соғысты және күш көрсету қоқан лоққысын қабылдамаймыз;

- ядролық қарусыз мемлекет мәртебесін алуға және ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға ұмтыламыз;

- қалыптасқан шекаралардың бұзылмауы, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принциптерін ұстанады» - деп Қазақстанның халықаралық бағытының бағдарларын айқындай отырып, Қазақстанның сыртқы жағдайы «басқа мемлекеттер сияқты өзіндік тұжырыммен ерекшеленіп, ұлттық-мемлекеттік мүдделері негізінде дамитындығын» атап көрсеткен [1. б. 5].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның сыртқы саясатының басты мақсаттарының бірі дүниежүзілік қауымдастықтың ұжымдық қауіпсіздігі жүйесін құруға мемлекеттің ат салысуы деп атап көрсетеді.

«Республика осы мақсатта:

- жанжалды жағдайларды тек қана бейбіт жолмен, халықаралық құқық шеңберіндегі келіссөздер арқылы реттеуге;

- жер бетінде жанталаса қарулануды тоқтатуды және оның ғарышқа шығуына жол бермеуге;

- халықаралық қоғамдастықтың барлық мемлекеттерінің өз қарулы күштерін қорғанысқа жеткілікті ең аз деңгейге дейін кезең-кезеңмен қысқартуына;

- жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлерін өндіруді, сынауды және де бірінші кезекте ядролық қаруларды болашақта толық жою мақсатымен қысқартуға;

- қазіргі бар жаппай қырып-жоятын қаруларды қолдануға және оны өндіру үшін жаңа технологияларды жасауға тыйым салуға; жаппай қырып-жоятын қаруларды жасауға көмектесетін материалдар мен технологияларды сыртқа шығаруға жол бермеуге;

- химиялық қаруларды жоюға;

- әскери қызметте өзара ашықтық және сенім мен қауіпсіздікті нығайту саласындағы шараларды жүзеге асыруға;

- әскери-саяси одақтардың ұжымдық және кең ауқымды халықаралық қауіпсіздік жүйесінің жаңа құрылымдарына қарай өзгеруіне республика қол жеткізуде және қол жеткізе беретін болады» [1, б.14].

Қоғамдық дипломатия шетелдік аудиторияларды зерделеуге және хабардар етуге, сондай-ақ әртүрлі елдердегі халықтың кең топтарымен байланыс орнатуға бағытталған шаралар жиынтығы ретінде сыртқы саяси қатынастар саласындағы салыстырмалы жаңа құбылыс болып табылады және жаһандану тереңдей түскен сайын белсенді дамып келеді.

Іс жүзінде барлық зерттеушілер 1980-жылдардың ортасынан бастап қоғамдық дипломатияның айтарлықтай салмаққа ие болғанымен келіседі.

«Қырғи-қабақ соғыс» дәуірінен кейінгі ақпараттық революция заманауи байланыс құралдарының қарқынды дамуына себеп болды.

Қазіргі уақытта қоғамдық дипломатияның теориясы осы саладағы жетістіктерді ескере отырып дамып, жетілдірілуде, сыртқы саяси қатынастардың бүкіл жүйесі жаңартылып, қайта құрылымдалуда. Кез келген теория сияқты, қоғамдық дипломатия тұжырымдамасы үнемі қоғамда, саясатта, экономикада, мәдениетте болған өзгерістерді ескеруі керек, әйтпесе белгіленген жұмыс қағидалары маңыздылығын жоғалтып, тиімсіз болады. Түрлі динамикалық байланыстары мен трансұлттық экономикалық құрылымдары бар қазіргі заманғы әлем қоғамдық дипломатияны іс-қимыл үшін кең мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді.

Сыртқы саясаттың құралы қоғамдық дипломатияның мақсаты - халықаралық қоғамдық пікірді түсіну мен қолдауға ғана емес, сонымен қатар қолайлы ұлттық бренд құру, ұзақ мерзімді халықаралық ынтымақтастықты қалыптастыру. Бұл тенденциялар ХХІ ғасырда жақсы даму үстінде. Жаһандану дипломатия саласын кеңейтіп, оның нысандарын өзгертеді және оны - онлайн коммуникация, мемлекеттік маркетинг, халықаралық PR құрылымдарының ресурстары және т.б. жаңа құралдармен қамтамасыз етеді.

ҚР Сыртқы істер министрлігі Қазақстанның шетелдегі имиджін жақсарту мақсатында жыл сайын бюджеттен ондаған миллион доллар қаржы бөліп, «Қазақстанның ақпараттық-имидждік саясаты» деп аталатын арнайы бағдарлама бойынша жұмыс істейді. Қазақстанның шет елдермен мәдени байланысын нығайту барысында әр жылдары Мәскеу, Тегеран, Стамбул, Будапешт, Ташкент, Дели, Каир мен Берлин қалаларында Абайға арналған ескерткіш-бюстер ашылып, шайырдың құрметіне көшелерге аты берілген. 1995 жылы Абайдың 150 жылдығы қарсаңында ЮНЕСКО «Абай жылын» жариялаған еді.

2015 жылы күзде Қытайда қазақтың классик ақыны, жазба әдебиетінің негізін қалаушысы һәм ірі ойшылы Абайдың 170 жылдығына арналған бірнеше шаралар ұйымдастырылды. Хубэй провинциясының басшылығы Ухань университетінде Абай үйін ашуға жағдай жасаған.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары Сұлтанәлі Балғабаев «Абай үйі» мәдени жобасы Қазақстанның шетелдегі имиджін көтеретін шара екенін айтады. Бірақ ол мұндай мәдени жоба ең әуелі Қазақстанға көшіп келгісі келмейтін шетелдегі қазақтардың тілі мен мәдениетін дамытуға арналуы керек деп санайды.

Қазақстан мәдениетін насихаттау мақсатында Абай үйі 1995 жылы Абайдың 150 жылдығы қарсаңында Ұлыбритания астанасы Лондон қаласында ашылған. Тәуелсіздіктің бас кезінде болған бұл оқиғаны қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары мен ресми билік «Қазақстанның шетелдегі имиджін жақсарту шарасы» ретінде көрсеткен. Бірақ Лондондағы Абай үйінің қызметі сегіз жыл өте жабылып қалды. Абай үйін әуел баста ұйымдастырушы, жазушы Роллан Сейсенбаев оның жабылуына бірден-бір себеп биліктің қаржылай қолдау көрсетпеуі деп біледі.

Қазақстан қоғамдық дипломатия арқылы өзін көрсете отырып, халықаралық қауымдастықта тең қатарлы мемлекет болып табылады. Халықаралық мәселелерді шешу кезінде тең дауысқа, халықаралық аренада тәуелсіз құқыққа ие бола алады. Мемлекеттердің егемендігінің теңдігі принципі БҰҰ жарғысында жазылған, соған сәйкес әрбір мемлекет өзге де қауымдастық мүшелерінің тәуелсіз құқықтарын құрметтеуі тиіс болып табылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұлттық-мемлекеттік мүдделер сыртқы саясаттың негізінде маңызды орында тұруы керектігін пайымдай отырып, Азия, Еуропа, Америка, Африка мемлекеттерімен ынтымақтастық қарым-қатынасты дамытып, тиімді қатынастар, байланыстар құруға ерекше назар аударып отырады.

Қазақстан бейбітшілікті қолдай отырып, көрші елдермен ынтымақтастық, саяси, халықаралық құқық негізінде шекара мәселесі бойынша достық ынтымақтастық қатынастар қалыптастырды.

Әрбір мемлекеттің саясаты ішкі және сыртқы деп бөлінеді, әрі бір-бірімен тығыз байланыста болады. Сондықтан Қазақстанның сыртқы саясатының келешектегі дамуы елдегі ішкі экономикалық саясаттың тиімді жүргізілуімен байланысты болады. Тәуелсіздік алған алғашқы күндерінен бастап Қазақстан экономикасына шетел инвестицияларын тартуы елдің сыртқы саяси белсенділігінің негізін көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының практикалық іске асырылатын қоғамдық дипломатиясын қалыптастырудың ерекшеліктері, әлемдік деңгейде оң байланыс жасайтын және өзектілікке ие бастамалардың өзіндік ерекшеліктері болып табылады. Бүгінгі таңда келіссөздер үдерісі мен пікір алмасу жаһандану жағдайындағы әлемнің шындықтарын көрсететін, қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және ең бастысы, саяси қысымсыз экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған нақты қадамдар жасауға мүмкіндік беретін стратегиялық ой-пікірді қажет етеді.

Қоғамдық дипломатия дипломатиялық қарым-қатынас формасы ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық қызметінің барлық салаларына әсер етеді.

Қазақстан Республикасының кез-келген халықаралық қарым-қатынасы, оның қызмет салаларына қарамастан, сыртқы саясаттың ұлттық мүдделерін іске асырудың қолданыстағы құралдарының бірі ретінде қоғамдық дипломатияға тікелей немесе жанама байланысы бар екендігі белгілі.

Қоғамдық дипломатияның халықаралық тәжірибесі көрсеткендей, өзіне тән проблемалар пайда болды. Мәселен, қоғамдық имиджді қалыптастырудың қиындықтары мен осы үдерістің ұзақ мерзімді сипаты, мәдениетаралық коммуникациялар құру, қоғамдық дипломатияны кәсіби саясаткерлермен және сыртқы саясат қызметкерлерімен үйлестіру және т.б.

XXI ғасырдың келуімен қоғамдық дипломатия қосымша мүмкіндіктер мен үрдістерге ие болды. Үкіметтік емес ұйымдар ауқымы едәуір кеңейді,

трансұлттық корпорациялар, жеке тұлғалар мен бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық дипломатияның субъектілері ретінде әрекет ете бастады.

«Жаңа қоғамдық дипломатия - одақтастар мен жаулардың арасындағы диалог құрудың байланыс жүйесі» [98, б. 718].

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық дипломатияның қазіргі жай-күйін зерделеу және елдің қоғамдық дипломатиясының ұлттық стратегиясын қабылдау қажеттілігі туралы қарастырылған негізгі мәселелерге тоқталайық. Біздің институционалдық талдауымыздың шеңберінде келесі негізгі мәселелер қарастырылады:

1) ҚР сыртқы саясатындағы қоғамдық дипломатия тұжырымдамасын қабылдау деңгейі;

2) ҚР қоғамдық дипломатиясының жай-күйін бағалау;

3) ҚР-дағы қоғамдық дипломатияның стратегиясын қабылдау қажеттілігі.

Елдің сыртқы саясатындағы қоғамдық дипломатия тұжырымдамасын қабылдау деңгейі бүгінгі дипломатиялық жағдайға, қарым-қатынастың сипатына және бір-бірімен өзара іс-қимылға, мысалы, «Сыртқы істер министрлігіне», «мемлекет тарапынан мемлекетке» және «мемлекеттен қоғамға» байланысты түрлі салаларда қызмет етеді.

Қазіргі заманғы қоғамдық дипломатия әртүрлі мақсатты топтарға және сыртқы, ішкі аудиториялардың жеке жетістіктеріне бағытталған бірнеше мемлекеттік бағыттағы тұжырымдамалар мен платформаларды қолданады.

Қазақстандық қоғамдық дипломатияның тәжірибесін қалыптастыру кезінде жыл сайынғы шетел дипломаттарымен кездесулердің ролі маңызды болып табылады. Соңғы бірнеше жыл бойы мәдени және қоғамдық дипломатия мәселесі көтеріліп келеді.

Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы мемлекет ішінде сыртқы талаптарға сәйкес құрылған реформаларды жүргізу болып табылады. Демек, мемлекет ішіндегі реформаларды жүргізуде Қазақстанның барлық қызығушылығы артқан мемлекеттермен қарым-қатынасты жолға қоя отырып, халықаралық ұйымдарда белсенді жұмыс жасауды мақсат тұтады.

Тіл, тарих және мәдениеті жағынан тамырлас Орталық Азиядағы түркі тілдес республикалардың тәуелсіздіктерін жариялауы және әлемдегі алпауыт мемлекеттермен және көршілерімен өзара ынтымақтастығы негізінде Қазақстанның сыртқы саясатына жаңа бір жол ашылды. Осы мемлекеттермен Қазақстанның ынтымақтастығы және қарым-қатынастары көптеген салада жылдам жетілді.

Ұлы қолбасшы Бауыржан Момышұлының соғыс өнері тактикасынан тәлім алатын елдер бар. Жазушы Александр Бектің 1942-1944 жылдары жазылған «Волоколам тас жолы» («Арпалыс») атты романында Бауыржан Момышұлының соғыс өнері тактикасы, ұрыс қимылдары жан-жақты суреттеледі. Романды, әсіресе, әскери адамдар сүйсіне оқып, шет тілдеріне аударылып, өздеріне керекті оқулық ретінде қабылдады. Мысалы, 1946 жылы белгілі тәржімашы Шломо Эвен-Шошан кітапты иврит тіліне аударады. Аудармашы оны «Панфиловшылар» деген атпен дайындап, сол кезде әлі

Палестинаның мандатында тұрған Тель-Авивте басып шығарды. Осы күндері Палмахтағы еврей ишувы астыртын қарулы күштері роталары бірінің командирі Бени Маршак кітапта көтерілген проблемалар өздеріне де тән екенін пайымдап, қарауындағы жауынгерлерге түгел таратып береді. Көп ұзамай «Панфиловшылар» Палмах офицерлерінің үстел кітабына айналады. Ал Израиль мемлекеті мен оның қорғаныс армиясы құрылғаннан кейін Бауыржан Момышұлының соғыс тактикасы туралы сыр шертетін хикаят курсанттар міндетті түрде оқитын санаулы оқулықтардың қатарынан орын алады. Ал «Волоколам тас жолы» әлі күнге дейін Израиль қорғаныс армиясы офицерлерінің міндетті түрде оқып шығуға тиісті кітабы болып келеді екен.

2016 жылы шілде айында Ресей президенті Владимир Путин Кремльде өткізген нацизм құрбандары мен қарсылық қозғалысы қаһармандарын еске түсіруге арналған кездесуде сөз сөйлеген Израиль тарихшысы Арон Шнеер жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеудегі әдебиеттің роліне тоқтала келіп, «Волоколам тас жолының» жас Израиль мемлекетін құруда ұшан-теңіз көмегі болғанын айта отырып: «Бұл кітап сол кезде Израиль армиясының әрбір офицеріне қарумен бірге тапсырылып отырды. Бұл біз үшін жай оқу құралы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар, іс-әрекетте басшылыққа алатын нұсқаулық ретінде де кеңінен қолданысқа енгізілді», - деді.

Ұлы қолбасшы Бауыржан Момышұлының соғыс өнері тактикасынан тәлім алатын ел жалғыз Израиль ғана емес. 1963 жылы Мәскеуге Кубаның басшысы Фидель Кастро мемлекеттік сапармен келген кезде оған: «Сіз үшін Екінші дүниежүзілік соғыстың басты қаһарманы кім?» - деген сұрақ қойылғанда, ол бірден: «Александр Бектің «Волоколам тас жолы» кітабының кейіпкері, қазақ Бауыржан Момышұлы», – деп жауап береді. Сол жылы Баукең қорғаныс министрі Рауль Кастроның арнайы шақыруымен Кубаға барып, офицерлер алдында әскери дайындық жөнінде дәріс оқиды.

Қазақстанның дүниежүзіндегі барлық мемлекеттермен бірдей қарым-қатынас жасауға ұмтылуы сыртқы саясатының көп векторлығын көрсетеді. Көп векторлық дегеніміз - Қазақстанның басқа мемлекеттермен түрлі бағыттарда бір мезгілде сыртқы саясатын орнатуы. Қазақстанның барлық елдермен ынтымақтастық бейбітшілік қарым-қатынас орнатуы қауіпсіздік пен экономикалық тұрақтылыққа жетудің бірден-бір себебі болды. Қазақстан халықаралық аренада қоғамдық дипломатия арқылы өзін көрсетіп, сыртқы саясатындағы халықаралық істерінде күрделі дипломатиялық әдістер қолдану негізінде көршілес елдермен шекараны межелеп және діни сепаратизм тиімді шешіліп отырды.

Саясаттағы «көпвекторлылық» 1990-шы жылдардың бірінші жартысынан бастап сыртқы саясат жүйесі ретінде пайда бола бастады. Тәуелсіз Қазақстанның алдында күрделі шаруалар тұрды, ол: қауіпсіздікті талап еткен үлкен жер аумағы, түрлі полиэтникалық тұрғындардың болуы. Сонымен қатар қорғалмаған шекаралар мен шешілмеген шекаралық проблемалар, жақын және алыс көршілердің көзқарасы, бай табиғи ресурстар, Ресей мен Қытай секілді алып елдің көршісі болу Қазақстанға үлкен мәселелер туғызды. Алдағы уақытта

елді кең көлемді жұмыстар күтті [99, б.8]. Осындай географиялық тұрғыдан болған табиғи кемшіліктердің нәтижесінде оны түзейтін, белгілі бір артықшылықтарын қолданатын арнайы сыртқы саясатты жүргізетін курс қажет болды [100].

Осындай факторлардың арқасында мемлекет көпвекторлы сыртқы саясатты жүргізуді бастады. Президент Н.А. Назарбаев көпвекторлықты былай анықтады: «развитие дружественных и предсказуемых взаимоотношений со всеми государствами, играющими существенную роль в мировых делах и представляющими для нашей страны практический интерес. Казахстан в силу своего геополитического положения и экономического потенциала не вправе замыкаться на узко региональных проблемах. Это было бы непонятно не только нашему многонациональному населению, но и всему мировому сообществу. Будущее Казахстана - и в Азии, и в Европе, и на Востоке, и на Западе. Проводя именно такую политику, мы сможем исключить какие-либо проявления угрозы безопасности Казахстана. Мы сможем укрепить благоприятные внешние условия экономическим и политическим преобразованиям в нашей стране» [101].

Кейінірек, 1996 жылдың 11 қыркүйегінде ҚР Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқасында сөйлеген сөзінде ол «бір кездері еліміздің халықаралық саясатының көпвекторлы сипатта таңдауы дұрыс қадам болғанын» растады. Қазақстанның бұрынғы Сыртқы істер министрі, қазіргі ҚР Президенті Қасымжомарт Тоқаев, елдің сыртқы саясатының қалыптасуының бастапқы кезеңдері 1991-1993 жж. туралы айта келе, былай дейді: «Қазақстанның көпвекторлы дипломатиясының қағидасы қалыптасты, ол бүгінгі күні елдің сыртқы саяси қызметінің негізі болып табылады» [102].

Бірқатар сарапшылардың пайымдауынша, көпвекторлықтың негізін 1990 жылдың соңына қарай пайда болды деп есептейді. Ал зерттеуші мамандар бұл пікірмен келіспейді. Қазақстанға көпвекторлық басқа посткеңестік мемлекеттермен салыстырғанда ертерек келді. Сонау тәуелсіздік алған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін өз жалғасын тауып келеді. «Көпвекторлы» сөзінің анықтамасы саяси сөздікте жоқ. Сөздің этимологиясына мән беріп қарасақ, «вектор» сөзі «тасымалдау» дегенді білдіреді, яғни белгілі бір ұзындық пен бағыттың сегментін білдіреді. Мұндай анықтаманы бесінші сыныптың математика кітабында келтірген. Бірақ бұл термин математика ғылымында да және сыртқы саясаттың түрлі бағытында қолданады екен.

Көпвекторлы сыртқы саясат – ол өз бетінше дербес сыртқы саясат. Оның ерекшелігі сонда бір уақытта аймақтық күшке ие орталықтармен және түрлі маңызды, жаһандық ойыншылармен теңестірілген және біртұтас қарым-қатынас орнату.

ТМД елдерінің көпвекторлы саясатты таңдауы оларды өзге мемлекеттердің диктаторлық әрекетінен сақтайтын ең жалғыз әдісі мен құралдары, сондай-ақ олардың тәуелділігін барынша азайтуға мүмкіндік беретін кепіл ретінде саналды.

Отандық сарапшылардың пікірінше, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында көпвекторлық саясатты жүргізуінде бірқатар факторлар бар:

1. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясы мен Қытай сияқты екі ірі держава арасында кең аумақта орналасуы;
2. Қорғаусыз тұрған шекара оның проблемалары;
3. Көрші мемлекеттердің аумақтарын өту арқылы ғана мүмкін болатын дүниежүзілік теңіз қатынастарына тікелей қатынаудың болмауы;
4. Әлемдік күштер орталықтары мен аймақтық державалардың қысымдары;
5. Жақын және алыс көршілердің назары түскен бай табиғи ресурстар;
6. Қазақстан экономикасының аумақтың өлшемімен салыстырғанда салыстырмалы түрде аз мөлшері;
7. Әскери әлсіздік.

Осы факторларды есепке ала отырып, көпвекторлы саясат географиялық жағынан туындаған табиғи кемшіліктерді жоюға және Қазақстанның қазіргі артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік беретін құрал болып табылады деген қорытындыға келеміз.

Тәуелсіздіктің жиырма жеті жыл ішінде көпвекторлы сыртқы саясатты қолданған Қазақстан, әлемдік саяси және экономикалық қоғамдастықта нәтижелерге жетіп, халықаралық позицияларды нығайтқанын мойындаған жөн. Әлемдік қауымдастықтардың Қазақстан Республикасының ядролық қаруды таратпау режимін нығайтуға және халықаралық лаңкестікпен күреске қосқан үлесін жоғары бағалайды.

Шетел көшбасшылары Қазақстанды қазіргі заманғы көпұлтты және көпконфессиялық қоғамның үйлесімді үлгісі болып табылады деп тануы дәстүрге айналды.

Қазақстан өзінің көршілес жатқан Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан елдерімен 14 мың.км шақырымдық жерді құрайтын мемлекеттік шекараны делимитациялау туралы шартқа қол қойды. Шекара мәселесі өте өзекті. Мысалға көршілес мемлекеттер Тәжікстан мен Өзбекстанды алайық. Шекара аумағында делимитация жүргізбегендіктен, өзбек шекарашыларының мина жарылғыш заттарын қойғандықтан қаншама тәжік азаматтары қаза тауып, көбісі мүгедек болып қалды. Өзбекстанның Ұлттық қауіпсіздік қызметінің Мемлекеттік шекарасын қорғау комитетінің деректері бойынша, 2006 жылы, он айдың ішінде Тәжікстанның 24 заңсыз әрекеті тіркелген екен (Central Asia Monitor. — 24 ноябрь 2006 г.). Бұл әлі де жалғасуда.

Бүгінгі күні Орталық Азияда, әлемдік қауымдастықта да Қазақстанның қауіпсіздігі мен ұлттық мүдделеріне қауіп төндіретін мемлекет жоқ. Аймақтық және жаһандық күрделі процестерге қарамастан, біздің республикамыз көрші мемлекеттермен және жетекші әлемдік державаларымен тығыз қарым-қатынаста.

Қазақстан халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы маңызды іс-шаралардың бастамасына себепші болды. Біздің ел үлкен аумаққа ие, бірақ қауіпсіздігі әлсіз болғандықтан, елдің қорғанын

нығайтатын Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) форумын құруды ұсынды. Көптеген сарапшылардың пікірінше, АӨСШК Азиядағы ұжымдық қауіпсіздіктің басты механизміне айналады. Біздің еліміз өңірлік (Орталық-Азиялық ынтымақтастық ұйымы, Орталық Азия мемлекеттерінің одағы) және субаймақтық интеграциялық бірлестіктерді (Еуразиялық экономикалық қоғамдастық) құру бастамасының авторы болып саналады. Біздің ойымызша, осы интеграциялық жобаларды сәтті жүзеге асыру Еуразия аймағындағы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуын айтарлықтай жақсартарды және олардың саяси тұрақтылығының кепілі болады.

Қазақстанның сыртқы саясаты басқа елдермен қарым-қатынас орнату, халықаралық ұйымдармен тығыз әрі көп бағытта жұмыс істеуге бағытталған сыртқы саясатының негізінде ұлттық мүдде тұрды.

Тәуелсіз Елдер Достастығы (ТМД), Еуразиялық экономикалық қауымдастығы (ЕАЭҚ), «Шанхай ынтысақтастық ұйымы» (ШЫҰ) және тағы басқа ұйымдарды дамытуға Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қосқан үлесі мен еңбегі орасан зор әрі осы бағыттағы нақты іс-қимылдары басқа елдерге де белгілі.

2012 жылы Бесінші Астана Экономикалық форумында Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев G-global бастамасын көтерді және бес қағидасын: эволюция; әділдік, теңдік, мәміле; жаһандық толеранттылық, сенім; жаһандақ транспаренттілік әрі ашықтық, сонымен қатар конструктивті көпполярлылық қағидаларын ұсынды. Елбасының бұл көтерген G-global бастамасы әлемді біріктіруші жаңашыл идея ретінде қабылданып, осы ұсынған жобасына дүниежүзінің өкілдері назар аударып, бұл жобаға Нобель сыйлығының лауреаттары – Роберт Манделл, Джон Нэш, Роберт Коренберг, Эрик Маскин, Джон Ауманн, Фин Кидланд және тағы басқа да ғылым, білім, халықаралық бизнес ұйымдарының өкілдері де қолдау көрсетті. Демек, бұл «G-global» Қазақстанның халықаралық сахнадағы маңызды ұсыныстардың бірегейі екенін көрсетті [4, б.8].

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев «G-global» – «... бұл барлық мемлекеттерді, әлемдік саясаттағы халықаралық үкіметтік емес субъектілерді, жекелеген саясаткерлерді, қоғам қайтаркерлерін, эксперттерді және ғалымдарды бірігіп қызмет ету және байланыс орнатуға шақыру алаңы. ...Жаһандық ақпараттық қоғамға айналып бара жатқан біздің әлем, халықаралық жүйеде жаңа қатынасты талап етеді [4, б.10]. Әсіресе жаһандық мәселеде шешімді қабылдау тәртібі – әділетті болуы керек. Шындығы сол, G8-дік те, G20-лық та, бүгін жеткіліксіз, сондықтан, мен жаңа формат - «G-global»-ды, БҰҰ жоспарының аясында, дағдарысқа қарсы және әлемдік қаржылық жүйенің мәселелерінің шешімін бірлесіп қарастыруда көлемді алаң құруды мен ұсындым...» - деді [4, б.14].

Сонымен, «G-global» Қазақстанның негізгі халықаралық бастамаларын қамти отырып, жаһандық мәселелерді шешу жолдарын қарастырады. «Міне, ХХІ ғасырдың «геосаяси математикасы» осы. Жалпы елдерді үлкен, кіші, орташа мемлекет деп бөлуге еш болмайды. Бұнда біз Жер шарының ортақ

міндеттерін шешетін боламыз және әр мемлекеттің өз дауысы болуы шарт. Бұнда әлемдік экономика мен саясаттың барлық проблемалары жаһандық қауымдастықпен жалпы қамтылған диалог болады. Екіншіден, «G-global» - бұл көпполярлы жағдайындағы әлемдік құрылыстың бес қағидаты[4, б. 11]. . Ал бұлар – саясаттағы революциядан бас тарту және эволюция, теңдік пен консестустағы әділдік, жаһандық толеранттылық пен сенім, жаһандық транспаренттілік, сындарлы көпполярлылық. Дәл осылардың негізінде ХХІ ғасырда көптеген проблемалардың шешімін ізденіп, табуға болады», - деді Нұрсұлтан Назарбаев [4, б. 12].

Сонымен «G-global» форматындағы дүниежүзілік саясат мәселесін зерттеудің теориялық және тәжірибелік жағынан маңызы зор.

Қазіргі заманда Қазақстанда Елбасының бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы – еліміздегі қоғамдық тұрақтылықты нығайту мен ұлтаралық бірлік пен татулықты жетілдіруші үлкен күшке айналып отыр.

Бүгінгі күні еліміз дүниежүзілік саяси сахнада биік-биік белестерден көрініп келеді. Ислам ынтымақтастық ұйымына төрағалықты, 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның төрағалықты абыроймен атқарып шықты. Сонымен қатар, этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі көптеген елдердің қызығушылықтарын арттырды. Бұл Қазақстанның шетелдердегі имиджін көтеріп, елімізді дүниежүзіне танытуда қосқан үлесі зор болды.

Келіссөздер және өзара түсіністік стратегиясына негізделген Қазақстан Республикасының көпвекторлы саясаты бүгінгі таңда қазақстандық ерекшеліктерді айқындады. Келіссөздер алаңдарында бастамаларды жариялау ғана емес, ең бастысы - саяси ерік-жігер және тәуекелдерді есепке ала отырып, әлемдік деңгейдегі проблемаларды шешудің жақсы ойластырылған стратегиясы болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасын іске асыру мақсатында Н.Ә. 2012 жылдың 12 қаңтарында www.group-global.org сайтында «Ғалымдардың еуразиялық экономикалық клубы» Ассоциациясы «G-global» коммуникативтік интернет-форматында интеллектуалды желіні іске қосты. G-«G-global» - әлемдік экономикадағы интерактивті, ашық және қоғамдық пікірталастар, пікірталастар үшін жаһандық сарапшылар қауымдастығына жағдай жасайтын көпфункционалды алаң.

Бүгінгі таңда «G-Global» коммуникативтік платформасы әлемдік қоғамдастыққа бірқатар жаһандық мәселелерге қатысты жаһандық диалогты құруға қабілетті және «G-global» -дың бірқатар жарқын және айрықша бастамаларын ұсына отырып, өзін белсенді түрде танытты.

Бүгінде Қазақстан халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы маңызды іс-шаралардың бастамашысы болып табылады. Қазақстанның халықаралық аренадағы ролі маңызды, Орталық Азияның жүрегінде орналасқан республика өңірлік және әлемдік саясатқа әсер етуі мүмкін. Сонымен бірге БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі бола отырып, Қазақстан күн тәртібінде қаралатын барлық мәселелер бойынша өзінің сындарлы үлесін қосуға ұмтылып келеді.

2018 жылы Мемлекет басшысының Америка Құрама Штаттарына табысты ресми сапары барысында Президенттер Нұрсұлтан Назарбаев пен Дональд Трамптың маңызды кездесуі, яғни Қазақстан-Америка қатынастары «кеңейтілген стратегиялық әріптестік» деген жаңа ұғымымен аталды. Бұл Қазақстанның сыртқы саясатының жыл басындағы серпінін айтарлықтай дәрежеде көрсетті. Ақ үйдегі мазмұнды келіссөздер біздің өзара қатынастарымыздың сенімгерлік және прагматикалық сипатын нығайтты, сауда-инвестициялық ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал етті.

2018 жылдың қаңтарында ел тарихында бірінші рет Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінде төрағалық етті және БҰҰ мүшелері мен сарапшылардың бағалары бойынша осы аса маңызды органға өте жемісті және нәтижелі басшылықты қамтамасыз етті. Орталық Азияның күн тәртібі белсенді түрде алға қойылды және Ауғанстандағы жағдайға ерекше назар аударылды.

Қазақстанның Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына төрағалық етуі 2018 жылдың маңызды оқиғасы болады.

Қазақстанның әлем елдерінің көпшілігімен дипломатиялық қатынастар орнатуының 25 жылдығы атап өтілді. Тәуелсіздік жылдары ішінде біздің еліміз 183 мемлекетпен дипломатиялық қатынастар орнатты. Осы таяуда ғана Қазақстанның сыртқы саясатында ерекше орын алатын Еуропа Одағымен дипломатиялық қатынастардың 25 жылдығы аталып өтті.

Елбасы Н. Назарбаевтың қолдауымен және тікелей қатысуымен Сириядағы жағдайды реттеу әскери аспектісі бойынша «Астана процесі» шеңберіндегі сегіз раундты өткізу Қазақстанның халықаралық дипломатиясын дамытудағы маңызды қадамға айналды.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты белсенділігімен, тепе-теңдікті сақтауға ұмтылысымен, сындарлы сұхбат жүргізуге талпынысымен және көпжақты ынтымақтастыққа бағытталғандығымен ерекшеленеді. 2015 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы» осылай дейді.

Әлемдік саяси теорияда көпвекторлы сыртқы саясат демократиялық мемлекеттерге тән. Демократиялық мемлекеттің сыртқы саясаты өзге елдердің ішкі ісіне араласпау, олардың территориялық біртұтастығын құрметтеу, өзге елдермен тең дәрежелі қарым-қатынастарға түсу, өз ұстанымдарын өзге елдерге таңбау, өзге елдердің саяси тәртібі мен экономикалық жүйесін және этникалық, діни құндылықтарын құрметтеу ұстанымдарына негізделетіні көпшілікке мәлім. Өзінің сыртқы саясатында осы ұстанымдарды басшылыққа алған кез келген мемлекет әлемдегі барлық елдермен, оларда үстемдік құрып отырған билік тәртібіне қарамастан, тату-тәтті қарым-қатынас орнатады. Ал бұл – әлемдегі тепе-теңдікті сақтаудағы басты талап.

Қазақстан халықаралық аренада өзінің тарихи, геосаяси және экономикалық факторларына байланысты көп ғасырлар бойы сыртқы саясатын халықаралық ынтымақтастық, көршілес мемлекеттермен татуластық принципіне негіздеп жүргізіп келеді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған

ең алғашқы күндерінен бастап, әлемдегі жаңа саяси жағдайға икемді сыртқы саяси тұжырымдамасын жазып шықты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан тәуелсіздік жылдарында халықаралық процестердің тең құқықты қатысушысы болып қалыптасты және біз қолайлы сыртқы ахуал құруға қол жеткіздік. Сондай-ақ, Қазақстанның болашақтағы сыртқы саясаттағы басымдықтары өзгеріссіз қала береді. Олар негізінен Ресей, Қытай, Орталық Азия, АҚШ, Еуро Одақ, Азия елдері» деген еді.

Қазақстанның сыртқы саясаттағы басымдықтарының қатарын ұлттық қауіпсіздік, егемендік пен территориямыздың тұтастығын қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің геосаяси ерекшеліктерін, жер байлығы мен экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану және тағы да басқа өзекті мәселелер толықтырады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты ХХІ ғасырдағы барлық қауіп-қатерлерге төтеп беретін және ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге арналған икемді саясаттың бірі болып отыр. Әлемдік қауымдастық елдерімен толық ықпалдастықты жүзеге асыруының нәтижесінде Қазақстанның болашағы Еуропада да, Батыста да, Азия мен Шығыста да көрініс тауып отыр. Қазақстан Ауғанстандағы шиеленіскен жағдайды қайта қалпына келтіруіне, Батыстың халықаралық лаңкестікпен күрес жүргізуіне, Батыс пен Ислам әлемінің арасындағы сұхбаттастықтың жүзеге асырылуына өзіндік үлес қосып келе жатқан аз мемлекеттің бірі.

Қазақстан әлемнің жетекші елдерімен, әсіресе, іргелес жатқан мемлекеттермен екіжақты және көпжақты форматтағы ынтымақтастық қатынастарын нығайту саясатына үлкен назар аударады. Жиырма жылдан сәл-ақ астам уақыт аралығында Қазақстан Республикасы дүниежүзінің 138 мемлекетімен тең дәрежедегі дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Әлемнің түрлі елдерінде 71-ге тарта қазақстандық елшіліктер мен консулдық өкілдіктер жұмыс істеп жатыр. Оның 49-ы елшілік, 19-ы консулдық мекемелер, 1-і елшіліктің бөлімшесі, 2-і халықаралық ұйымдардағы өкілдіктер болып табылады.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында оның әлемдегі интеграциялық үрдістерге қатысуы басты басымдықтардың бірі болып отыр. Қазақстан өз тарапынан ТМД, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕҚЫҰ, ЕурАзЭҚ, АӨСШК ұйымдарының шеңберіндегі интеграциялық бастамаларға толықтай қолдау көрсетеді. Мысалы ҰҚШҰ аясында аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесі қалыптасса, ал ШЫҰ шеңберінде аймақтық қауіпсіздікті нығайту мақсатындағы кең көлемді іс-шаралар жүргізілді. Ал алғашқы кезеңде ұсынылған Еуразия Одағы туралы идея бүгінгі таңдағы көптеген көкейкесті саяси мәселелерді шешуде зор құрал болды.

2010 жылы Қазақстанның бұрынғы посткеңестік елдердің арасында алғашқылардың бірі болып ЕҚЫҰ төрағалығына сайлануы ерекше оқиғаға айналды. Еліміздің көпвекторлы сыртқы саясаты әлемнің барлық мемлекеттерімен достық, өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытуға бағытталған. Қ. Тоқаевтың пікірі бойынша, көпвекторлық саясат дегеніміз –

«белгілі бір серіктес мемлекеттің сыртқы саясатына тәуелді болудан, аймақтағы жағдайдың шиеленісуінен, әлемдік нарық конъюктурасының құбылмалы болуынан сақтайтын бағыттардың бірі». Іс жүзінде көпвекторлы саясат қоршаған сыртқы ортаның қолайлы болуына, әсіресе көрші орналасқан мемлекеттермен, ТМД елдерімен, сондай-ақ қазіргі әлемнің жетекші саяси-экономикалық орталықтарымен тұрақты және достық қарым-қатынастарды дамытуға зор мүмкіндік береді.

Ал «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында» Қазақстанның халықаралық қатынастардағы негізгі даму бағыттары анықталып, олардың қатары төмендегі мәселелермен толықтырылды[33,б.26-39];

- бейбітшілікті, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту;
- орнықты ұстанымдарды қамтамасыз ету және әлемдік қоғамдастықта мемлекеттің жағымды бейнесін қалыптастыру[33,б. 28];

- БҰҰ-ның орталық және үйлестіруші ролі арқылы әділ әрі демократиялық әлемдік тәртіпті орнату;

- өңірлік және халықаралық сауда-экономикалық қатынастар жүйесіне одан әрі интеграциялану[33,б. 28];

- 2050 Стратегиясын ойдағыдай іске асыру, халықтың жоғары тұрмыс деңгейіне қол жеткізу, көпұлтты қоғамның, құқықтық мемлекеттің және демократиялық институттардың бірлігін нығайту, адамның құқықтары мен бостандықтарын іске асыру үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасау;

- ұлттық экономиканы әртараптандыру, индустриялық-технологиялық дамыту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру[33, б. 30];

- елдің «жасыл» даму жолына біртіндеп көшуі және әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру;

- ұлттық-мәдени өзіндік ерекшелікті сақтау және мемлекетті одан әрі дамытудың өзіндік жолымен жүру[33,б. 32];

- шет елдерде Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтарын, олардың жеке, отбасылық және іскерлік мүдделерін қорғау;

- шет елдердегі қазақ диаспорасына және қазақ тіліне қолдау көрсету[33,б. 26-39].

Қазақстан БҰҰ-ның түрлі комиссияларында және басқа да халықаралық форумында әлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдаудың кең көлемдегі мәселелерін талқылауға және шешуге белсене қатысты. Бұл мәселелер қатарына ядролық және басқа да қаруларды азайту, ғарышты бейбіт жолға пайдалану, Таяу Шығыс пен Палестина қайшылығын реттеу, Солтүстік Корея мен Иранның ядролық бағдарламалары, Ауғанстан мәселесін шешу, Армения мен Әзербайжан арасындағы Таудағы Карабақ жер дауын реттеу, трансұлттық қылмыскерлік, халықаралық терроризмге қарсы күресу, есірткі трафик, адам саудасы, заңсыз қару сату сияқты әлем халықтарына ортақ мәселелер жатады.

Қазақстан өзінің көпвекторлы сыртқы саясатын тұрақты жүргізуі арқасында әлем мемлекеттерінің арасында нақты беделге ие болды. Елдің

геосаяси тұрғыдағы маңыздылығы, экономикалық және сауда қатынастары тұрғысындағы тартымдылығы, шикізат ресурстары тұрғысынан пайдалылығы оның әлемдік сауда-экономикалық қауымдастығына жылдам енуіне негіз болды. Қазақстанның бейбітсүйгіш сыртқы саясаты әлемдегі ынтымақ, теңдік, өзара сенім атмосферасын нығайтуға үлес қоса бастады.

Кез келген мемлекет алғашында экономикалық тапшылықтың талаптарын келісімге келген істер арқылы, қауымдастық мәселелерінің шешімін табу арқылы шешіп отырған. Яғни, қазіргі заман талабына сәйкес, дүниежүзілік тәжірибе айқындап көрсеткендей, ешбір мемлекет өз бетімен дами алмайды.

1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылданып, еліміз әлемдік істер мен адам баласына ортақ мәселелерге араласу, адамзаттың саяси, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми, гуманитарлық және т.б. маңызды салалардағы жетістіктерін қолдану мүмкіндіктеріне ие болды.

Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуының, Қазақстанның қазіргі заманда ядролық қаруды таратпау келісіміне кіруінің маңызы зор болды, сондықтан нәтижесінде Қазақстан Республикасын барлық мемлекеттер мойындап, дүние жүзіндегі елдердің көпшілігімен және көрші елдермен саяси, ынтымақтастық, жоғары сенім, дипломатиялық қарым-қатынастар орнап, халықаралық аренада қоғамдық дипломатия арқылы өзін көрсетіп, елімізді сыртқы елмен байланыстыратын инфрақұрылым мен нақты каналдар құрылды.

Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» еңбегінде Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мәселелері стратегиялық басымдық ретінде аталады. Қазақстан халықаралық деңгейде басқа мемлекеттермен бірлесіп терроризм және діни экстремизммен күресу барысына ат салысып, ТМД мемлекеттерімен бірлесіп антитеррористік орталық ашылып, көп жақты кездесулер ұйымдастырылып, терроризм мен діни экстремизммен күресу мәселелері қаралды.

Қазақстанның территориялық біртұтастылығы мен ұлттық қауіпсіздікті күшейту мақсатында НАТО-мен қауымдастық орнап, НАТО-ға мүше мемлекеттер арасында маңызды рөлге ие мемлекет болды, Қазақстан НАТО-ның «бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасына қосылды.

Қазіргі уақытта «Қазақстанның бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылу стратегиясын» жүзеге асыруға бағытталған құжат Қазақстанның қазіргі әлемнің геосаяси кеңістігі жүйесіндегі орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақстанның сыртқы саясатының алдында маңызды мақсат-міндеттер тұр, ол бойынша өзінің тауарларын әлемдік нарыққа шығару, шетел әріптестермен сауда-экономикалық байланыстар орнату.

Қазақстанның мұнайды сыртқы нарыққа тасымалдауы өзекті мәселе болып тұр. Қазақстан бәсекелестіктің дамуына сәйкес мұнай мен газ құбырлары құрылысына көп көңіл бөлуде.

Қазақстан әлемдік қауымдастықтың экологиялық мәселелерді шешудегі күш-жігерін біріктіруіне мүдделі, Семей полигоны, Арал теңізі сияқты апат аймақтарының мәселелері басқа мемлекеттермен бірлесе отырып шешілетіні белгілі.

Қазақстан – халықаралық қауымдастықтың беделді мүшесі. Еліміз – көпвекторлы дипломатиялық қатынастарымен белгілі сенімді серіктес. Шетелдік саясаттанушылар Қазақстанның ғаламдық бастамаларын ерекше атап көрсетеді. Әлемдік қауымдастық Қазақ елінің ядролық қаруды таратпау режимін нығайту және халықаралық терроризммен күрес бағытындағы іс-қимылдарын жоғары бағалайды.

Қорыта айтқанда, ішкі және сыртқы саясатты бірдей дұрыс жүргізудегі қоғамдық дипломатияның ролінің ерекшелігін уақыт дәлелдеді. Қазақстан Республикасының қоғамдық дипломатиясын қалыптастырудың ерекшеліктері халықаралық аренада әлемдік деңгейде оң байланыс жасайтын және өзектілікке ие бастамалардың өзіндік ерекшеліктері болып табылады. Қоғамдық дипломатия шетелдік аудиторияларды зерделеуге, әртүрлі елдердегі халықтың кең топтарымен байланыс орнатуға бағытталған шаралар жиынтығы ретінде сыртқы саяси қатынастар саласындағы салыстырмалы жаңа құбылыс болып табылады және жаһандану қанат жайған сайын белсенді дамып келеді.

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдары

Жаһандану үдерісі дами түскен сайын бүкіл халықаралық қауымдастықтағы өзара қарым-қатынас деңгейі біртіндеп өсіп келеді. Бұл жағдайда мемлекеттің имиджін жақсарту, елге деген ынтамақтастықты арттыру және оның халықаралық қоғамдастық тарапынан саяси бағытын айқындау ұлттық даму стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады. Қоғамдық дипломатияны сәтті жүзеге асырудың аса маңызы артты.

Қоғамдық дипломатия – бұл қазіргі кездегі мемлекеттердің сыртқы саясатын жүзеге асырушы құрал. Билік өкілдері мемлекеттік емес акторлардың мүмкіндіктерін қолданып, басқа да елдердің саяси элиталарына ықпал жасау арқылы, осы элита топтарын басқарушылық шешім қабылдауға жетелеуі. Оған арнайы қалыптастырылған қоғамдық пікір, гуманитарлық ынтымақтастық, мәдени алмасу кіреді.

Қоғамдық дипломатияның субъектісі болып табылатын аталған акторлар байланыстарды өз беттерінше орнатып, кейбір жағдайларда шетелдердің үкіметтік құрылымдарына ықпал ету күшіне де ие болады. Акторлардың осы үрдістегі іс шараларын мемлекет түрлі бағыттар арқылы бақылау жасауға мүдделі. Сонымен қатар, экономикалық, идеологиялық рухани құндылықтар жүйесі арқылы үрдістерді ынталандыруға ұмтылады [200].

Қоғамдық дипломатия сонымен қатар, мемлекеттің сыртқы саясатының өміршең мақсаттарын жүзеге асырудағы нысан және құралдары ролін атқарады.

Қоғамдық дипломатияны, идея, ақпарат, мәдени құндылықтармен, дәстүрлермен, діни-сенімдермен алмасу түрі ретінде қарастыруға болады. Қоғамдық дипломатия мемлекеттер, халықаралық ұйымдар және басқа да халықаралық қатынастар жүйесіндегі институттар арасындағы сыртқы байланыс саласындағы стратегиялық және тактикалық мақсаттарға негізделген іс-әрекеттердің кешені деп тұжырымдауға болады [201].

Мемлекеттердің қоғамдық дипломатиясына ықпал етуші бірқатар факторлар бар: сыртқы саясатының басым бағыттары; елдің халықаралық аренада жағымды имидж қалыптастыруға деген ұмтылысы; елдің тарихы; мәдени саясаттың қорлары және олардың қаржыландырылуы; елдің мемлекеттік тілінің әлемде таралуына жағдай жасау; мемлекеттің коммерциялық мүдделері.

Қоғамдық дипломатия бастамалары аясында бірнеше шаралар қолданылады: өнер туындылары, оның ішінде кинематография, музыка, би, бейнелеу, мүсіндеу; көрмелер, халықаралық көрмелер, ЭКСПО; білім беру бағдарламалары, академиялық ғылыми алмасу бағдарламалары, шетелдердегі тілдік тәжірибеден өту бағдарламалары; әдебиет туындылары, шетелдерге ұлттық әдеби туындыларын аударып тарату; басқа елдерге жаңалықтарды және мәдени бағдарламаларды тарату; діни дипломатия, оның ішінде дінаралық үнқату шаралары.

Қоғамдық дипломатияның тәжірибесінде екі негізгі қызмет түрі қолданылады:

1) баспасөзде жариялану сипаты, радио мен теледидарда сөйлеген сөздерін насихаттау; сондай-ақ шетелдік аудиторияға арналған интернет-басылымдардағы материалдар;

2) мәдениетаралық коммуникациялар, халықаралық спорт жарыстары және т.б. шетелдік азаматтармен тікелей байланыс орнату. Қазақстанның мәдени дипломатиялық өнімдері дәл алпауыт мемлекеттердей емес. Мысалы Голливуд фильмдері немесе батыс әншілері сияқты атағы жер жарып тұрған тұлғалар көп емес, бірақ соңғы бес жылдың ішінде WBA, IBF және IBO титулдарының иегері, атақты боксшы Геннадий Головкин Қазақстанды Америкада кеңінен танытты.

Г. Головкинге американдық спорт киімдер шығаратын «Jordan» атты бренді арнайы спорт киімдерін шығарды. Американдықтар тарапынан сансыз фанаттардың болуынан осындай қадам жасаған «Jordan» компаниясының басшысы Том Леффлерде Г.Головкиннің жанкүйері екенін өзінің Twitter парақшасында бірнеше рет білдірген болатын. Атақты спортшы үшін әлемге әйгілі «Nike» бренді де киім үлгілерін шығарды. Еліміздің баспасөз беттері Г.Головкинді қазақты танытып жүрген жұлдыз ретінде бейнелейді. Америкада жаттығып жүрген Геннадий әр жекпе-жегінде қазақтың ою басқан шапанымен шығуды дәстүрге айналдырды. Шапанымен талай жеңіске жеткен Г.Головкинді Tengrinews-тің сайтында «Сменит ли Головкин чапан на мексиканский наряд. Букмекеры опубликовали специальную линию на бой с Альваресом» атты мақалада киімі үшін букмекерлік орталық дауыс беруді ұйымдастырған.

Г.Головкиннің әр жекпе-жегін дүние жүзі асыға күтіп тамашалауы, шетел баспасөз беттерінен көрінуі шетел азаматтарына өзіндік мәдени ықпал жасауда. Ал, Қазақстандық әнші, Витебск қаласында өткен XXIV халықаралық эстрадалық ән орындаушыла «Славян базары-2015» байқауында Гран-при жеңіп алған, «Халық сүйіктісі» Димаш Құдайбергенов мәдени дипломатияның шетелдегі бір көрінісі. Халықаралық музыка, ән аренасында мойындалған Димаш Құдайбергеновке Ресейдің атақты композиторы И.Крутой жаңа ән арнады. Сонымен қатар Қытай, Ұлыбритания, Америка, Ресей секілді алпауыт мемлекеттерде Димаш ән байқауларында жеңіске жетіп, Қазақстанның атын шығаруда.

Соңғы жылдардағы қоғамдық дипломатия аясында жүргізіліп отырған мемлекеттердің сыртқы саяси бағытының талдауы арқылы, мемлекеттің өзегін құрайтын жетекші идеяны, қоғамдық дипломатия арқылы таратудың кеңінен тарағанын байқаймыз. Атап айтқанда, Америка Құрама Штаттары еркіндік, демократия, азаматтық қоғам идеяларын дәріптесе, Батыс Еуропа мәдени дипломатияның бағыттарын адам құқығы идеясы шеңберінде жүргізіп келеді. Ал Қытай елі конфуциандық идеология арқылы өз мәдени құндылықтарын дәріптеуді дәстүрге айналдырған.

Қазақстанның сыртқы саяси бағытында қоғамдық дипломатия мәселелеріне ерекше назар аударылып, халықаралық қауымдастықта жағымды

имиджін қалыптастыру маңызды мәселеге айналды. Қазақстанның қоғамдық дипломатиясын жүзеге асыруға қатысатын төмендегідей институттарды айқындауға болады:

1. Мемлекеттік билік органдары және оның құрылымдары – Ақпарат және баспасөз Департаменті.

2. Үкіметтік емес ұйымдар, азаматтық қоғам институттары – бұл бағыт бойынша шетелдерде көптеген ресми өкілдіктер құрылып, олар шетелдерде қазақ тілін және қазақ мәдениетін дәріптеумен айналысады. Қазіргі таңда алыс және жақын шет елдерде Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдары өз қызметін жүргізуде. Олардың қызметінің бағыттары да Қазақстанның мәдени дипломатия бойынша жүргізіп отырған саясатымен өзектес.

3. Ғаламдық БАҚ: телеарналар кеңінен және жедел түрде, негізгі әлемдік саяси оқиғаларға қатысты Қазақстан мемлекетінің көзқарасын, ұстанымдарын таратумен айналысады [202].

Қазақстандық жоғарғы оқу орындары қабырғаларында дүниежүзінен келген шетелдік студенттер білім алуда. Сонымен қатар, академиялық ұтқырлық шеңберінде аталған университеттерден тағылымдамадан өтуде. 2010 жылы Ауған студенттеріне Қазақстанда білім алу мүмкіндігі ашылған болатын. Алматы қалалық «Ариана» ауған орталығының басшысы Восток Ахмадулланың "Sp.Kz" сайтында жарияланған сұхбатында былай айтады: "Қазақстан Республикасының сарабал саясатының арқасында ұлт көшбасшысының барлық конфессия ұлт өкілдері өздерінің әдет-ғұрып ережелеріне сәйкес өмір сүре алады. Және мұны әлемдік дін өкілдерінің дүниежүзілік жиыны куәландыра алады. Қазақстанда 18 миллион халық өмір сүретініне қарамастан, елімізде бейбітшілік пен елісім орнаған. Бірін-бірі сыйлайтын және толернатты халықтар тату-тәтті бір шаңырақ астында өмір сүруім Елбасымыздың саясаты мен жақсылығы деп білеміз [203]. Шетелдік жоғары оқу орындары мен Қазақстан университеттерінің арасында студенттерге білім алу үшін қос дипломды бірлескен білім беру бағдарламалары ашылған, бұл бағдарламалар бойынша түлектер білім алуда. Аталған білім саласындағы саясат та Қазақстанның қоғамдық дипломатиясын алыс және жақын шет елдерде және Орталық Азия аймағында кеңінен таратуға қомақты үлесі қосатын іс-шаралар кешеніне кіреді. Өйткені, шетелдер үшін мамандарды дайындау саласындағы Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі мақсаты, шетелдердің болашақ саяси элитасын дайындау арқылы геосаяси және әлеуметтік-экономикалық мүдделерін жүзеге асыру болып табылады.

Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының филиалдары шетелдерде кеңінен тараған. Әрі білім беру жұмыстарын атқаруда.

Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының қызметі шетелдік филиалдары төмендегідей міндеттерді шешуге бағытталған:

- шетелдерде қазақ тілін және Қазақстан мәдениетін үйрену ісін кеңінен тарату;

- таяу шетелдерде қазақ мәдениетінің, қазақ тілінің сақталуына жағдай жасау;

- отандастарының құқықтарын, оның ішінде қазақ тілінде білім алуға деген құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беру;

- барлық посткеңестік кеңістікте бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті қалыптастыру.

Қазақстанның қоғамдық дипломатия бағытындағы ең маңызды қадамы – бұл алыс және шетелдердегі қазақ тілді бауырластармен өзара байланысты арттыру. Қазақстанның сыртқы саясатының тұжырымдамасында шетелдерде өмір сүретін Қазақстан азаматтары мен отандастардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау мәселесі Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі мақсаттарының аясында қарастырылады.

Қоғамдық дипломатия шеңберінде мемлекеттің имидждік стратегиясын да қарастыруға болады. Имидждік стратегия – барлық бұқаралық коммуникация арналары және қоғамдық дипломатия арқылы әлемдік қауымдастықтағы қоғамдық пікірде елдің жағымды бейнесін қалыптастыру бойынша ұзақ мерзімге бағытталған мемлекеттің стратегиясы.

Қазіргі кезеңде Қазақстан тарапынан жүргізіліп отырған, Қазақстанның жағымды имиджін қалыптастыру бойынша мемлекеттік жобаларды төмендегідей негізгі бағыттарға бөліп қарастыруға болады:

– экономикалық жобалар: экономикалық форумдар. Мақсаты: қолайлы инвестициялық жағдай қалыптастыру, экономикалық ынтымақтастықтың интенсификациясы, Қазақстанды тұрақты және сенімді экономикалық әріптес ретінде дәріптеу;

– мәдени, ғылыми және білім беру жобалары: ЮНЕСКО, халықаралық мәдени ынтымақтастық, конференциялар, дөңгелек үстелдер шеңберінде Қазақстанның жетістіктерін дәріптеу;

– әлеуметтік жобалар: түрлі әлеуметтік халықаралық жобаларға Қазақстанның қатысуы (індет ауруларға, есірткіге қарсы, табиғи апаттардан зардап шеккен елдерге гуманитарлық көмек көрсету);

– спорттық жобалар: олимпиадалар, жастардың универсиадалары;

– мерекелік жобалар: тарихи оқиғаларға ерекше мән беру арқылы, Қазақстанның үлесін дәріптеу (Қазақ хандығының 550 жылдығы, тарихи қалалардың мерейтойлары);

– медиалық жобалар: аса маңызды медиалық жобалардың жүзеге асуы.

Имидждік стратегияның маңызды бөлігі ретіндегі халықтың сана-сезімін білдіретін қоғамның құндылықтар жүйесіндегі – ұлттық идея мәселесіне де қазіргі таңда ерекше ден қойылуда.

Осы орайда, «Болашақ» халықаралық стипендиясы мемлекеттің сыртқы саяси имиджін қалыптастырудағы маңызды қадам ретінде есептеледі.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен құрылған.

Посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттер тарихында алғаш рет талантты жастарға шетелде білім алу мүмкіндігі берілді. «Болашақ» стипендиясы түлектердің табысты мансаптық өсуі мен кәсіптік өзін-өзі жетілдірудің өзіндік кепіліне айналды. Жылдар өте, бағдарлама қарқын алып, мемлекеттік тапсырмаларды іске асыруға бейімделді.

1997 жыл – елдің дамуындағы негізгі кезеңнің бірі. Мемлекет басшысы 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын ұсынды. Стратегияның мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыру үшін «Болашақ» бағдарламасына да өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурыздағы №3375 Жарлығымен бекітілген Ережеде құжаттарды қабылдау және үміткерлерді іріктеу рәсімдері қозғалды, сондай-ақ стипендиаттарды оқуының толық курсын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және ұйымдарына жұмысқа орналастыру көзделді. Сонымен қатар, оқу бағыттарындағы үйлеспеушіліктер туралы мәселені шешу талап етілді. 1994–1997 жж. стипендия, негізінен, қазақстандық жоғары оқу орындарының экономикалық және гуманитарлық факультеттерінің түлектеріне тағайындалды. Техникалық факультеттердің түлектері бағдарламада өте аз ұсынылған. Бұл ең алдымен, техникалық мамандықтардың оқу жоспарларында экономикалық және гуманитарлық мамандықтардың оқу жоспарларымен салыстырғанда шет тілдерін аз көлемде игеру көзделетіндігіне байланысты болды.

Бағдарлама іске асырылған алғашқы жылдары стипендиаттар төрт елде ғана оқыған (АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Франция). Кейінгі жылдары шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықтың дамуына, сондай-ақ, үміткерлерді іріктеу қағидаларына кандидаттарды іріктеуді шетелде өз бетімен оқып жатқан үміткерлер арасында жүргізуге қатысты толықтырулардың енгізілуіне байланысты оқу елдерінің аумағы кеңейді. 2000 жылдан бастап «Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына сәйкес, инженерлік және техникалық білімі бар үміткерлер шет тілдерінің бірін еркін меңгеру туралы талапты есепке алмай конкурсқа қатысу құқығына ие болды.

1994–2004 жылдар кезеңінде 13 елде оқу үшін 780 стипендия тағайындалған. 2005 жылы Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында жыл сайын үш мың жас және талантты қазақстандыққа әлемнің жетекші оқу орындарында оқу мүмкіндігін беру қажеттілігі туралы жариялады.

Стипендианттар санын арттыру қажеттілігі уақыт талабы болып отыр. Қалыптасқан нарықтық экономика жағдайларында мемлекет бәсекеге қабілетті экономика үлгісіне және Қазақстан үшін басымды индустриалды-инновациялық даму, білім және ғылым, менеджмент, маркетинг, логистика, жаңа ақпараттық технологиялар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және басқа да салалардағы мамандарға қажеттілік ұдайы өсіп келе жатқан

салалардың тұрақты өсуіне негізделген даму жолын таңдады. Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі 2005 жылғы 4 сәуірдегі № 301 қаулысымен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамын құрды.

Стипендиаттарға елге келгеннен кейін бес жыл жұмыс істеу үшін міндеттемелерді бекітіп беретін шарттық база әзірленді, үміткерлерді іріктеудің жаңа ережесі бекітілді, шетелдік жоғары оқу орындарының географиясы әлемнің 13 елінен 33 еліне дейін кеңейтілді. Шығыс бағыты дамытылып, оқу үшін ұсынылатын шетелдік жоғары оқу орындарының қатарына Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Малайзия және Сингапурдің прогрессивті университеттері, сондай-ақ посткеңестік мемлекеттердің жоғары оқу орындары енгізілді. Экономиканың басым мамандықтары үшін берілген салаларда (мұнай-газ ісі, энергетика және т.б.) жылдары тағайындалған гранттар саны «Болашақ» бағдарламасы іске асырылған алдыңғы қатарлы технологияларды қолданатын оқу елдері анықталды [22, б. 12].

2005-2006 жылдары тағайындалған гранттар саны «Болашақ» бағдарламасын іске асырудың барлық тарихындағы рекордтық сан – 2 574 адамға жетті.

2008 жылдан бастап елді мекендерде білім деңгейін арттыру («ауыл жастары» санаты енгізілген), мемлекеттік аппаратты реформалау («мемлекеттік қызметшілер» санаты енгізілді) және елдің ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту («магистратураға ғылыми-педагог қызметкер» және «тағылымдамаға ғылыми қызметкер» санаттары енгізілді) мақсатында бағдарламаға қолжетімділік кеңейтілген.

2011 жылдан бастап бакалавриат бағдарламасы бойынша оқыту тоқтатылды. Жұмыс берушілердің нақты тапсырыстары бойынша мамандар даярлауды және жұмыс беруші, стипендиат және «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ арасында үш жақты шарт жасауды көздейтін бағдарламалық-мақсаттық тетік енгізілді.

Қазақстанның қоғамдық дипломатиялық жұмыстары мәдениет, оқу, медиа және өсу жәрдемдері салаларында өрбиді. Қоғамдық дипломатия ұғымын насихаттау негізінде Қазақстан болашақтың саясат мамандарының назарында болымды бір Қазақстан мемлекеті көрінісін қалыптастыруды мақсат етеді.

Аймақпен ынтымақтастықтарында оқу жұмыстарына арнайы мән берген Қазақстан 1992 жылдан бері шетелдерден мыңдаған студентті қонақ етті. Сондай-ақ, қазақ тілінің кең тарауы жөнінде жасаған жұмыстарымен Қазақстанның маңызды қоғамдық дипломатиялық құралдарының біріне айналған Абай институты аймақта жұмыстарын Пекин мен Шанхай орталықтары арқылы жалғастыруда.

Қазақстандық қоғамдық дипломатияның тәжірибесін қалыптастыру аясында соңғы кезеңдегі күн тәртібінде бірнеше жыл бойы мәдени және қоғамдық дипломатия мәселесі көтеріліп келеді. 2016 жылы 100-ден астам шетелдік студенттер Қазақстанда оқуға грант алды, алайда шетелдік студенттерге арналған ұқсас бағдарламаларды ұлғайту жоспарлануда.

Қазақстанның жоғары оқу орындарында 2015 жылы 9 мыңнан астам шетел азаматтары білім алды.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы табысты мәнсаптық өсудің және оның бітірушілерінің кәсіби қалыптасуының өзіндік кепілі. Мұның дәлелі ретінде бағдарламаның көптеген бітірушілері мемлекеттік қызметтерде, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарда, акционерлік құрылымдарда жауапты қызметтер атқарады. Мемлекеттік және халықаралық жобалардың бірнеше түрімен жұмыс жасайды, осылайша мемлекеттің дамуына өз үлестерін қосады.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша АҚШ, Англия, Германия, Ресей, Австралия, Австрия, Венгрия, Дания, Испания, Италия, Канада, Қытай, Франция, Чехия, Швеция, Швейцария, Жапония және т.б. елдерде білім алады.

Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдегі үздік университеттерде білім алу мүмкіндігін беретін Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясына назар аудару қажет, ол Қазақстанда оқуды табысты аяқтау және одан әрі жұмыс істеу үшін міндетті шарт болып табылады.

Қазақстандық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оны дәріптеу шеңберінде Астана қаласында Назарбаев Университетінің ашылуы. Онда әлемнің жетекші университеттерінің оқытушылары ағылшын тілінде сабақ береді.

Жылдан жылға бағдарлама серпінділікке ие болды және қоғамдық тапсырмаларды орындауға бейімделді. 1997 - ел дамуының басты кезеңдерінің бірі. Мемлекет басшысы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын таныстырды. Стратегияның мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыру үшін «Болашақ» бағдарламасына өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурыздағы № 3375 Жарлығымен бекітілген Ереже, құжаттарды қабылдау және талапкерлерді іріктеу рәсімдеріне әсерін тигізді, сондай-ақ оқудың толық курсы аяқтағаннан кейін стипендиаттарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және ұйымдарына орналастыруды көздейді. 1993 жылдан 2013 жылға дейін «Болашақ» халықаралық стипендиясына әлемнің 33 еліндегі 200 ең жақсы университеттерінде оқуға 10 346 қазақстандыққа стипендия берілді.

Қазақстан Республикасының сыртқы басым міндеттерінің айрықша сипаттамасы - экономикалық өсім бағытындағы маңызды бағытты және әлемдік деңгейде мемлекеттік субъективтілік үрдісін иеленетін интеграциялық үдерістердің маңыздылығы және практикалық іске асырылуы.

Өткен жылдардағы стратегиялық жоспарлаудың оң тәжірибесін ескере отырып, «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» әзірленді, онда дамудың жеті басым бағыты мақсатқа жетудің практикалық қадамдары ретінде анықталды.

Осылайша, 2006 жылдың қараша айында Стамбулда өткен түркітілдес елдер басшыларының VII саммитінде Н.А. Назарбаев Түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясын құру идеясын ұсынды.

Осыған қарамастан, ҚР-да белсенді дамып келе жатқан саяси, экономикалық және мәдени салаларды біріктіруге қабілетті қоғамдық дипломатияның стратегиясын жасаудың барлық негіздері бар.

Әрбір Дүниежүзілік көрме халықаралық қоғамдастықтың назарын аударатын басты құбылыс. Көрмелерге мемлекет басшылары, құрметті қонақтар, беделді делегациялар ресми түрде қатысады. Соның бірі «ЭКСПО» көрмесі. «ЭКСПО» дипломатия мен қарапайым адамдар арасындағы қашықтықты жақындатады. Әрбір көрермен ұсынылған экспонаттарды еркін көре алады, мемлекет басшысының сөйлеген сөздерін тыңдайды, ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қою процесін жеке бақылайды және т.б. Дәстүрлі дипломатиядан айырмашылығы, қоғамдық дипломатия мәдениетаралық қарым-қатынасқа бағытталып, «ЭКСПО» барысында түрлі елдер арасындағы мәдениет, экономика және саясат саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың негізін нығайтатын көптеген кездесулер, талқылаулар, келіссөздер, тақырыптық көрмелер, презентациялар, концерттер өткізілді. Көрменің өткені әлемдік оқиға ретінде дүние жүзінің жетекші БАҚ назарын аударады. Корреспонденттер көрмеден, жаңалықтардан хабардар болып қана қоймай, мемлекеттік көшбасшылармен, мемлекеттік қызметшілермен және шетелдік туристермен, қоғамдық дипломатия жүргізушілермен бірге әрекет етеді.

Ең алғашқы «ЭКСПО» Англияның принці Альберттің ұсынысы бойынша 1851 жылы Гайдпаркте өткен болатын. Хрустальды сарайда орын алған «ЭКСПО» -ның тақырыбы: «Барлық ұлттардың өнеркәсіптік жұмыстарының ұлы көрмесі» болып аталды. Осы көрмеден кейін халықаралық аренада дизайн мектептері, туризм саласы және өндіріс өнері пайда болды. Осы көрме халықаралық сауданың жандануына септігін тигізді. Одан кейін 1855, 1878 жылдары Парижде, 1939 жылы Нью-Йоркте, 1985 жылы Цукуба — Жапонияда, 1992 жылы Севилья — Италияда, 1998 жылы Лиссабон — Португалияда, 2000 жылы Шанхай — Қытайда «ЭКСПО» халықаралық көрмелері өтті.

«ЭКСПО» ны өткізу - қабылдаушы ел үшін өте маңызды, қоғамдық дипломатия саласындағы әртүрлі бағдарламаларды енгізу үшін зор мүмкіндіктер береді. Көрменің басты мақсаты - экономика, мәдениет және ғылыми технологиялар саласында мәдениетаралық қарым-қатынасты дамыту. Бүкіл әлемнен жүздеген мың туристерді тартады.

Астанада өткен «ЭКСПО – 2017» көрмесіне 22 халықаралық ұйымдар және 180-нен астам әлем елдері қатысты. Қазақстан үшін маңызы бар тарихи оқиғаны 4 миллионға жуық адам тамашалады. Астанадағы халықаралық көрмеге қатысқан қонақтардың басым бөлігі Ресей мен Қытай елдерінен келген туристер болды.

Онда 4,5 мың волонтер жұмыс істеді. Бұл өз ауқымы, қатысушылардың саны мен қонақтардың деңгейі бойынша ең үлкен іс-шараға айналды.

Көрмені БАҚ-та 1200-ге жуық журналист жан-жақты жазып, тарқатып

отырды. Деректерге сүйенсек оның 400 отандық журналистер болса ал 800 шетелдік журналистер.

Көрме үшін құрылған медиацентрде 500 дей адам сияды. Медиацентрде жиналған журналистер көрме ашылуы туралы материалдарды 665 аумақтық БАҚ-на тарқатып отырды [204].

Көрменің қытай павильонының комиссары Ванг-Цзинь-Жень әлемнің жүздеген елдерінде көрсетілетін, аудиториясы 85 миллион адамды құрайтын "Си-Джи-Ти-Эн" телеарнасына : "Көрме альтернативті энергияны паш етті, болашақта жаһандық мәселелерді шешуге арналған жаңа идея" деген сұхбат берген. Белорусияның ұлттық телерадиокомпаниясы көрме жайлы мынадай пікір білдірген екен: «ЭКСПО – 2017» уақыт машинасымен болашаққа барып келгендей әсер қалдырды. Деректерге сүйенсек арал секілді Қазақстаннан әлдеқайда алыс мемлекеттерде көрме туралы хабардар болып отырған екен [205].

Ұлыбританияда, Британдық Кеңестің әдістемелеріне сәйкес, қоғамдық дипломатия бағдарламаларын басшылыққа алатын төрт топты атауға болады: атақты адамдар (атақ, дәрежесі бойынша топ-100-ге кіретіндер); ғылыми қызметкерлер және гуманитарлық мамандықтар өкілдері (корреспонденттер, адвокаттар, оқытушылар); жас мамандар; зиялы қауым. Бұл жіктеу байланыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу деректеріне сүйене отырып, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. «ЭКСПО – 2017» көрмесіне келген қонақтар Қазақстан туралы біліп, елдің имиджі артты.
2. Қазақстан өткізген «ЭКСПО» халықаралық көрмесі шетелдік қонақтардың көпшілігі үшін жоғары деңгейде өткен көрме болып танылды.
3. «ЭКСПО – 2017» -ге әлемдік қоғамдастық тарапынан көңіл бөлінді. Көрменің басты мақсаттарының бірі Қазақстанның қоғамдық имиджін көтеру болды.

Саясат халықаралық қоғамда маңызды рөл атқарады. Зерттеулерге сәйкес, әртүрлі елдер Қазақстанның мемлекеттік имиджін түрлі жолдармен бағалайды. Африка, Америка Құрама Штаттары, Латын Америкасы оң бағалайды. Мемлекеттік имиджді қысқа мерзімде өзгерту мүмкін емес. Алайда, бағалау бір елдің ішінде де сәйкес келмеуі мүмкін. Мысалы, тұтастай алғанда Германияда Қазақстанның ұлттық имиджі жоғары емес. Бірақ «ЭКСПО – 2017» -ге қатысқан немістер (бизнесмендер, ғалымдар, яғни, қоғамдық элитаның өкілдері) елге жақсы баға берді. Бұл қоғамдық дипломатиялық іс-шаралар өту кезінде мақсатты аудиторияға бағытталады.

Қоғамдық дипломатия үдерісінде елдер арасындағы байланыс орнатудың тиімді әдістерінің бірі бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану. Қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат таратушысы ретінде ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырудың құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Осылайша, БАҚ мемлекеттің сыртқы саяси бағытына айтарлықтай әсер етеді. Белгілі бір елмен өзара әрекеттесу стратегиясын қалыптастырған кезде,

көрменің (санын, тақырыбын, бағытын, тенденция дәрежесін және т.б.) есептер мен хат-хабарларды талдау өте пайдалы болды.

«ЭКСПО – 2017» жабылғаннан кейін, шетелдік баспасөзде - АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Германия, Франция, Ресей, Жапония және Оңтүстік Кореяның басылымдарында жалпы алғанда көптеген баяндамалар жарияланды. Олар ақпараттық агенттіктерден келді. Әлемдік бұқаралық ақпарат құралдары көрменің ашылуына және іске қосылуына ерекше көңіл бөлді.

Бұл «ЭКСПО» халықаралық тұрғыдан батыс елдерінде оң әсер қалдырды. Қатысушылар ең белсенді журналистер «ЭКСПО» қатысушылары тарапынан әр түрлі іс-шараларды (конференциялар, кездесулер, презентациялар және т.б.) ұйымдастырды.

«ЭКСПО» ақпараттық оқиға болды, оның негізінде корреспонденттер Қазақстан экономикасының және мәдениетінің көрме павильондарының құрылысы, урбанизацияны дамыту және т.б. мәселелерін тереңдетті. Осы түрдегі баяндамаларда «ЭКСПО – 2017»-нің Қазақстан үшін маңызы ерекше болды. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары ең алдымен көрме туралы жаңалықтарды хабарлап отырды.

Интернет желісінің дамуына байланысты қоғамдық дипломатияның қойылған міндеттерін шешуге қосымша мүмкіндіктері болды. Бүгінгі күні ғаламтор пайдаланушылар үйден шықпай-ақ түрлі әлемдік оқиғаларға қатыса алады. Осылайша, халықаралық көрмені, оған қатысты ақпаратты интернеттен тамашалауға мүмкіндіктер зор болды.

Жаһандық Интернет пайдаланушылар үшін көрмені ұйымдастырушылар ресми сайттарын құрды. Түрлі павильондарда көрсетілетін ең қызықтысы сайт болып табылды. Осы сайтқа кіріп қараушылардың жалпы саны өте көп болды. Осылайша, шетелдік қонақтардың саны 4 миллионға жетті, бұл «ЭКСПО» -ға отандық туристер санынан әлдеқайда көп. Интернет технологияларды дамыту Интернет-пайдаланушыларының белгілі бір қауымдастығын қоғамдық дипломатияға қатысуға шақырады. Сонымен қатар, Интернет үкімет пен халық арасындағы байланыс үшін сенімді платформа болатынын айтуға болады.

Кезекті «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізетін ел мәртебесі Қазақстанның елордасы Астана қаласына бұйырғандығы 2012 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында өткен ХКБ-нің «ЭКСПО» халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды. Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша ХКБ-ның 103 мүше-мемлекеті Астана қаласына дауыс берсе, біздің бәсекелесіміз бельгиялық Льеж қаласы 44 дауыс жинаған.

Қазақстан тарапынан барған ұйымдастырушылар Астанада өткізілетін «ЭКСПО-2017» көрмесінің басты тақырыбы ретінде «Болашақтың энергиясы» атты тақырыпты ұсыну себебі, ол ең алдымен, баламалы энергия көздерін дамытуды қоса алғанда, энергетикадағы сапалы өзгерістер жолы мен оны тасымалдау тәсілдерін іздестіруге бағытталғандығы болып табылады. Екіншіден, орнықты энергиямен жабдықтау осы күнде жаһандық көлемдегі негізгі мәселе болып саналады және оны шешу экономикалық өсімді

камтамасыз ету және қоршаған ортаға келер зиянды төмендетуге септігін тигізеді. Үшіншіден, Қазақстанның бұл тақырыпты таңдауының басты негізі - еліміздің дәстүрлі энергиялық ресурстардың елеулі қорына ие бола отырып, баламалы энергия көздерін пайдалану жөніндегі шараларды дәйекті түрде қабылдауда және «жасыл» экономика құру бағытын ұстанғандығы.

«ЭКСПО» - индустрияландырудың символы. Техникалық жетістіктер мен техниканың өзін назарға салатын халықаралық көрме. «ЭКСПО» көрмелерінде әлемнің барлық мемлекеті өздерінің ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін көрсетеді. Олар жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастырады. Мұндай іс-шараға барлық құрлықтың ондаған елінен миллиондаған адам қатысады[100].

Бәсі биік бәсекеде Астананың жеңіп шығуына бірнеше факторлар ықпал еткендігі аян[100, с. 23]:

1. Біріншіден, елордамыздың әлемдік-деңгейдегі шараны лайықты өткізе алатын орталық ретінде қалыптасқаны баршаға белгілі болды[100, с. 25].
2. Екіншіден, таңдаудың Қазақстан пайдасына шешілуі мемлекетіміздің табыстары жоғары бағаланғанын білдіреді және Еуразия өңірінде-де оның даму келешегі кемел екенін айғақтай түседі[100, с. 24].
3. Үшіншіден, біздің «Болашақтың энергиясы» атты өзекті тақырыпты ұсынуымыз жеңіске жетуімізге көмектесті[100, с. 26].

Көп жылғы тарихы бар «ЭКСПО» көрмесі техникалық және технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ оған мүше елдердің тарихын, дәстүрі мен мәдениетін көрсету үшін өткізілді[101]. Бұл көрме бүкіл әлемдік қоғамдастықтың және оны тамашалаушы миллиондаған адамның назарын өзіне аударатын ірі оқиға болып саналады. Сонымен қатар, «ЭКСПО» көрмесі экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамудың жаңа үрдістерін қалыптастыру алаңы қызметін атқарады.

Астанадағы көрмеге қатысушы мемлекеттер өздерінің энергия саласындағы техникалық жетістіктерімен барша жұртты тәнті етті. Әсіресе, қазіргі таңда сұранысқа ие балама энергия көздерін алу мақсатындағы құрылғылармен таныстырды. Сарқылмайтын энергия көздеріне жататын: күн сәулесі, жел, жер асты сулары арқылы энергия алу болашақта адамзатқа қажетті ресурс түрі.

«ЭКСПО – 2017» жылы 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өтті. Бұл көрменің бізге әлеуметтік тұрғыда, экономикалық тұрғыдан да пайдасы болды. «ЭКСПО» халықаралық көрмесі Қазақстанның мәртебесін күллі әлемге паш етті. Халықаралық көрмелер бюросының штаб-пәтерінде Қазақстанның жеңісі бізге деген қызығушылықтың барын көрсетеді. Бельгияға 44 дауыс, Қазақстанға 104 дауыстың берілгені халықаралық аренада үлкен қызығушылыққа ие екеніміз және өзіміздің мүмкіндіктерімізді көрсетудің алғашқы қадамы болды.

Ауқымы жағынан Олимпиада ойындары мен әлемдік футбол чемпионатынан кейінгі орында тұрған көрмені ТМД кеңістігінде тұңғыш рет Қазақстан өткізді. Бұл әрі сыртқы саясаттағы жетістігіміз бен елді біріктіріп, тұтастыра түседі.

Астанаға 3 айдың ішінде 5 миллионның үстінде адам келді. Бұл миллиондардың ішінде инвесторлар да, туристер де, журналистер де болды. Демек, Қазақстанға ақпараттық шолу, туристік қызығушылық және инвестициялық климат жағынан болсын, бұл көрме әбден тиімді болды.

Көрме Астананың инфрақұрылымына үлкен серпіліс әкелді. Жаңа қонақүйлер салынды, жаңа жұмыс орындары ашылды, сауда-саттық дамыды. Шағын және орта бизнес өркендеді. Және бұл көрме елдегі новаторлық рухты жанудың, ғылымға ұмтылуға құлшыныс берудің таптырмас тетігі болды.

Астана көрмесінің бас тақырыбы - «Болашақ қуаты». Энергия — бұл адамзат тіршілігінің дамуына жағдай жасаушы және ынталандырушы бірден-бір табиғи қайнар көз. Энергия социумдар үлгісінің сақталуын қамтамасыз етеді, ол көптеген аспектілерді біріктіретін ұғым ретінде бүкіл әлем мен адамзатқа тікелей қатысты қызықты сауалдарды туындатады. Қоғамның энергия көздеріне қол жеткізуі олардың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақты дамуының нақты жағдайларын тікелей түрде анықтайды. Технология саласындағы әр түрлі қуат көздерін онтайландырумен байланысты ғылыми зерттеулер мен жетістіктер қоғамдастықтардың функционалды тәсілдерін анықтап, энергетиканың тұрақты даму болашағын қалыптастырады. Елді индустриялық-инновациялық дамытудың және Астанада «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу жоспарының аясында жаңаша сипат алған «Жасыл экономиканы» игерудегі алғашқы қадамдар жасалды[102, б.145].

Жасыл технологияларды дамыту, балама қуат көздерін табу мәселесі өзекті боп тұрған заманда 2017 жылғы көрме талай бастаманы іске асыру кілтіне айналды. Мысалы, 1939 жылы Нью Йоркте өткен әлемдік көрмеде Рузвельттің телеэкранда пайда болып, жиналғандарды таң қалдыруымен әлемде телевидение өрістей бастады. Ал Эдисонның фонографы үшінші Париж көрмесінде танымал болып кетті. Ендеше, Астана көрмесінде де жаңа технологиялар мен ғылыми жетістіктердің бағы жанды. [102, б. 15].

Себебі, адамдардың өмір сүруі мен дамуы үшін «жасыл» экономикаға көшуді қажет етеді, яғни бұл болашақ ұрпақтарды экологиялық тәуекелдер мен экологиялық тапшылықтарға апармай, өндірістермен байланыстарды, экономикалық қызмет түрлерінің жүйесіне келтіріп, адамдардың әл-ауқатының көтерілуіне алып келуі керек. «Жасыл» экономика — бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуға ұшыраған (пайдалы қазбалар — мұнай, газ) ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған[103].

Жасыл экономиканың негізінде — таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр. Мамандардың айтуы бойынша «жасыл» экономиканы дамыту, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді[103, б. 36]. «Жасыл»

экономикаға ауысу барынша үлкен танымалдыққа ие болып келеді және ауқымды қызығушылық тудырады [103, б. 37].

«Жасыл» экономика бірінші кезекте экономикалық прогреске жағдай жасайды және мыналарды қамтамасыз етеді: ішкі жалпы өнімнің өсімі, елдің табыстарын ұлғайту, елдегі жұмыссыздық көрсеткіштерін азайта отырып, халық үшін жұмыс орындарын құру. Бұл жерде «жасыл» экономикаға ауысу климаттың өзгеруі, пайдалы қазбалардың сарқылуы және су ресурстарының тапшылығы сияқты жаһандық қауіптен тәуекелдерді төмендетеді [104, б. 22].

«Жасыл» экономиканы дамыту бағдарламасы аясында Қазақстан экономиканың 10 шешуші секторына құралдарды инвестициялауды жоспарлайды: ауыл шаруашылығы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, энергетика, балық аулау, орман шаруашылығы өнеркәсіп, туризм, көлік, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу, су қорларын басқару [104, с. 25].

Сонымен қатар «Жасыл» экономиканы дамытудың жеті негізгі бағыттары айқындалды: Бірінші бағыт - жаңартылатын энергия көздерін енгізу. Мұнда пайдалы қазбаларды ары қарай сақтау туралы мәселе орасан ауқымға ие болады. Біздің мемлекет табиғи қорлары өте бай ел ретінде танылған. Мұнай, газ - бүкіл дүние жүзінде ең ірі энергетикалық қорлардың бірі ретінде сыныпталады, бірақ тіпті олардың өзі уақыты келгенде сарқылады, демек өмір үшін жаңа ресурстар табу қажет. Бұл ретте Қазақстанның жақсы экожүйеге, жер қыртысына және орманға ие болуы айғағы басқа елдер алдындағы өзінің, ұстанымын айтарлықтай арттырады [104, с. 44].

Екінші бағыт - тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы энергия тиімділігі.

Үшінші бағыт - ауыл шаруашылығындағы органикалық егін шаруашылығы. Қазақстан мынадай бағыттар бойынша әрекет етуді жоспарлайды: жердің құнарлылығын басқару, суды тиімді пайдалану, өсімдіктер және жануарлар денсаулығын басқару, фермаларды механикаландыру.

Төртінші бағыт - қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру. Қалдықтарды басқару мәселесі ерекше танымалдылыққа ие болды. Лас көшелер, үйінділер және қандай да бір болып жатқанға бақылаудың жоқтығын жиі кездестіресіз. Қалыптасқан жағдайларға байланысты қалдықтарды өндірістік өнімнің қайталама өнімі ретінде пайдалану ұсынылған.

Бесінші бағыт - су қорларын басқару жүйелерін жетілдіру. Су адамзаттың өмір сүруін және экожүйелердің тұтастығын қамтамасыз етудің шешуші табиғи құрылымы болып қала береді. Осыған байланысты су қорларын тиімді пайдалану орасан ауқымға ие болатын мәселе болып қала береді.

Алтыншы бағыт - «таза» көлікті дамыту. Қазақстандағы тасымалдардың көпшілігі дизельде/бензинде жүргізіледі. Қазіргі уақытта тасымалдардың басым бөлігі бензин (дизель) негізінде жүзеге асырылады. Бірінші кезекте бұл парник газдарының жоғары шығарындыларына жағдай жасайды.

Жетінші бағыт - экожүйелерді сақтау және тиімді басқару. Осы бағыттағы қызмет басты түрде біздің елдің бірегей табиғат байлығын сақтауға

бағытталған. Жалпы алғанда, «Жасыл» экономика - Қазақстан қабылдаған халықаралық міндеттемелерге сәйкес және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін табиғи шикізат қорларын тиімді және рационалды қолдану арқылы тұрғындардың әл-ауқатының артуына жеткізетін табысты экономика. Электр және жылу энергиясының генерациясы, газ өндіру, су ресурстарын пайдалану, ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту, өнеркәсіп қалдықтарын басқару мен тұтыну, көлік және жол инфрақұрылымы «жасыл» экономиканың негізгі секторлары болып саналады [105, б. 23].

Қазақстан күн және жел энергетикасын дамытуға қолайлы елдердің бірі болып табылады. Жел энергетикасының тиімділігі еуропалық одақ елдерімен салыстырғанда екі есе тиімді. Күн энергетикасы жөнінен әлемнің ең үздік аймақтарымен теңдесе алады. «Жасыл» экономикаға көшу тиімділігінің бірнеше факторы бар. Халықаралық сараптама бойынша, жасыл жобаларға салынған инвестицияның 2/3-і өзін-өзі, ақтаса, 1/3-і бес жыл көлемінде шығынсыз-деңгейге қол жеткізеді [106, б. 51]. Энергия тиімділігінің артуына қарай инвестицияның тиімділігі 50 пайызды құрайды, оның өзін-өзі, ақтау мерзімі екі жылға созылады. «Жасыл» экономикаға салынған инвестиция активтердің жылдам өсіп келе жатқан санатына кіреді. Мысалы, жаңғыртпалы энергия көздеріне салынған халықаралық инвестициялар көлемі жағынан қазба байлықтары инвестицияларының көлеміне жақындайды. Табиғи кеніш көздері сарқылып, қоршаған ортаның ластануынан адам денсаулығының нашарлауы күрт өсті [107]. Бүкіл әлемдік қауымдастық осыған алаңдаулы. «Жасыл» экономика бұл күрделі сұрақтардың басты шешімі болып табылады. Оны дамыту арқылы зиянды қалдықтардың ауаға таралуын қысқарту, табиғи қорларды үнемдеп тұтыну, энергия тиімділігін арттыруға қол жеткіземіз. Жаңа экономиканың стратегиясы табиғи технологиялардың дамуына инвестицияларды тартып, ел экономикасын жаңа белеске жеткізеді.

«ЭКСПО» -ны өткізу тарихына қарасақ, үлкен көрмелердің құрметіне әр ел өзінің техникалық мүмкіндігін паш ету үшін сәулет туындыларын салуға тырысқан. Мысалы, алғашқы «ЭКСПО» -дан Лондонда Хрусталь сарайы қалған еді, ол 1936 жылы өртке оранып кетті. Парижде Эйфель мұнарасы, Брюссельде Атомиум, Монреальда Хабибат деген ерекше тұрғын үй кешені тұрғызылған. Ендеше, Астана көрмесінде де сәулет тарихына ұялмай кіретін туындылар салынды [104, с. 26].

Көрме өтіп біткен соң қалған павильондардың біразы ғылыми зертханалар, ғылыми орталықтар, зерттеу институттары ретінде қолданыла бастады. Жоғарыда атап өткендей, ғылымды дамыту қоғамдық дипломатияның бір көрінісі [104, с. 29]. Себебі ғылым арқылы қаншама ел өзінің брендін қалыптастырып әлемге танылды. Қазақстанды ғылым жағынан танытқан ең алдымен әлемге әйгілі ойшыл, философ, математик, физик, астроном және т.б. ғылымды игерген Әбу Насыр әл-Фарабиді айтса болады. Фарабидің еңбектеріне әлемнің көптеген ғалымдары сүйене отырып зерттеулер жазған. Соңғы жылдары министрліктің тапсырмасымен Қазақстан ғалымдары шетелдің ғылыми журналдарын өз зерттеулерін жиі жариялауда. Ғалымдардың ғылым

аренасында көрініп, конференцияларда сөз сөйлеп өз өнімдерін, зерттеген еңбектерін шетелде шығаруы, білім мен ғылым аясындағы шетел азаматтарына Қазақстан туралы жағымды пікір қалыптастырады. Сонымен қатар ортағасырлық ойшыл, ағартушылардың бірі Қожа Ахмет Яссауиді бүкіл түркі тілдес мұсылман қауымы «Диуани Хикмет» еңбегімен жақсы таниды. Еңбек басқа тілдерге көп аударылған. «Түркістан - Екінші Мекке» әлемдік туризмнің ордасына айналуға лайық атты мақалада былай дейді: «Түркістан қажылық жасайтындардың да қызығушылығын тудырып, ағылатын діншілдердің көбеюіне ықпал етуі мүмкін. Қазір бұлар өз беттерімен келіп-кетіп жүр. Ресей, Еуропа, СНГ, Түркия елдерінен жылына жүз мыңдаған туристер келеді. Басым көпшілігі діни зиярат ету үшін келгендер. Негізінде, дін мен тарихи сабақтастықты, этнографияны байланыстыра дәріптеу арқылы келушілерді бірнеше есеге көбейтуге болады. Бірақ тарихи салт-дәстүрді жаңғырту діннің көлеңкесінде қалмауы керек.» [206].

Қорыта айтқанда, қоғамдық дипломатияны, идея, ақпарат, мәдени құндылықтармен, дәстүрлермен, діни-сенімдермен алмасу түрі ретінде қарастырып, қоғамдық дипломатия мемлекеттер, халықаралық ұйымдар және басқа да халықаралық қатынастар жүйесіндегі институттар арасындағы сыртқы байланыс саласындағы стратегиялық және тактикалық мақсаттарға негізделген іс-әрекеттердің кешені деп тұжырымдауға болады.

Қазақстанның қоғамдық дипломатиясын жүзеге асыруға қатысатын Мемлекеттік билік органдары және оның құрылымдары, Үкіметтік емес ұйымдар, азаматтық қоғам институттары, Ғаламдық БАҚ, білім беру секілді институттары айқындалды.

Қоғамдық дипломатия бастамалары аясында өнер туындылары, оның ішінде кинематография, музыка, би, бейнелеу, мүсіндеу; көрмелер, халықаралық көрмелер, ЭКСПО; білім беру бағдарламалары, академиялық ғылыми алмасу бағдарламалары, шетелдердегі тілдік тәжірибеден өту бағдарламалары; әдебиет туындылары, шетелдерге ұлттық әдеби туындыларын аударып тарату; басқа елдерге жаңалықтарды және мәдени бағдарламаларды тарату секілді бірнеше шаралар қолданылады.

2.2 Мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігі

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар мен инновациялық шешімдердің маңыздылығы арта түскен сайын, біздің күнделікті өмір сүру салтымыз да өзгеруде. Жыл сайын жаңарып отырған жаңа технологиялар, қоғамға кірігіп жатқан цифрлық платформаларға адамдар да зор жылдамдықпен бейімделуде. Сонымен қатар, Қазақстанда түрлі саланы цифрландыру үдерісінің жүзеге асып жатқанын жақсы білеміз.

2017 жылдың 31 қаңтарында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»

жолдауында Web 3.0 аясында «Цифрлық Қазақстан» жобасында цифрландырудың маңыздылығын ерекше атап көрсетті [105].

Жобаның аясында Үкімет 2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының жұмыс жоспарын, басым бағыттарын анықтады. Аталған бағдарламаның мақсаты – Қазақстан Республикасының экономикалық даму қарқынын жеделдету және орта мерзімді келешекте цифрлық технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын жақсарту, сонымен қатар ел экономикасы дамуының жаңа траекториясына көшу үшін ұзақ мерзімді перспективада болашақ цифрлық экономиканы құру үшін жағдай жасау болып отыр.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы негізгі бес бағыт бойынша жүзеге асады:

1. Экономика саласын цифрландыру;
2. Цифрлы мемлекетке көшу;
3. Цифрлы Ұлы Жібек жолын жүзеге асыру;
4. Адам капиталын дамыту;
5. Инновациялық экожүйе құру [106].

Еліміздің жыл санап саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрғыда нығаюы – Қазақстанның халықаралық аренадағы жағымды әрі сенімді имиджінің айқын белгісі. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауы еліміздің әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы тікелей болашақ технологиялардың дамуымен байланысты болғандықтан, ол басқа салалардың да жылдам ілгерілеуіне жол ашады. Сонымен қатар, ұтымды жүзеге асырылатын ІТ (ақпараттық технология) бағдарламалар қандай да артық шығындарды азайтып, уақытты үнемдейді, адамдар ақпарат, тауар және қызмет түрлерімен өзара еркін алмаса алатын болады.

«Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты. Цифрландыру дегеніміз Қазақстанның озық ел атану жолындағы мақсат емес, құрал [107, р. 102]. Бәсекеге қабілетті болу, өсімді, өнім өндіруді арттыру, міне, осы – мақсат» - дейді Нұрсұлтан Назарбаев.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы инфрақұрылымды дамытуға, адам капиталын жақсартуға, экономика саласын цифрландыруға және мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталады.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының 4 негізгі бағытына тоқталуды жөн санаймыз.

Бірінші бағыт – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, еліміздің транзиттік мүмкіндіктерін арттыру.

Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлық технологияны енгізу.

Үшінші бағыт – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру.

Төртінші бағыт – IT мамандарды даярлау.

Тұтастай алғанда, бағдарламаның басты мақсаты – қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру әрі ұлттық экономиканы цифрландыру.

Бізге технологияларды тек импорттап қана қоймай, оларды барынша дамыта түсу қажет. Бір орында тұралап қалуға болмайды. Бізге бірлесе әрекет ету керек. Цифрландыру барысында біздің университеттер мен зерттеу шаралары байланысты болғаны жөн. Жаңашылдықты қолданып қана қоймай оны тиімді пайдалану арқылы біз бәсекелестікті арттыра аламыз. Ол экономикаға да тиімді, азаматтарымызға да ыңғайлы.

Бүгінгі күні мемлекеттік мүддені ілгерілету мен қорғау жүйесіндегі халықаралық қарым-қатынастарды заманауи ақпараттық коммуникациялық технологиясыз елестету мүмкін емес. Бұл міндет, әсіресе «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын қабылдау кезеңінде зор маңызға ие болып отыр. Ол мемлекеттік институттарды өз жұмыстарын виртуалды кеңістікке көшіруді басым бағыт ретінде қарастыруды міндеттеп қана қоймай, қызметті түбірінен қайта құрудың алтын арқауына айналдыруды талап етеді. Сондай-ақ, біз айтып отырған өзгерістер медиа және коммуникация кеңістігіне тікелей әсер етуде.

«Жаңа қоғамдық дипломатия» - цифрлық дипломатия бүгінгі күні жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту арқылы, сондай-ақ сыртқы имиджді жақсарту және сыртқы қоғамдық пікірге ықпал ету мақсатында шетелдік қоғаммен өзара іс-қимылдың жаңа механизмдерін іздестіруден туындаған белсенді ғылыми және практикалық қызығушылықтың басты бағыты болып табылады.

Цифрлық дипломатия мемлекеттің сыртқы қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оның беделін және халықаралық аренадағы позициясын нығайтуға арналған жаңа технологиялардың нәтижесінде қалыптасқан жаңа мүмкіндіктер болып табылады.

Қоғамдық дипломатияны дамытуда цифрлық коммуникацияның ролі ерекше. Ол көптеген елге халықаралық деңгейде өзінің имиджін жақсарту үшін зор мүмкіндік береді. Осы орайда дәстүрлі дипломатия мен қоғамдық дипломатияның аражігін анықтап өтсек.

Дәстүрлі дипломатия ұлттық мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың арасындағы қатынасты анықтау үшін қолданылса, қоғамдық дипломатия дәстүрлі дипломатияның халықаралық түсінігін алып пайдаланады, үкіметтер арасындағы қатынасты сипаттайды.

Біздің зерттеп отырған объекті – қоғамдық дипломатия болып табылады. Қоғамдық дипломатияның мақсаты өзінің елі туралы жалған ақпаратты бейтараптандыру, сыртқы саясатты, елдің әлеуметтік жүйесін танымал ету және елдің жағымды бейнесін құру [107]. Ол сондай-ақ, адамның санасы мен

жүрегін жаулап алуды көздейді [108]. Яғни, бұл қоғамдық дипломатияның – *эмоционалдық аспектісін* көрсетеді. Біз мұны зерттеу барысында анықтадық.

Дипломатиялық қызметте цифрлық технологияларды заман талабына сай көп қолданғанымен, оның теориялық тұсын анықтай бермейді. Мәселен, академиялық ортада бұл трендті «цифрлық дипломатия» деп атайды. Бұл тренд төңірегінде батыстың ғалымдары тұжырымдар мен теориялар қалыптастырып үлгерді. Қазақстандық үлгіде «цифрлық дипломатияның» тұжырымдалған бейнесі әзірге жоқтың қасы.

Сөзіміз дәлелді болу үшін, мына тұжырымға назар аударсақ. 2015 жылы Е. Сегиев пен М. Илан цифрлық дипломатияны өзінің ұлттық беделін басқару және өзінің сыртқы саяси мақсаттарына жету үшін әлеуметтік медианы қолдану құралы ретінде анықтады [109]. Ал, 2016 жылы Мейнер Илан алдыңғы айтылған анықтамаларды қайта қарап, ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың яғни электронды поштадан бастап, смартфондарға дейін дипломатияны жүргізуде цифрлық дипломатияның ықпалы ерекше екенін сипаттады [110].

Демек, халықаралық тұрғыдан танылып, ресми анықтамасы жоқ болғандықтан цифрлық дипломатияға әртүрлі анықтама берілуде, бірақ негізгі түйінді мәні, өзінің аты айтып тұрғандай цифрлық технологияны қолдану болып табылады. Цифрлық дипломатияны қоғамдық дипломатия жиынтығында анықтау цифрлық дипломатияның бір ғана қырын көрсетеді.

Сондай-ақ, дамыған елдің үкіметі мемлекеттік қызмет көрсету барысында және қоғаммен байланыс орнатып, ақпарат алмасу үшін әлеуметтік желілерді мен цифрлық құралдарды қолданады. Мысалы, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Швеция, Франция, Израиль және басқа елдер интернетті қоғамдық дипломатия құралы, яғни саяси мақсат-мүдде үшін белсенді түрде пайдаланады.

Біз өз тарапымыздан, дипломаттық қарым-қатынастардың негізін жүргізуші Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің әлеуметтік желідегі белсенділігін анықтадық. Нәтижесінде төмендегідей кестенің көрінісін қалыптастырдық. Фейсбук әлеуметтік желісінде жалпы саны 21 елшіліктің ресми тіркелген парақшаларын тауып, зерделеп шықтық.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшалары мен жазылушылар саны

Елшілік атауы	Фейсбук әлеуметтік желісіндегі Елшіліктің парақшасына сілтеме	Жазылушылар саны
1	2	3
Қазақстанның Корей Республикасында-ғы елшілігі	https://www.facebook.com/Embassy-of-the-Republic-of-Kazakhstan-in-the-Republic-of-Korea-393738660718953/	33343

Қазақстанның Сингапурдағы Елшілігі	https://www.facebook.com/KazakhstanEmbassy/	13 383
Қазақстанның Мысырдағы Елшілігі	https://www.facebook.com/KazEmbassyEg/	5026
Қазақстанның Тәжікстандағы Елшілігі	https://www.facebook.com/252755245611971/	4691
Қазақстанның Малайзиядағы Елшілігі	https://www.facebook.com/EmbassyOfTheRepublicOfKazakhstanInMalaysia/	3618
Қазақстанның Вашингтондағы (АҚШ) Елшілігі	https://www.facebook.com/KazakhstanEmbassyDC/	3251
Қазақстанның Үндістандағы елшілігі	https://www.facebook.com/kazakhstanembassyinindia/	2673
Қазақстанның Венгриядағы елшілігі	https://www.facebook.com/KazEmbHung/	2 394
Қазақстанның Ұлыбританиядағы елшілігі	https://www.facebook.com/KazakhstanEmbassyUK/	2 382
Қазақстанның Ресей Федерациясындағы елшілігі	https://www.facebook.com/kazembassyru/	2120
Қазақстанның Канададағы Елшілігі	https://www.facebook.com/CanadianKazakhstan/	2085
Қазақстанның Украинадағы Елшілігі	https://www.facebook.com/KazEmbassyUkr/	1966
Қазақстанның Франциядағы елшілігі	https://www.facebook.com/kazembassyfr/	1 804
Қазақстанның Литвадағы Елшілігі	https://www.facebook.com/kazakhstanembassylt/	1336
Қазақстанның Банкоктағы Елшілігі	https://www.facebook.com/KZEEmbassyTH/	1252
Қазақстанның	https://www.facebook.com/kazembassy/	1196

Өзірбайжандағы Елшілігі	bbaku/	
Қазақстанның Германиядағы Елшілігі	https://www.facebook.com/KazEmbassyBerlin/	962
Қазақстанның Армениядағы Елшілігі	https://www.facebook.com/KazEmbassyArm/	648
Қазақстанның Бельгиядағы Елшілігі	https://www.facebook.com/KazakhstanInBrussels/	604
Қазақстанның Қырғызстандағы Елшілігі	https://www.facebook.com/kaz.embassykg/	586
Қазақстанның БАӘ Елшілігі	https://www.facebook.com/kazembriyadh/	212

Байқауымызша, парақшалардың жаңалықтар лентасында хабарландырулар, ақпараттық материалдарға сілтемелер беріліп отырады. Әдетте, парақшаға жазылушылардың басым бөлігі өзіміздің отандастар. Ақпарат қазақ және орыс тілінде (басымырақ) жарияланады. Сонымен қатар, елшілік орналасқан мемлекеттің тілінде де ақпараттар беріледі. Елшілік өкілдері мен елшілердің әлеуметтік желідегі белсенділігі төмен, тіпті жоқтың қасы. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, Қазақстандағы АҚШ және Франция елшілерінің индивидуалды түрде әлеуметтік желідегі белсенділігі жоғары. Қазақстандағы Ұлыбритания елшілігінің ресми парақшаларының белсенділігі де аса жоғары екен атап өтуді жөн санаймыз.

Цифрлық дипломатияның тағы бір басыңқы мақсаты – қоғамдық дипломатияның белсенді бөлігі және биліктің «жұмсақтық» принципі негізінде қызмет ету. Сондықтан, біз дипломатияның бұл түрін қосалқы заманауи құрал ретінде қолданамыз [111, б. 4].

Халықаралық іскерлік және академиялық лексикада толыққанды қалыптасып үлгерген «цифрлық дипломатия» ұғымының аясы уақыт өткен сайын нақтылана түсуде. Тіпті, кейбір дамыған мемлекеттерде арнайы ведомстволар құрылып, жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Айталық, АҚШ Мемлекеттік департаменті – «Цифрлық дипломатияны» мақсатты түрде қалыптастыру, дамыту және жүзеге асыру үшін арнайы қызмет құрған алғашқы сыртқы саяси ведомство болды. 2002 жылы Мемлекеттік департамент құрылымында «Цифрлық дипломатия жөніндегі топ» (Taskforce on eDiplomacy) құрылды, кейін оның атауы «Е-Дипломатия кеңсесі» (Office of eDiplomacy) болып өзгертілді. Бүгінде бұл бөлімше қызметкерлерінің штаты 150 адамға жетті, тағы 935 адам дүние жүзіндегі АҚШ дипломатиялық өкілдіктерінде отырып, онлайн-мониторингпен және әлеуметтік желілердегі ықпалды

нығайтуға арналған күреспен айналысады. Ұлыбританияның Сыртқы істер және Достастық елдері ісі жөніндегі министрлігінде елдің сыртқы саяси мүддесін ілгерілетуге белсене қатысатын «Цифрлық дипломатия бюросы» жұмыс істейді. Басқа елдер де кейінгі жылдары цифрлық дипломатияның кең мүмкіндіктерін барынша еркін қолдануда. Сонымен қатар, шетелде «21st Century Statecraft» (АҚШ) немесе «Open Policy» (Канада) деген атау бере отырып, өз мүддесін бүкіләлемдік желі арқылы ілгерілету бағдарламалары мен стратегияларын қабылдап жатыр.

Бүгінде халықпен қарым-қатынас жасаудың сымсыз негізгі құралына – интернет айналғалы бірнеше жыл болды. Коммуникация орнатуда интернеттің мүмкіндіктерін ескермеу мүмкін емес. Мысалы, көптеген мемлекеттік мекемелердің вебсайттары, ресми электронды пошталары, әлеуметтік желілерде парақшалары бар. Аталмыш байланыс құралдарының арқасында билік, компания немесе ұйым халықпен кез келген уақытта тікелей байланысқа шыға алады. Демек, интернет XX ғасырдың соңында пайда болған аса құдіретті инновациялық өнертабыстың бірі және алдағы уақытта да оның пәрмені арта бермек. Соңғы онжылдықта интернет қолданушыларының саны 3 миллиардқа жетті [112]. Оның үстіне виртуалды кеңістіктің ең белсенді қолданушылары 18 бен 29 жас аралығындағы жастар. Олардың 90 пайызы әлеуметтік желіні қолданады [113]. Яғни, компьютердің ар жағында виртуалды көрермендердің барын ескеріп, виртуалды кеңістіктегі контентті игеру аса маңызды.

Интернет, әсіресе, әлеуметтік желілер, елдің имиджін құру және брендті қалыптастырудың жаңа жолдарын нұсқап отыр. Оның үстіне интернет кеңістігі беріп отырған шексіз мүмкіндіктер мемлекеттің жер көлемі, қаржылай тұрақтылығы немес басқа да әлеуметтік факторларға қарамайды. Мәселен, кейбір мемлекеттердің халықаралық аренада даусы шықпаса да, әлеуметтік желі арқылы ақпарат беруге барлық мүмкіндігі бар [114].

Өміріміздің ажырымас бір бөлігіне айналған цифрлық коммуникация құралдары көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп отырғандықтан, үнемі айналамыздағы өзгерістерге мейілінше тез бейімделуге тырысамыз. Бұрындары дәстүрлі хат алмасып, апталап жауабын күтуге мәжбүр болсақ, қазіргі таңда цифрландыру саясаты бұл үдерісті біршама тежеп, коммуникацияның цифрлық форматын қалыптастырды. Әлеуметтік желілердегі электронды хаттар мен пікірлер, ашық әрі жария түрде қандай да жарияланымға пікір айтуға дағдыландық. Ол тек күнделікті өмірде ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік мекемелердің күнделікті қызметінде де қолданылады.

Сыртқы саяси мемлекеттік мекемелердің және ведомстволардың виртуалды кеңістіктегі қызметтеріне байланысты бірнеше жаңа сөздер қолданыла бастады. Мәселен, «Твиттер дипломатия» (Twiplomacy), «Хэштэг дипломатия» және «Фейсбук дипломатия» ұғымдары кеңінен дәріптелуде. Мемлекеттік ұйымдардың басым бөлігі жеке веб-сайттарын құру арқылы Интернетті белсенді қолдана бастады, өздерінің қызметтерінде әлеуметтік медиа желісін де пайдаланады. Мысалы, цифрлық дипломатияның Рейтингісін 2016 жылы әлемнің 210 еліне талдау жасай отырып, әлеуметтік медиадағы

Сыртқы Істер Министрлігінде 742 аккаунт құрылғаны анықталды. Сонымен қатар, 208 ресми веб парақшалары бар.

Facebook-тың 1,65 млрд қолданушысы бар. Қолданушылардың көбісі мобильді құрылғыларды пайдаланады. Мемлекет басындағы басшылар мен мемлекеттік мекемелер әлеуметтік желілерді белсенді қолданады. Әлемдік көшбасшылардың 80 пайызының Twitter аккаунттары бар [116, б. 3].

Twitter мен Facebook сынды әлеуметтік желі саяси имиджды орнықтыра алатын бірден бір кеңістік. Twitter-ді құрастырушы Джек Дорси өзінің ең бірінші твитін 2006 жылы 21 наурызда құрды, ал келесі үш жылдың ішінде миллиард твит таратылды. Әр секунд сайын жазбалар жарияланып, бір күнде 500 миллион твит таралып отырды.

Көптеген Сыртқы Істер Министрліктері Twitter мен Facebook-ты қолданады [117]. Егер басқа да мемлекеттік мекемелер өздерінің жергілікті аудиториялары үшін әлеуметтік медианы пайдаланса, дипломатиялық қызмет те пайдалынғаны маңызды. Оның үстіне шетелдегі елшілік өкілдерінің қызметтегілер мен елшіліктегілердің халықаралық аудиториялары бар.

Сыртқы Істер Министрлігінің және елшіліктердің мақсаты елдің имиджін құру және ел туралы олардың білімдерін көтеру үшін көпшілікпен іскерлік қарым-қатынас орнату. Осыған байланысты әлеуметтік желілер мен басқа да интернет платформасының стратегиялық қызметі маңызды болып табылады.

Фейсбук дипломатиясын саяси құбылыс ретінде бекітудің маңызды тұстарының бірі – осы әлеуметтік желінің танылмаған бірқатар өңірлерді тануы болды. Бұл нақты танылмаған саяси құрылымды өз елі ретінде таныстыратын өздерін «цифрлық дипломаттар» (digital diplomats) деп атаған мыңдаған қолданушысы бар топ, барынша қысым көрсетуі нәтижесінде орын алды. Онлайн платформалардың тануы немесе танылмауы аумақтық даулардың барысына әсер ететін маңызды әлеуметтік фактор қызметін де атқарады. Сонымен қатар, 2011 жылғы «Араб көктемі» деп аталатын Таяу Шығыстағы оқиғалар барысында әлеуметтік желілердің толық күші байқалды.

Цифрлық дипломатия туралы айтқанда, сайт мониторингі, жеке және ресми аккаунттар арқылы әлеуметтік желілердегі белсенді әрекет, кейбір мәселелер бойынша ресми ұстанымды ілгерілету үшін жүргізілетін онлайн науқандар болып табылады. Біздің көпшілік назарында жүретін тұлғаларымыз, мемлекеттік құрылымдар, қоғамдық және коммерциялық ұйымдар, сондай-ақ баспасөз және PR қызметтері бұл тәсілдерді қазірдің өзінде жақсы меңгеріп алды. Бірақ осының бәрі жалпы алғанда жеке немесе шағын ведомстволық мүдделерді жедел арада қорғауға және ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Ал, жаңа медианың қазіргі қоғамға ықпал ету күші мен тереңдігі оларды қолдану үшін әлдеқайда күрделі әдістерді талап етеді. Жаһандық онлайн платформалар жаңа әлемнің – геосаяси шекараларды мойындамайтын, бірақ тілдік ерекшеліктерді танитын және құрметтейтін, мемлекеттің экономикалық және саяси салмағынан халық мәдениетінің, аумақ тарихының және рухани мұрасының мазмұнын маңыздырақ көретін әлемнің ерекше пішіні өрнектелетін алаңға айналып бара жатқанын аңғару қиын емес. Мұндай платформаларда

елдің және оның рухани, материалдық мәдениетінің қалыс қалуы немесе жұтаң көрініс табуы – қоғамның артта қалғандығының белгісі, мемлекеттің шынайы негіздерінің әлсіздігінің индикаторы.

Қазіргі кезде әлеуметтік желілер, платформалар кеңінен насихатталып көбеюде. Осындай платформалардың бірі, академиялық болмаса да, бүкіл әлемде ерекше танымал, ай сайын 500 миллионнан астам бірегей қолданушы адам ең көп кіретін ресурстың бірі – «Уикипедия» жаһандық онлайн энциклопедиясы. Бұл коммерциялық емес ресурс – миллиондаған қолданушылардың жеке жәрдемімен өмір сүреді. Қолданушылардың өздері мақала жазады және редакциялайды. Онлайн энциклопедияның парақшалары барлық қолданушы үшін саяси, ақпараттық және имидждік жұмыстардың маңызды құралына айналды.

Wikipedia-ны жасауға негіз болған Wiki-платформаны АҚШ Мемлекеттік департаменті Diplopedia жобасы негізінде жүзеге асырып отыр. Бұл – мемлекеттік департамент қызметкерлері ішкі мақсаттар үшін ақпарат жинау және білімді ұйымдастыру мақсатында пайдаланып отырған жабық ақпараттық жүйе.

«Уикипедия» әрбір тілдік қауымдастықтың жай-күйі мен әлеуетін дәл сипаттай алатын ең ілгері дамыған лингвистикалық платформа. Бұл ресурстағы бүгінгі тілдер рейтингі 0-ден 5,5 миллионға дейінгі мақаласы бар 298 тілді қамтиды. 5,5 миллионнан астам мақаласы бар ең ірі тарау – ағылшын тілінде. Ағылшын Уикипедияның ерікті редакторларының жартысына жуығы PhD ғылыми дәрежесінің иегерлері болғандықтан, мақалаларының сапасы да, деңгейі де өте жоғары. Тұтастай алғанда, мұндай жаһандық электронды платформаның тілдік тарауларының жай-күйінен қандай да бір тілді алып жүрген қауымның (қоғамның) ахуалы мен сапасы туралы көп нәрсені байқауға болады. Сондықтан Уикипедияның қазақша тарауының дамуы – шет тілдеріндегі тараулардағы Қазақстанға қатысты мақалаларды редакциялаумен қатар, елдің ақпарат-имидж бағытындағы жұмысының маңызды құрамдас бөлігі. Электронды энциклопедияның парақтары – саяхатшылардың, инвесторлар мен іскер серіктестердің еліміз жайлы дерек алатын негізгі ақпарат көзі.

Цифрлық дипломатияға немесе дипломатияның басқа жаңа түрлеріне қарсы пікірлер бар. «Жаңа дипломатияның» білім, спорт және ғылым, сонымен қатар асхана дипломатиясы бәрі қоғамдық дипломатияның бөлімдері болып табылады, сондықтан бұл пікірлер бойынша жаңа термин ойлап табудың қажеті жоқ дегенге келіп саяды [118].

Жаңа терминнен бас тарту тенденцияны тоқтатпайды. Интернет және коммуникациялық технологиялар дамиды және олар барлық қоғам мен мемлекеттің қатынас платформасын өзгерте бастайды. Сондықтан жаңа құбылысты тану керек, зерттеу керек, яғни ол дипломатияны болашақтағы дамуына әсер етуі мүмкін. Бұл тәсіл дипломатияны жүргізудің жаңа формасы. А. Крикуновтың пікірі бойынша маңызды мақсаттар келесідей:

1. саясат немесе жаңа идеяларды ілгерілету үшін одақтастарды іздеу;

2. ланкестікпен күрес;
3. қоғамның өзара әрекеті деңгейінде;
4. жаңа коммуникативтік мүмкіндікті қолдану;
5. әлеуметтік желілерге қатысу [119].

Әрине, бұл цифрлық дипломатия мақсатының бәрі емес, дегенмен әрбір елдің өзінің жеке көзқарастары бар. Көрсетілген төрт мақсат салмақты және әмбебап болып табылады, әлеуметтік желілерде мақсаттардың бірі ретінде қатысу цифрлық дипломатияның ролін және мағынасын төмендетеді. Бұл кейбір елдер үшін мақсат болуы мүмкін, цифрлық дипломатия Рейтинг әдісі бойынша интернет-платформасында болу цифрлық дипломатияның бірінші кезеңі болып табылады [120].

Интернетті қолданушылары санының өсуіне байланысты үкіметтің интернетті қолданудың стратегиялық маңыздылығы да өседі. Үкімет интернет басымдықтарын және көрсеткен цифрлық дипломатияны жүргізу әдісі көмегімен және бұқаралық цифрлық құралдарын қолдана алады:

- интернет радио және телевидениені орналастыру;
- цифрлық форматта әдебиеттерді тегін тарату;
- блогсферада пікірталастыру мониторинг жасау;
- мобильді телефон арқылы ақпараттарды тарату;
- әлеуметтік желілерде үкімет мүшелерінің жеке парақшаларын құру [121].

Цифрлық дипломатияның артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де бар. Ол экономикалық тиімді, консулдық қызмет көрсетуде ыңғайлы және апат кезінде көмектесу де тиімді болып табылады. Сонымен цифрлық дипломатияны дипломатияда қолдану цифрлық дипломатия деген жаңа терминнің пайда болуына әкелді. Зерттеушілер мен сарапшылар бұл терминнің белгілі бір нақты анықтамасына тоқталған жоқ, мемлекет цифрлық дипломатияны дамытып, оның шегін кеңейтуді жалғастыруда.

Цифрлық технология дипломатияның түрлі саласында қолданылады, әсіресе қоғамдық дипломатияда қолданылуы ерекше қызық болып табылады. Коммуникация қоғам деңгейінде сыртқы байланыс ведомствасы үшін сондай-ақ қоғамдастық үшін де басымдықтары бар. Цифрлық дипломатия үшін тәуекелдік пен әріптестерді үйрету қажет.

Қазақстан цифрлық түрлендіру жолында тұр. Осымен байланысты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер Министрлігінің және шетелдердегі қазақстандық елшіліктердің қызметінде цифрлық технологияны қолдану Қазақстанды цифрландыруға өз үлестерін қосады. Қазақстан Республикасының шетелдердегі көптеген елшіліктерінің өз вебсайттары және кейбірі әлеуметтік желілерде аккаунттарын ашып алған.


Қазақстанның Сыртқы істер министрлігінің күші халықаралық рейтингімен бағаланды – цифрлық дипломатия Рейтингісінің 2016 жылғы қорытындысы бойынша Қазақстан әлемнің 120 елінің ішінен 38 орын алды. Бұл Қазақстанның Сыртқы істер министрлігінің Фейсбук, Твиттер әлеуметтік желілердегі қызметінің нәтижесі. Сонымен бірге, Сыртқы істер Министрлігінің қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі жеке сайты бар.

Қазақстан әлеуметтік желілерде әлі танымал бола қойған жоқ. Сонымен бірге 2017 жылғы цифрлық дипломатия Рейтингісі Қазақстанның алты орынға төмендеп кеткенін көрсетті. Мұның басты себептерінің бірі парақшаның тартымсыздығы. Парақшаның рәсімделуі бірден аудиторияның назарын аудару керек. Сонымен қатар, мәтіндік және құрылымдық сапасы да аса маңызды. Яғни, парақшада көрсетілетін мәліметтер шетелдік аудиторияға түсінікті болу керек. Мысалы, Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігінің парақшасында (қоғамдық дипломатия бойынша 4-орын) Фейсбукте 364 мың жазылушысы бар, олар қызықты материалдармен бөліседі.



Сурет 1 – (Мария Захарованың фейсбук әлеуметтік желісінен алынды)

Сыртқы істер министрлігінің баспасөз-хатшысы, ақпарат және баспа департаментінің директоры Мария Захарованың жеке фейсбук парақшасында 417 785 жазылушысы бар. Ол үнемі Сыртқы істер министрі Сергей Лавровтың кездесулері мен жиындары туралы ақпаратты сауатты әрі қызықты етіп жеткізеді. Нәтижесінде, фейсбукте жарияланған әр жарияланымға 1 мыңға жуық адамнан бастап, 4 мың адамға дейін «ұнайды» деген тетікті басады, видеолардың қаралымы да өте жоғары.



Сурет 2 - (Мария Захарованың фейсбук әлеуметтік желісінен алынды)

Мария Захарованың жазу стилінде жоғарыда біз айтып отырған тартымдылық принципі, эмоцияны байқаймыз.

Әлеуметтік желілердегі мемлекеттік органдардың танымалдығын көтеру үшін жүйелі тәсіл керек. Б. Хокинг пен Дж. Мелиссеннің пайымдауынша, сыртқы істер Министрлігінің цифрлануын жүзеге асыруға төрт түрлі фактор әсер етуі мүмкін [113, б. 49-50].

Біріншіден, үкімет цифрландыру бойынша сарапшылардан тұратын бөлімше құру арқылы ішкі құрылымдық қолдау мүмкіндігін қарастыру керек. Мысалы, мұндай тәжірибені АҚШ Мемлекеттік Департаменті сәтті қолданған еді. Барлық министрліктің құрылымдық бөлімшелерін әсіресе, басқару деңгейіндегі бөлімдерді, цифрлық инновацияға барынша тартты.

Екіншіден, цифрландыруды дамытуға көмектесетін және белсенді қолдайтын адам, яғни қазіргі тілмен айтсақ «бренд-амбасадор» керек. Мысалы, АҚШ-та Хилари Клинтон арнайы цифрлық топ құрып, оның тізгінін Алек Росс пен Джаред Коэнға жүктеді. Швецияда, Индияда белсенді «твипломаттар» - Карл Бильдт және премьер-министр Модди белгілі. Зерделеуімізше, твиттер әлеуметтік желісінде әлемнің көптеген саясаткерлері, мемлекет басшылары мен маңызды фигуралары отырады. Қазақстан Республикасының (2019 жыл) Президенті Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы да твиттер әлеуметтік желісінде белсенді түрде ақпаратпен бөлісіп, парақшасын президентікке келмей тұрып жүргізді. 2019 жылдың сәуірінде инстаграм әлеуметтік желісінде парақша ашты, қазірде онда 408 мың жазылушысы бар (2019 жылдың 24 сәуір күні қаралды). Президенттің бұл әлеуметтік желіде парақша ашуы елімізде қызу талқыға ие болып, барынша қолдау тапты. Парақша линкі келесідей – [tokaev_online](#). Бірден жүз мыңдаған адам парақшаға жазылды. Парақшадағы жазылушылардың белсенділігін өте жоғары деп бағалаймыз. Ең алғашқы жарияланымға 100 мыңға жуық «лайк» басылды, 6 мыңнан астам комментарий жазылды.

Үшінші фактор – кәсіби әріптестерді дайындау. Бұл желіні басқару және арнайы адамдардан құрылған топтар арасында ақпаратты тарату бойынша дипломаттарды дайындау. Кәсіби дипломаттарға қойылатын талаптарды белгілеу қажет. Ол – жан-жақты, цифрлық дипломатияның мән-маңызын жете түсінетін, терең білімді әрі шығармашыл болуы шарт.

Төртіншіден, цифрлық дипломатияны енгізу кезінде қауіпсіздік мәселесін міндетті түрде ескеру керек. Бұл фактор цифрлық технология мен әлеуметтік желілердің құпиялылық қағидаларына зиян келтіруі мүмкін. Себебі, қазіргі таңда кибер қауіпсіздік деген мәселе жиі көтерілуде.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тек әлеуметтік желілерді ғана қолданып қоймай, сондай-ақ мобильді қосымшаларды құру арқылы да цифрландыруды жүргізіп жатыр. Мысалы, 2017 жылы шетелге шығатын азаматтар үшін «Smart Travel KZ» мобильді қосымшасы жарыққа шықты. Қосымшада сапарлайтын елдер туралы мәліметтер және жолға

шығушыларға арналған ұсыныстар мен ескертулер бар. Сонымен қатар, осы қосымша арқылы Қазақстан азаматы Сыртқы істер министрлігінің қызметкерімен қажет болған жағдайда тікелей байланысқа шыға алады [122].

«Smart Travel KZ» ҚР Сыртқы істер министрлігінің жалғыз жасап шығарған мобильді қосымшасы емес. Қазақстан бойынша жол нұсқаушы болып табылатын мобильді құрылғыларға арналған қосымшалар бар. «Kazakhstan Land of the Great Steppe» қосымшасы Қазақстанның саясаты, экономикасы, тарихы, географиясы туралы жалпылама ақпарат ұсынады. Туристер және Қазақстанды зерттеушілер үшін бұл қосымшаның үлкен практикалық маңызы бар [123]. Мұндай цифрлық мобильді жобалар Қазақстан қоғамдық дипломатиясының ілгерілеуін қамтамасыз етеді.

Электронды қызметтің жүздеген түрін қамтитын Google да – дәл осындай платформа болып табылады. Мемлекеттер өздеріне туристер тарту, қонақтарға қолайлы жағдай жасау үшін Google компаниясына арнайы жүгінеді. Елдің электронды географиялық карталарын дамыту, қала көшелерінің 3D суреттерін интерактивті карталар мен гидтерді енгізу жобалары осылай пайда болған. Әр мемлекет мемлекеттік тілді Google-дың автоматтандырылған аударма қызметіне енгізу жұмыстарын әлі де жүргізіп келеді. Ұлттық мұражайлар, галереялар, кітапханалар мен архивтер Google Art Project жобасына тарих, мәдениет пен сәулет өнерінің ескерткіштерін енгізу үшін, сондай-ақ ұлттық кітапхана қорларын Google Books қызметіне орналастыру мақсатында бірлескен жобалар сәтті ұйымдастырылуда. Мұның бәрі әр мемлекеттік ұлттық құндылықтарын, мәдени жетістіктерін жаһандық ақпарат алмасу алаңында дәріптеудің тиімді құралына айналды. Бұл Google компаниясына емес, цифрлық өркениеттен тыс қалғысы келмейтін елге қажет нәрсе.

Дипломаттар үшін әлеуметтік желілерді қолданудағы сауаттылық міндетті шарт болып табылады. Себебі, бұл ақпараттардың тез тарайтын кезеңі және дипломатиялық қызметкерлер ақпараттың растығын бағалай алу жағдайында болу керек және әлеуметтік бұқаралық ақпарат құралдарын қолданушылармен нені бөлісуді білу керек [124, б. 20-21].

Цифрлық дипломатия әлеуметтік желілердегі парақшалардың болуымен өлшенбейді. Ең алдымен, стратегиялық мақсаты анықталған онлайн-қызметтерінің сапасымен бағаланады. Әлеуметтік желі ұсынып отырған құралдар мемлекеттік органдардың ресми парақшаларын аз да болса бейресмилендіріп, ақпаратты тартымды әрі қызықты етіп беруге мүмкін жасайды. Бірақ бұл екінші кезектегі мәселе болып қала бермек. Мысалы, Ресейдің Сыртқы істер министрлігінің Фейсбуктегі парақшасы үш түрлі ақпаратпен бөліседі:

- министрліктің ресми хабарламалары;
- Ресей дипломатия тарихымен байланысты немесе халықаралық оқиғаларға сәйкес келетін ақпараттар;
- әзіл хабарламалар.

Дегенмен парақшаны еркін формада жүргізген кезде сақ болу керек. Ресми парақша жазылушылары әрқашан қоғамның назарында болады. Сондықтан

сарапшылар ұсынатын контентті әрдайым кәсіби қызметкер үйлестіріп отыруы керек.

Отандық тәжірибеге оралатын болсақ, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің цифрлық дипломатияны дамытуға жақсы мүмкіндіктері бар. Себебі, бұл мәселе мемлекет деңгейінде көтеріліп отыр. Қазақстан үкіметі қызметтің түрлі саласындағы цифрландыруды дамытуға базар аударуда. Бүгінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Твиттер, Фейсбук секілді әлеуметтік желіні белсенді қолданады, сонымен бірге өзінің жеке цифрлық мобильді қосымшаларын шығарып жатыр.

Осы ретте, Қазақстанның цифрлық дипломатиядағы жетістіктері елдің халықаралық рейтингісін көрсетеді. Қазіргі таңда Қазақстан 210 елдің ішінде бірінші ондықта. Бірақ Қазақстанның цифрлық дипломатиясының болашақтағы дамуы жүйелі тәсілдемені талап етеді.

Соңғы жылдары цифрлық технология мен инновациялық ұтымды шешімдер адамзат дамуының перспективасында маңызды рөл атқарып отыр. Көптеген дамыған елдерде қызметтің түрлі салаларын мекемелердегі қарапайым іскерлік үдерістен бастап, бүгін бір қаланы және экономика салаларын басқаруға дейін цифрландыруда.

Қорыта айтқанда, біз қарастырып отырған зерттеу объектісі бүгінде жоғары маңызға ие. Цифрлық технология мен дипломатияның өзара байланысы цифрлық дипломатияның пайда болуына негіз болды. Цифрлық дипломатия Интернетті сауатты, пайдалы әрі кәсіби қолдануды және шетелдік қоғаммен қарым-қатынас орнату үшін әлеуметтік желілер (қоғамдық дипломатия) мен мобильді консулдық қызмет көрсетуді жақсарту керек. Цифрлық дипломатия цифрландыру үдерісінің бір бөлігі. Ол халықаралық сипатқа ие. Оның сыртқы имидж қалыптастырудағы ролі зор. Көптеген мемлекет өзінің сыртқы саясатында қоғамдық дипломатия аясында туындайтын дипломатиялық және консулдық сұрақтар бойынша азаматтарды қолдау үшін цифрлық дипломатияны белсенді түрде пайдаланады. Әлеуметтік желі жаңалықты жеткізу мен халық пікірінің мониторинг алаңына айналып отыр. Әлемнің жартысынан басым бөлігі әлеуметтік желіні пайдаланатынын ескерсек, цифрлық технологиялардың маңызын бірден ұғамыз.

Дей тұрғанмен де, цифрлық дипломатияның артықшылықтарымен қатар қауіптері бар. Бұл коммуникацияның жаңа құралы халықаралық сипатқа ие болғандықтан, контент маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік желіге немқұрайлы қарауға болмайды, әрбір ақпараттың мәтіні мен мазмұнына жете мән беру керек.

2.3 Қазақстанның ұлттық брендингі мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлері

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекеге қабілетімен айқындалады» деп айтады [140].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынды-ақ үкімет елімізге қазіргі заманғы банк жүйесін, бағалы қағаздар биржалық жүйесін, банкроттық туралы заңдарды және коммуналдық басқару жүйесін енгізді. ТМД елдерімен салыстырып қарағанда Қазақстан алдыңғы қатарда келе жатыр. Қайта жаңғыру және өрлеу стратегиясы арқылы барша қазақстандықтардың жақсы тұрмысы, әлеуметтік әділеттілік, ұлттың бірлігіне кепіл болған ұзақ мерзімді даму стратегиясына негіз етіп алынған басым бағыттар мемлекетіміздің кез келген жоспарларын жасаудағы тұрақты бағдарына айналды. Бұл, әлемде ең бастысы – біздің қай жерде тұрғанымыз емес, қандай бағытта жылжып бара жатқандығымызда. Қазақстан Республикасы қазір «Қазақстан – 2030» қайта жаңғыру және даму бағдарламасын негізге ала отырып, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарынан орын алуға ұмтылып келеді. «Қазақстан – 2030» даму стратегиясы ұзақ мерзімді қамтығанымен, оның тұрғындарын, мүмкіндіктері мен қабілетін толық ескерген, басым бағыттары шынайылыққа негізделген байыпты бағдарлама болып табылады.

Көптеген шетелдің ғалымдары Қазақстанның көпвекторлы саясатын, экономикалық саясатын, ішкі және сыртқы қауіпсіздігін, қоғамдық дипломатиясын және Қазақстандағы білім жүйесі, экономика, коррупциясына байланысты зерттеулер мен ғылыми тезистер жазды. Қазақстан шетел ғалымдарына зерттеуге қызықты екенін байқаймыз. Елімізді батыста Кеңес үкіметімен байланыстырып біледі. Еліміздің Сыртқы істер министрлігінде халықаралық ақпарат комитеті бар. Қазақстанның ұлттық брендин құру мақсатында халықаралық ақпарат комитеті шетелдерде елімізді дұрыс имиджін қалыптастыруға және нығайтуға жұмыс жасайды. Басты мақсаттардың бірі елде болып жатқан елеулі ақпараттарды қазақ ұлтының брендин қалыптастыру үшін әлемге бөлісу болып табылады. Саяси сарапшылардың айтуынша мемлекеттің оң имиджін құруға ең мықты құрал ол қоғамдық дипломатия. Қоғамдық дипломатия түрлі ұғымда түсіндіріледі. Ол тек саяси тұлғалардың арасында ғана болатын, мемлекетаралық қарым-қатынас ғана емес. Дипломатияның бұл түрінің өзіндік ерекше орны бар. Жас ерекшелігіне қарамай, мамандығына бөлінбей, ақпарат алмасу, өзара диалог немесе танысу арқылы жүзеге асырса болады. Шетел зерттеушілері қоғамдық дипломатия мен журналистиканың шығу тегі бір, айырмашылығы жоқ деген пікірде. Халықаралық ақпарат комитеті тұрақты және жүйелі түрде БАҚ-пен жұмыс жасау үшін қоғамдық дипломатия құралдарын белсенді пайдалана отырып стратегиялық жоспарын құрады. Халықаралық ақпарат комитетінің бұрынғы басшысы Б.Қанешевтің айтуынша Қазақстан имиджін шетелде қалыптастыратын тек саяси басшылар мен дипломаттар ғана емес, сонымен қатар қаржы институттары, барлық экономикалық агенттіктер, ұлттық компаниялар, туризм индустриясының өкілдері, қонақ үй шаруашылығы сондай-ақ, еліміздің қарапайым азаматтары ел бейнесін қалыптастыруға әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда дипломатияның дамуына үкіметтік акторлармен қатар, қарапайым халық өз үлесін қосуда. [207]

Қоғамдық дипломатияның ауқымы мемлекеттің ресми қызметімен ғана шектеліп қоймайды. Әлемге танылғанына небәрі он жыл ғана болғандықтан тіпті Ресей зерттеушілері мен саясаткерлері бұл тақырыпты «жаңа идея», «жаңа ұғым», «жаңа саяси бағыт» ретінде қарастырып отыр. Ғалымдардың пікіріне сүйенер болсақ сыртқы саясатты дұрыс жүргізуге кейде шетел өкілдерінің пайдасы басым көрінеді. Ол бір елді басқа елге таныту мақсатында жүргізілетін жұмыстар. Мысалы үшін белгілі бір елге қонаққа немесе оқу, жұмыс мәселесімен келген турист сол елден жағымды пікірмен отанына оралар болса әлеуметтік тұрғыдан әсер болып саналары сөзсіз. Міне дәл осы тұрғыдан қоғамдық дипломатия неліктен «азаматтық», «халықтық» деп айтылатыны түсіндіріледі. «Халықтық дипломатия» ол кез келген тұлға өзара қарым-қатынас жасайтын, араласатын, қоғамдық пікірді туғызатын құрал. Қоғамдық дипломатия бұл тұрғыдан алып қарағанда өзгеше. Оны жүргізетін тек тұлға ғана емес коммуникациялық технологиялардың да ролі басым. Дипломатиялық қарым-қатынас енді жабық бола алмайды. Ашық дипломатия термині қазір көп айтылып жүр. Америкадағы Эмерсон университетінің зерттеуші топтың жетекшісі Г.Пейн «ашық дипломатия» курсынан дәріс оқиды. Оның пікірі бойынша ашық дипломатия мынадай : « әдетте ашық дипломатия ұғымы белгілі бір елдің халқымен байланыс, коммуникация орнату дегенді білдіреді. Оның мақсаты - сол елде тұратын адамдармен қарым-қатынас орнатып, оларға ақпарат арқылы ықпал ету. Егер дәстүрлі дипломатия үкіметаралық болса, ашық дипломатия-мемлекеттер немесе ұйымдардың басқа елдердің азаматтарымен (халқымен) қарым-қатынасы.»

Батыс ғалымдары қоғамдық дипломатиямен қатар «қоғамдық медиа дипломатия» деген түсінікті айтып жүр. Қоғамдық медиа дипломатия «framing» теориясын қолдану арқылы белгілі бір аудиторияның ой-санасына әсер етеді. «Framing» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «жақтау» дегенді білдіреді.[208]

Ғасыр соңына қарай әлемде басқарудың әр түрлі формадағы технологиясы қарқынды дамып, эволюцияланды. Фрейминг әдісі бұған жаңа мүмкіндіктерді берді. Бұқаралық коммуникация арқылы ақпаратпен әсер ету әдісі пайда болды.

Фрейминг теориясы жалған ақпаратты таратпайды ақпаратты сұрыптап, керегін қалдырады. Ақпараттың керекті тұсын қалдырып, артығын алып тастау болып табылады. Бұл теорияны қолдану оңай емес. Адамдарда белгілі бір затқа бұрыннан қалыптасқан пікірлер болады. Батыс ғалымы Б.Парр бұл феноменді «идея иннерциясы» деп айтады яғни стереотип. Батыс журналисі У.Липпман алғаш рет осы терминді өзінің «Қоғамдық пікір» атты кітабында қолданған болатын. Оның пайымдауынша қоғамда қалыптасқан пікірлер кейбір заттың шынайы сипаттамасын жояды. [209]

Қарапайым мысалға Нью-Йорктегі орын алған 11 қыркүйек ланкестік әрекетін айтсақ болады. Мұсылман елін өзге дін өкілдерінің алдында «агрессивті» етіп қалыптастырды. Сириядағы жағдай мүлдем ушықтырды. Сондықтан қазір мұсылман емес елдерде жақтауға кірген жағымсыз ой

қалыптасқан. Елбасы ұлттық қауіпсіздік мәселесіне баса назар аударып, халықаралық ланкестік пен экстремизм қатері, Ауғанстан, жалпы аймақтық қауіпсіздік мәселелері, қорғаныс мақсатында қазіргі заманғы қуатты әскер жасақтау, осы заманғы аумақтық қорғаныс жүйесін қалыптастыру сияқты маңызды мәселелерді көпшілік назарына ұсынды.

Батыс ғалымдары фреймингті қолдану барысында аудитория ақпаратты қалай және қандай ақпаратты қабылдайтынын зерттеп, одан кейін ақпаратты соған қарай бейімдеп беруді ұсынады. Кез келген аудиторияны бірінші зерттеп барып саясат жүргізу керек.

Бұл тәсіл тек саясатта ғана емес ғылымда, бизнесте қарқынды қолданады. Себебі қалыптасқан жақсы пікір ойлаған мақсатқа жеткізетіні түсінікті. Ал Қазақстан үшін үлкен жақтау эффектисі «Борат» фильмін айтсақ болады. Осы тұста «бренд» сөзіне тоқталамыз.

Халықтың түсінігі бойынша «бренд» дегеніміз көпшілік бірден танитын өнім және өзіндік ерекшеліктері мен белгілері бар, соған қарап тұтынушы өндірушінің кім екенін біледі. Ағылшын тілінен аударғанда «brand» – таңба деген мағынаны білдіреді. Сонымен бренд сөзі – танымал болу. Бренд тарихы ежелгі қолөнершілердің өз өнімдеріне арнайы таңба бастыру кезінен басталады.

Марка жасау - тауарларды жасап шығарған және тауар сапасының нышаны болған шебердің символы ретінде есептелді. Таңба бастырудың алғашқы нұсқалары ежелгі қытай фарфорынан, ежелгі Греция мен Римдегі сазды құмыралардан, Үндістаннан келген тауарларда кездеседі. Осылайша, алғашқы бренд жасау б.з. XIII ғасырдан пайда бола бастаған [125].

Брендтің өзінің жеке таңбасы, заманауи тілмен айтқанда «логотипі» болады. Белгілі бір уақыт аралығында тұтынушының сеніміне кіріп, сапасы жағынан көңілден шыққан тауар брендке айналады.

Бүгінгі ХХІ ғасырда миллиондаған брендтердің арасында көрінбей, жоғалып кетпес үшін өндіруші компания өнімін таңбалайды. Мұндай таңба бастыру дәстүрі қазақта бағзы заманнан бері келе жатқан үдеріс болып саналады. Таңбалауды орыс тілінде «тавро» деп айтады. Орыс тіліне «Тавро» сөзі түркі тілінен енген. Малға таңба басу дегенді білдіреді. Бастырылған тавро (қазір «таңба» деп аталады) арқылы, мал иесін немесе оның иелік ететін үйін біліп отырған.

Қазақ ауылдарында бұл дәстүр әлі де кеңінен қолданылады. Бұрынғы уақытта халық мал шаруашылығымен айналысатын өндірушілерге қарап, малдың сапасын анықтап жатты. Қазақтар ауыл шаруашылығына бейім болғаны үшін малға таңба баспау мүмкін емес еді. Таңбасы жоқ төрт түліктің, ірі-қараның иесін анықтау қиын болды. Таңба басу – малдың құжаты сияқты рөл атқарды. Осы күндері де тавро сөзінен шыққан орыстың «таврение», «таврить» сөздері мен етістіктері мал шаруашылығында кең қолданылады. Сонымен «таврить» сөзі – «таңба басу» дегенді білдіреді.

Қазақ даласында малға таңба басу сонау ерте заманнан бері келе жатса, Еуропада бұл дәстүр ХVII ғасырда пайда болды. Яғни алғашқы зауыттық таңба басу Германия өңірінде: Градицте (1722ж.), Цвайбрюкен (1755ж.), Цель

(1768ж.), Тракенен (1787ж.) және Нойштад-Досста (1788ж.) дамыған. Еуропадағы таңбалау халық арасында бірден тауардың, біздің жағдайда төрт түлік, ірі-қара малдың сапасын анықтайтын бірден бір белгі ретінде қабылданды. Сонымен қатар, қазақтарда әр ру-тайпаның өз таңбасы барын баршамыз жақсы білеміз. Еуропада да ондай үдеріс бар. Бірақ қазақтардікіндей ру-тайпаны емес, өңір-аймақтарды таңбалаған [126].

Қарапайым тұтынушылар бренд сөзін «сапалы тауар» деп түсінеді. Брендке айналған тауарларды сатып алуды жөн көретін тұтынушылар ең бірінші болып иррационалды себептерге жүгінеді. Яғни бренд тауарын тұтынушы адам өзін кез келген жерде элита талабына сай боламын деп қабылдайды. Бренд-адамдардың санасын, белгілі бір объектіге деген көзқарасының қандай болуын басқаратын күрделі технология [127]

Уикипедия бойынша «бренд» деген сөзге мынадай анықтама береді: «Бренд - сауда белгісі, немесе қазіргі кезде біздің бренд деп жүргеніміз - таңба ғана емес, сол таңбаның астарында тұрғанның барлығы. Әдемі таңба-рәміздерді және фирмалық мәнерді бренд деп атау қате болмады. Бренд — бұл сауда белгісі ғана емес, бұл тұтынушыға берілетін уәде және сол уәдені орындау. Ежелгі заманнан бері адамдар қарым-қатынас жасауды, таңбалар арқылы белгілі бір сезімді немесе ақпаратты беруді қажет етті. Бұл таңбалар бір идеяны жақтаушыларды өздерінің бәсекелестерінен өзгеше етіп көрсетті. Таңбалар адамның немесе топтың даралығын көрсетуге, өзінің мақтанышын немесе белгілі бір қасиеттерді иеленетіндігін көрсетуге мүмкіндік береді. Адамдар өз идеалдарын қорғай отырып, белгілі бір тудың астына жиналған» [128]. Бренддинг - брендті құруға, репозициялауға, брендтің даму сатысын өңдеумен, кеңейтумен, терендету және өзгертумен айналысады. Бұл өз кезегінде имиджге салмақты үлесін қосады [129]. Брендті басқару (Brand Management) дегеніміз - брендтің өзіндік дербес қырын қалыптастыратын процесс. Яғни бренддинг белгілі бір брендті жүргізу барысында стратегиялық және антидағдарыстық басқару жоспарларын қалыптастырады. Сол себептен бренд ол жоғары бәсекеге ілесе алатын тауар деп есептеледі. Ал Ресейдің зерттеуші ғалымы, профессор Назайкин А. Н өзінің жеке сайтында бренддингтің мақсаттарына тоқталып мынадай пікір айтады: «Цель брендинга создание четкого образа бренда и четкого формирование направления коммуникаций. «Бренддинг включает в себя работы по исследованию рынка, позиционированию продукта, созданию имени (brand name), дескриптора, слоган, системы визуальной и вербальной идентификации (товарный знак, фирменный стиль, упаковка, специальные звуки и т.д.), использованию идентификационных и коммуникационных носителей, отражающих и транслирующих идею бренда» [130].

Мэтью Хэллидің «Что такое бренддинг» атты кітабында бренддинг ол жасап шығарушы мен тұтынушы арасындағы қарым қатынастан туындаған екі тарапты күрделі үдеріс деп түсіндіреді [131].

Мемлекеттік дипломатияның мақсаттары ұлттық бренддингтің мақсаттарына сай келеді және олар мынаған бағытталған:

Біріншісі ол мемлекет туралы шетелде жағымды ақпарат тарату: яғни оның саясаты, өмір сүру салты мен құндылықтары сонымен қатар халықаралық аренада мемлекет туралы қалыптасып қалған жағымсыз стереотипті пікірлермен күресіп жағымды көзқарас қалыптастыру.

Екіншісі жағымды ассоциация қалдырумен қатар, жаһандық мәселелерге қатысты мемлекеттің көзқарасы мен позициясына қолдау табу.

Үшінші мәселе ол шетелмен ғылыми кадрлармен алмасу, жұмыс немесе білім алу арқылы елге тартып, мемлекеттің шетелдіктерге сай келетін құндылықтар жүйесін қабылдату.

2010-шы жылдары Маркетинг және саяси коммуникация сияқты ғылыми салалардың өкілдері қоғамдық дипломатия, имидж және бренд принциптерін зерттей бастады. Маркетинг саласындағы мамандар «ұлттық бренд» тұжырымдамасы заманауи қоғамдық дипломатияның сипатын түсіндіреді деп есептейді. Қоғамдық дипломатияның маркетингпен біріктірілуі, сондай-ақ мемлекеттің имиджін алға жылжытудағы маркетинг заңдарының қолданылуы үкіметтің имиджі мен оның саясатының шетелдік аудиторияға сатылуы керек өнім екендігі туралы идеяның туындауына мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде үкіметтің имиджін ұлттық бренд деп атай бастады [132, б. 97-107].

Қарап тұрсақ ел имиджін қалыптастыру қоғамдық дипломатияның негізгі бөлігіне кіреді екен.

Ел брендингі Ағылшын тілінде «nation branding» (ұлттық брендинг) деп аталса, орыс тілінде «страновой брендинг» деп аталады. Ұлттық брендинг - елдердің беделін өлшейтін, оны құрып және басқаратын тәжірибелік және білім саласы болып табылады. Ұлттық брендингті көптеген елдер қолданады олардың ішінде: Канада, АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея, Оңтүстік Африка, Жаңа Зеландия және көптеген Батыс Еуропа елдері кіреді[133].

«Ел брендингін» алғаш рет туристік салада 1950 жылы Пуэрто-Рикода іске асырған. Олар PR мамандарына шетелдік туристтердің санын арттыру үшін ел имиджін қалыптастыруға талап қояды. Содан бастап бұл үрдіс өзге елдердің назарына ілініп, қызығушылық танытып, 1990 жылдың соңына қарай туристік, БАҚ, инвестициялық салаларындағы елдер бәсекелестігінің күшеюіне байланысты «ел брендингі» саласы пайда болады. 2005 жыл 16 мамырда «Zakon.kz» сайтында «Имидж страны. Страновой брендинг» атты мақалада журналист З.Данаева, Британдық үкіметтің қоғамдық дипломатия бойынша кеңесшісі, «EarthSpeak» компаниясының төрағасы, "Place branding and public diplomacy" журналының редакторы Саймон Энхолтпен сұхбат жүргізеді. Ол өз сұхбатында ел брендингі (Country branding) мен бизнес брендингінің (business branding) айырмашылығы туралы мынадай пікір айтады: «Это совершенно разные понятия. Существует несколько полезных сопоставлений, которые можно использовать. Но нужно быть очень осторожным, чтобы быть уверенным, что ты применяешь верную практику, правильную теорию из коммерческого брендинга в политическом. Что-то срабатывает, что-то - нет. Но все же страна - это совсем другое, нежели товар Coca Cola» [134].

Сонымен бірге эксперттің айтуынша осы күндері әлемде өзінің дұрыс имиджімен мақтана алатын бірде бір мемлекет жоқ. Әр елдің имиджінде өз жетіспеушілігі мен проблемалары бар. Мысалы Жаңа Зеландия мемлекетін осыдан бес-он жыл бұрын ешкім білмейтін. Проблема елдің географиялық тұрғыдан алыс орналасуында болған. Мемлекет басшылары оны туристерге «ыңғайлы» етуді мақсат етіп бұл кемшілігін түзеді [135].

Ұлттық брендингтің дұрыс жүргізілуінің арқасында, ел азаматтары өзін үлкен, ұлы елдің бөлшегі екендігін сезінеді. Ел брендингі Қазақстан сияқты жас мемлекетке өте қажетті, себебі әлемдік аренада экономикалық, әскери, саяси маңызы төмен болған мемлекеттер брендингті дамыту арқылы жаһандық нарықта бәсекеге ілесе алады. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, егемендікті нығайту және аумақтық тұтастығын сақтау, мемлекеттің саяси және экономикалық дамуы ел брендингінің тиімді қалыптасуына байланысты. Қазақстанда бренд құру жұмыстары тәуелсіздік алған сәттен басталады. Ол уақытта ел алдында үлкен көлемді жұмыстар тұрды. Барлық экономиканы қалпына келтіру, саяси жүйені түбегейлі өзгерту, әлемдік қауымдастыққа тең қатысушы ретінде қосылу қажет болды. Тәуелсіздік алғаннан соң 27 жыл ішінде ел түбегейлі өзгерді. Ұлттық кәсіпорындар тек ел экономикасын дамытудың қозғаушы күші ғана емес, сонымен қатар елдің бет-бейнесі мен имиджі болып табылады. Бір сөзбен айтқанда ел брендінің тауар сияқты өзіндік ерекшелігі бар. Көптеген ел шын мәнінде қай бағытта мықты болса сол бағытты дамытты. Соның нәтижесінде біз Жапонияны - технология, Американы - экономика, Англияны - классика, дәстүр, Францияны - сән, Финляндия - демократия, Қытай - еңбек өнімділігі, Ресей - әскери қуат, Оңтүстік Африка – гауһар тас және т.б. сияқты қалыптасқан теңеу айта аламыз. Мүмкіндіктері жоғары болған мемлекеттер де ел-брендингін дұрыс қолданбай, жүйелі жұмыстарды жүргізбесе өзінің идентификациясын жоғалтады.

Қазақстанда бренд бола алатын керемет технологиялар жасалмайды, сән үлгісі жағынан да еліміз алда емес. Шынайы идентификациясы ол табиғи ресурстарға бай елміз. Өкінішке орай, біздің сыртқы әлеммен байланысымыздың арқасында ғана бұл туралы аз адамдар біледі. Мамандар ел брендингін әр механизмі өз бетінше маңызды рөл атқаратын сағаттың құрылымына теңейді. Барлығы бір сағат жүйесіндей қызмет атқарады. Соған қарай брендті басқару кез келген мемлекет үшін өзекті. Сонымен қатар, экономикалық өсім және басқа мемлекеттермен қарым-қатынастардың қарқынды дамуы көп жағдайда ел брендингінің қалай қалыптасып, дамып жатқанына түбегейлі байланысты. Еліміздің ұлттық брендинг мәселелеріне келер болсақ, 2015 жылы қаңтардың 1 күні «Central Asia Monitor» газетінің сайтында [136] «Имидж Казахстана зарубежом: лицо или маска?» атты мақала жарық көрді. Журналист Серікжан Адиев, Сыртқы істер министрлігінің халықаралық ақпарат комитетінің төрағасы Роман Василенкодан, еліміздің туризмі, ұлттық брендті қалыптастырудағы ролі мен проблемалары туралы, шетелде Қазақстанның қоғамдық дипломатияға бағытталған қызметі жайлы сұхбат алған. Р. Василенконың айтуынша – «Формирование положительного

имиджа государства, как известно, является одним из факторов улучшения его инвестиционной привлекательности. Сегодня практически все страны мира выделяют немалые средства на продвижение и поддержание своего международного имиджа, что является важной составляющей так называемой «мягкой силы» во внешней политике».

Сыртқы істер министрлігінің ақпаратына сүйенсек 2015 жылы Қазақстан, 019 «Ақпарат пен имидж саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ету» жобасы бойынша шетелде өзінің имиджін көтеруге 15,4 миллион АҚШ долларын қаржыландыруды қарастырған. Жоғарыда атап өткендей, қоғамдық дипломатияның ең негізгі ролі ол сырт елдерде көптеген іс-шараларды өткізу, БАҚ жарияланымдары болып табылады. Әрбір шетелдік мекеменің ақпараттық және имидждік жұмысы белгілі бір аудиторияға, яғни саяси элитаға, кәсіпкерлерге, сарапшылар мен ғылыми топтарға, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне және өз елінде шешімдер қабылдайтын немесе қоғамдық пікірді қалыптастыратын басқа адамдарға бағытталған. Осы жұмыстың арқасында Қазақстан тақырыбын объективті түсінетін адамдар тобы қалыптасады және болашақта олар өз елінде Қазақстанмен ынтымақтастықты дамытуға үлес қосады. Өз кезегінде, қоғамдық дипломатияның нәтижелері белгілі бір мәселелер бойынша, мысалы, заңнамалық органдарда, сауда-экономикалық және инвестициялық келісімдерді жасасуда оң шешімдерде көрініс табады.

Мысалы, Американың мемлекеттік департаменті ақпараттық имидждік саясаты үшін жылына 500 миллион АҚШ долларын бөледі. Ал Ресейдің қоғамдық дипломатиямен айналысатын «Россотрудничества» федеральды агенттігі 9,5 миллиард рубль бөледі екен [137].

Роман Василенконың айтуынша осы уақытқа дейін шетелде 400 - ге жуық кітап жарық көрген. «Қазақ кітапханасы» жобасы бойынша әлемнің түрлі тілдерінде О. Сүлейменовтың «Минута молчания на краю света», Г. Бельгердің «Дом скитальцев», «Восстание невест», М. Әуезовтың «Абай жолы», А. Нұрпейісовтың «Умиращее море», І. Есенберлиннің «Көшпенділер» және Н. Назарбаевтың т.с.с. көптеген кітаптар жарық көрді. Сонымен қатар өзге тілдерде 12 деректі фильмдер шығарылды. Олар: «Забытые в Караганде» (КарЛАГ, Испания), «Казахстан - Мәңгілік ел - страна мечты», «Жемчужина в среди степи», «Астана-столица ЭКСПО-2017» және т.б. Қазақстанның шетелдік серіктестерімен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында былтырғы жылы Қазақстандағы шетелдік мекемелерде 80 астам брифинг, 30 баспасөз конференциясы, 53 дөңгелек үстел, 15 конференциялар, 8 бизнес-форум, 48 семинар және презентациялар, 32 фотокөрме өткізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында 1700 мақала мен жарияланым ұйымдастырылды. 2014 жылы елімізде жүргізіліп жатқан саяси, экономикалық және мәдени іс-шаралар (2500-ден астам материал) туралы жан-жақты баяндалған шетелдік баспа және электронды БАҚ-тарда Қазақстан туралы жағымды мақалалар жиынтығы едәуір өсті.

Ақпараттық-имидждік жұмыс яғни «қоғамдық дипломатия» министрліктің күнделікті жұмысына кіреді. Оның қызметі Қазақстанның халықаралық аренада қалыптасып қойған жағымды пікірлерін бекітуге және жаңа бір оң көзқарастарды құруға бағытталады. Өткен жылы еліміз туралы шетел БАҚ-да 15 мыңдай мақала жарық көрген, контентке көз жүгіртсек: 23 пайыз – жағымды, 52 - пайыз бейтарап позицияда жазылған материалдар, 25 пайыз - жағымсыз. Бұл көрсеткіш ақпараттық-имидждік жұмыстың оң нәтижесі болып саналады. Эксперттер жағымды және бейтарап позицияда жазылған мақалалар, жағымсыз мақалаларға қарағанда басым деген баға берді. Салыстыру үшін: 2013 жылы еліміз жайлы оң бір мыңнан астам мақала жарық көрді, контент былай: 20 пайыз – жағымды, 55 - пайыз бейтарап позицияда жазылған материалдар, 25 пайыз – жағымсыз. Осымен жұмыс тоқтап қалмауы тиіс, себебі жаһандану уақытында инвестицияларға, жаңа ресурстарға бәсекелестік тек күшейе түсуде. Даму жоспарына сәйкес бейімделу керек. Мысалы, жаңа технологияларға және жаңа бұқаралық коммуникация құралдары пайда болған сайын Сыртқы істер министрлігі және біздің шетелдік агенттіктеріміз атақты әлеуметтік желілерге көбірек екпін жасауда. Бұл ретте Сыртқы істер министрлігінің және осы саладағы басқа да мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жалғасады.

Ақпараттық-имидждік жұмыстың маңызды бөлігі халықаралық мәдениет саласындағы ұлттық мәдениетті насихаттау, біздің мәдени брендіміз туралы хабардарлығын арттыру болып табылады. Еліміздің дипломаттарының соңғы жұмысы нәтижесі ЮНЕСКО-ның адамзаттың әлемдегі материалдық емес мәдени мұрасының тізіміне қазақ домбыра күйін орындау өнерін және қазақ киіз үйлерін құрудың дәстүрлі дағдыларын енгізу туралы шешімін айта аламыз. Қазақстанды алғаш рет жылқы өсірген мекені, алма мен қызғалдақтың отаны ретінде популяризациялау осы жұмыстардың бір бөлігі болып саналады.

Шетелде мәдениетімізді насихаттайтын іс-шараларға қомақты шығындар қажет. Дипломатиялық органдар, мәдениет және спорт министрлігімен, сонымен қатар басқа да мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар, жеке кәсіпкерлер мен үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе осындай ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Еліміздің Сыртқы істер министрлігінің жыл сайын өткізетін «Қазақстан шетелдік БАҚ көзімен» атты халықаралық байқау да ақпараттық-имидждік саясаттың бір қыры болып саналады. «Байқаудың мақсаты: Шетелдік БАҚ-тарда авторлардың Қазақстан туралы аса таңдаулы және объективті журналистік репортаждар, очерктер, сюжеттер және талдамалы-сараптамалық материалдарын марапаттау.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын жарықтандыратын шетелдік БАҚ және авторлардың жұмыстарын кәсіби сапалы жасауын дамытуда қолғабыс ету. Байқаудың өткізілуі Қазақстанда ішкі, өңірлік және халықаралық деңгейдегі іс-шараларды жарықтандыруға қызығушылық танытқан шетелдік журналистер мен БАҚ-тар үшін қолайлы жағдай жасайды. Байқаудың мақсаты: Халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарында қазіргі Қазақстанның экономикасы, тұрмысы, мәдениеті, өнері және алуан түрлілігі

туралы айқын, сапалы және объективті материалдар тудыру мен таратуда қолғабыс көрсету» [138].

Байқаудың нәтижесінде ТМД және Балтық елдерінің арасында Өзбекстанның ұлттық ақпарат агенттігі (УзА) жеңіп алды. Ал еуропалық журналистердің арасынан британдық журналист Джилли Пикап «Country and Townhouse» журналында Қазақстанда болған саяхатын «One Steppe Beyond» (аудармасында «Бір даладан басқа») деген мақаламен баяндап жеңіске ие болса, Америка елдерінің арасынан, журналист Стефан Липовцевтің атақты Forbes журналында жарияланған «Қазақстанның жеті кереметі» атты мақаласы топ жарып шықты. Сонымен қатар, Таяу Шығыс және Африка елдерінің арасынан Иорданияның журналисі Айман Абдельхафез аз-Забен болса, ал Азия, Австралия және Мұхит елдерінің арасынан қазылар алқасы Үндістанның журналисі Индервир Сингхтің «Business Central Asia» журналына шыққан «Astana: the capital has its own charms and pleasures» мақаласына жеңісті берді [139].

Мемлекет шетелдік әріптестерді өз идеясының дұрыстығына сендіру арқылы шетелдің қоғамдық пікіріне әсер ете алады. Сонымен қатар халықаралық аренада ел үшін маңызды болған мәселелерде мемлекеттің позициясын қолдайтын, сөзін сөйлейтін жаңа қорғаушыларды табуға ықпалдасады. Зерттеуші К.А. Жакенова өзінің ғылыми мақаласында қоғамдық дипломатия белгілі бір мемлекет азаматтарының мәдени және рухани құндылықтарын, елдің ғылымы мен интеллектуалды әлеуетін қамтиды.

Қоғамдық дипломатия арқылы мемлекеттің имиджі қалыптасып, оның ұлттық брендинг контекстіндегі мемлекет бағдарламаларының интеграциясы жүзеге асады деп айтады. Дамыған озық елдердің ұлттық брендинг бойынша жасаған жұмыс тәжірибелеріне мән беріп қарасақ, қоғамдық дипломатияның белсенділігі негізгі үш өлшемде байқалады, олар:

1. рухани құндылықтарға сай мәдениетті жоғарылату;
2. ғылым мен интеллектуалды потенциалды дәріптеу;
3. имиджді саясатты жүргізу;

Жаһандану дәуіріндегі этносаралық айырмашылықтың ең басты факторы мәдениет болып табылады сол себептен елдің мәдени мұрасы мен рухани құндылықтарын ұлықтайтын аспектілер қоғамдық дипломатияның ең басты элементі болып келеді. Негізгі акцент ұлттық дәстүрге, құндылықтарға, әдет-ғұрыпқа беріледі.

Қоғамдық дипломатия аясында өтетін іс-шаралар ұлттық логотипті қалыптастыруға, шетелдің озық БАҚ-да және интернет желілерінде мемлекет туралы насихат жасайтын жағымды мақалалар мен ақпараттардың жарық көруіне, жарнама роликтердің түсірілуіне, және тіл мен әдебиетті таратуға арналған іс-шаралар, ұлттық колоритті көрсететін концерттер, көрмелер, фестивальдарды өткізілуіне және ұлттық мәдениет элементтерін коммерциализациялауға бағытталған. Мысалы, жарқын идея ретінде тілді дәріптеуге жасалған немістердің Гете институтын, Жапонияның мәдени центрін алып қараса болады. Соңғы уақыттары Қытай Халық Республикасы

өзінің тілін әлемге дәріптеу мақсатында Конфуций центрін дүние жүзі бойынша ашса, ал елшілікке қарайтын Франция мемлекетінің «Альянс» тілдер орталығы әлем бойынша француз тілін ең әдемі тіл «махаббат» тілі деген брендке айналдырып насихаттауда.

Мемлекетіміздің қоғамдық дипломатия аясында ұлттық брендін қалыптастыру жұмыстарының қатарында ғылым мен интеллектуалды потенциалды дамытуға арналған жұмыстар бар. Яғни ол дегеніміз ғылымдағы жетістіктерді шетелде көрсетіп сол жақтағы талантты ғалымдарды елімізге тарту, мамандар базасын құру.

Жақсы мысал ретінде неміс ғылымын әлемге таныстырып жүрген «Partner FurInnovation» жобасын айта аламыз. Аталмыш жобаның негізгі мақсаты ең мықты неміс инновацияларын популяризациялау болып табылады. Partner FurInnovation серіктестігінде ғылыми, коммерциялық, қоғамдық және бизнес-структураның өкілдері бар. Барлығы 200 мекеме. Неміс ғалымдарының адамзат дамуына әсер еткен ғылыми инновациядағы жетістіктерін әлемге таныстырып насихаттау үшін «Deutsche star» деген кітап жарық көрді. Бүгінгі заманда озық елдердің қатарына қосылу үшін халықтың сауаттылығы мен білімін дамыту өзекті. Кез келген саланы жетік меңгерген, зияткерлік деңгейі жоғары, қабілетті жас ұрпақ елдің дамушы факторына айналатыны рас.

Қазақстандықтар әлеуметтік желіні жақсы көреді. Техника заманында әлеуметтік желілерді дұрыс қолдану да ел имиджін қалыптастыруға өзіндік ықпалын жасайды. Жаңа медиа арқылы қоғамдық дипломатияның жұмысы жеңілдеген. Ғаламтор адамдарды ақпарат алу құралымен, жеке топпен, бұқарамен қарым-қатынас жасаумен қамтамасыз етеді. Бірақ қай желіні көбірек қолданатын туралы осы күнге дейін дөп басып айтылмаған. Көбіне саяси акторлар Twitter немесе Facebook секілді парақшаларда белсенді қатысады. Сайт құрастырушы Дармен Аманбаев, Твиттерді Қазақстанда қолданысы жайлы былай дейді: «Менің ойымша, қазақ ғаламторын қолданушылар арасында Твиттердің болашағы өте зор. Бір жағынан көп компаниялар оны маркетинг саласында, айталық, сұранысты зерттеу жағынан қолдана алады. Твиттердің ішінде көп ақпарат таратылады, мысалы, қаржы, технология, шоу-бизнес, саясат саласына қатысты. Сол сияқты Ресейдің бұрынғы президенті Д.Медведевте өз микроблогын осы Твиттерден ашқан.» [210].

2016 жылғы мәліметтерге сүйенсек Қазақстан халқының 58,8 пайызы дүние жүзіне танымал әлеуметтік желілерді қолданады екен. Қазақстан ғаламтор қолдану бойынша 43-ші орынды иеленеді. Яғни әр жыл сацын 1,3 пайыз қолданушылар қосылып 9,9 миллион адамға жеткен. Соның ішінде Ресейдің Вконтакте желісін 1,945 миллион адам қолданса, Instagram 1,336 миллион, Facebook-ті 125,8 мың көбісі әйел адамдар яғни 60,3 пайызы. Мұнда Twitter және Facebook қолданушылары саны аз [211]. Бұл тұста еліміздің ғаламторды қолдану проблемасы да бар. Қазақстан 4G-ні қолданып жүр, ал Батыстың 7G-ге әлдеқашан көшкенін ескеру керек. Сол себептенде ауыл аймақтарда ғаламтор әлі де толық жетпеген [212]. Ғаламтор қолданушылары

үшін бұл өзіндік кесірін тигізуде. кез келген ақпаратты алу шектеуі бар мысалға Ғылымға қатысты мақалалар мен кітаптарды Қазақстандық ғаламтор үшін шектеу бар. Американың ғаламторы арқылы көптеген ғылыми мақалаларға, кітаптарға қолжетімділік бар.

Бөлімшені қорыта келе жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму жағдайында дәстүрлі БАҚ-на оның ішінде мерзімді баспасөзге, радио, телеарналарға кеңінен ақпарат таратуға қазір жол ашылуда. Олар цифрланып қанатын кең жаюда. Көптеген БАҚ құралдарының ресми сайттары арқылы дүниенің кез келген жерінен ашып оқу, пікірмен бөлісіп қатысу мүмкіндігін айтқан жөн. [213]. Дамыған елдерде қоғамдық пікір мемлекет саясатына әсер етеді. Олар халықаралық мәселелерін талқылауда қоғамдық пікірге, жеке азаматтарға, үкіметтік емес ұйымдарға көңіл аударады. [214]. Халықаралық аренада имиджді қалыптастыратын ең маңызды құрал ол жаңа медиа құралдары. Ал қоғамдық дипломатия дәл осы жаңа медиа арқылы жүзеге асады. Жаңа медианың ішінде цифрланған БАҚ пен қатар, қарапайым халық қатысатын әлеуметтік желілер де бар. Имидж және ел брендин қалыптастыру үшін үлкен қаржы талап етіледі. Фрейм теориясына дұрыс салынған ел туралы оң ақпараттар шетел азаматтарына өз ықпалын жасайтыны анық.

3 ТРАНСКОНТИНЕНТАЛЬДЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ

3.1 Жаһандану трансформациясындағы мәдениетаралық коммуникация

Жаһандану туралы мәселе дүниежүзінде 1990-жылдан бастап кеңінен айтыла бастады. Саясат, әлеумет, халықаралық қатынастар, технология ғылымдарын зертеуші ғалымдар жаһанданудың әртүрлі аспектілерін 1960-1970 жж. да өзекті тақырып ретінде талқыға салған. Жаһандану терминіне қатысты түсіндірме өте көп. Мысалы, бір топ жаһандану бірыңғай (әмбебап) халықаралық экономикалық, құқықтық, мәдени және ақпараттық кеңістікті қалыптастыруды білдіреді десе, екінші топ жаһандану феномені экономикалық шеңберден шығып, қоғамдық қызметтің барлық негізгі салаларына – саясат, идеология, мәдениетке де ықпал етеді дейді. Соңғы он жылдың ішінде әлем бойынша «жаһандану» үдерісі дегеніміз не, бұл үдерістен қандай пайда алуға болады деген сынды сұрақтар аясында туындап отырған дебаттар әлі де толастар емес. Энтони Гидденс, «глобализация» терминін жоқтан пайда болып, барлық салаға әсер етті (пришел из ниоткуда, чтобы быть всюду) деп тұжырымдайды [143].

Жаһандану үдерісінің дамуы әлемді жаулап алатын және оны бірыңғай коммуникативті кеңістікке айналдыратын мәдениетаралық коммуникациямен тығыз байланысты [144]. Ал, В.М. Межуевтің айтуынша, жаһандану заманында мәдени процесс мемлекеттер мен ұлттар арасында белгілі бір қарым-қатынастық пайым қалыптастырады, адамдар ұлтына немесе географиялық орналасу аймағына қарамастан әлем мәдениетінің кез келген құндылығына емін-еркін қол жеткізіп, өзін рухани тұрғыдан дамыта алады [145]. Мұндай контекст де мәдениетаралық коммуникация түрлі субъектілер, әлеуметтік топтар, мәдениеттер, өркениеттер арасындағы мәдениетаралық өзара әрекеттесу барысында құндылықтармен алмасу үдерісін жүргізеді [146].

Заманауи қоғамның өмірін сипаттайтын мәдениетаралық коммуникация бизнес, өндіріс және білім аясында пайда болды. Сол себептен мәдениеттанымдық және лингвоелтанымдық бағыттар ең алдымен мәдениетаралық тілдесу мен серіктестер арасындағы өзара түсінсікті орнатуды ойлайды [147].

Адам шет тілдерін үйрену арқылы сол елдің мәдениетімен, дәстүрімен танысады. Мәдениет – адамдар өзара әрекеттесетін, өздерін танитын және сыртқы әлеммен қарым-қатынастарды қалыптастыратын орта болып есептеледі. Клиффорд Герцтің анықтамасы бойынша, мәдениет «адамдар тілдеседі, уақытты байланыстырып және өмірге қандай қарым-қатынас жасау туралы білім жияды. Мәдениет – адамдар өз тәжірибелерімен алмасып және өз әрекеттерін басқаратын көп тұжырымдамалы құбылыс» [147, б. 57]. Алайда, халықаралық байланыс қатысушылары әртүрлі мәдениеттерге бейімделу процесінде көптеген кедергілерге тап болады, бұл мәселе кеңінен таралған халықаралық жобаларды жүзеге асырудың тиімділігін төмендетеді [148].

Бүгіндері білім беру ордаларында шетел тілдерін үйретуге үлкен мән береді. Өзге елдің тілін үйрену барысында адам таңсық әлемді, мәдениетті өзінің ана тілі арқылы, өзінің мәдениеті арқылы түсінуге тырысады. Е.В. Крепкогорскаяның айтуынша, екі тілдің фразеологиялық ортақ ерекшеліктері мен айырмашылықтарын үйрену өзге тіл иесінің ұлттық спецификасын терең түсініп, тіл білімін тереңдетуге ықпал етеді [149]. Мұның барлығы өзара түсіністік, мәдениеттер диалогына, шыдам және коммуникация барысында серіктестер арасындағы тілдесу мәселеріне әкеледі.

Мәдениеттер диалогы ел мен халықтардың өндіріс, сауда, ғылым, өнер саласындағы материалдық және рухани жетісіктерімен алмасу ғана емес, мәдениеттер диалогы этникалық топтардың әртүрлі мәдениет салаларындағы өзара әрекеттесу түрінде жүзеге асырады. Мәдени антропологияда бұл қарым-қатынас бір немесе бірнеше мәдениеттердің әр түрлі формадағы өнімдерінің алмасудағы «мәдениетаралық коммуникация» деп аталады. Бұл қарым-қатынас саясатта да, адамдардың күнделікті өмірінде, отбасымен және бейресми қарым-қатынастар арасында да болуы мүмкін [150].

Мәдениетаралық коммуникацияда бөгеттерді болдырмау үшін толеранттылықты сақтаумен қатар, өзге мәдениет өкілін өзінің өкіліндей қабылдау керек. Сұхбаттасушының ойындағысын тауып, кемшіліктерін жасыру арқылы коммуникация бойынша серіктестікке ұмтылу арқылы сыйластық таныту керек. Тиімді мәдениетаралық коммуникация өздігінен пайда болмайды. Ол мақсат қою арқылы түрлі дәрежедегі мәдениетаралық сәйкессіздікті жеңуге тырысады. Жаһандану жағдайында мәдениетаралық коммуникация мәселелері қазіргі кезде бірінші орынды иеленеді. Адамзат тарихындағы ең ірі мәдениетаралық қақтығыс XX ғасырда орын алды. Дүниежүзілік соғыс, қырғи-қабақ соғыс, қазіргі заманғы этникалық және діни қақтығыстардың салдары мәдени жүйелердің қарама-қайшылығынан туындады.

Батыс әлеміндегі ішкі мәдени алауыздықтардың арты өзара жанжал мен мәдениетаралық соғыстарға әкеліп соқты. Мысалы, бірінші дүниежүзілік соғыс мәдениетаралық қақтығыстың бір сипаты ретінде саналады, себебі түрлі империялық ұлттар саяси, экономикалық мүдделерді көздеп кеудемсоқтық көрсетті. Үлкен даудың кесірі мемлекетке экономикалық күйзеліс, дағдарыс әкелді.

Бүгіндері Қазақстанда 130 ұлт өкілдері, 46 түрлі діни конфессиялары өмір сүреді. Толеранттылық принципіне негізделген бағыт елге тұрақты экономикалық прогресс пен бейбітшілікті қамтамасыз етуде шешуші факторға айналды. Қазақстанның бұл принципі тек саяси мәдениетті ұстану қағидасынан қалыптасып отырған жоқ, ол – мемлекеттік принцип болып есептеледі.

Этносаралық саясаттың негізгі мақсаты азаматтардың құқықтары мен бостандығын сақтау. Бұл ұлттық азшылықты құрайтын халықтардың қажеттіліктерін орындайтын стратегиялық міндетке негізделеді. Ондай қажеттіліктердің ең бастысы ұлттар мен ұлыстардың мәдениетін, білімін және тілін сақтау болып табылады. Қазақстанда ұлтаралық келісімді қолдайтын жүйе

қалыптасқан. Басты принципі – қоғам мен мемлекеттің диалогы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев: «Әрбір қазақстандық қай этникалық топқа жататынына қарамастан, Қазақстанды өз туған елі деп қабылдап, әрбір азаматтың құқығы мен еркіндігін қорғалғанына кепіл болады. Осындайда ғана нағыз қазақстандық патриотизм қалыптасады, әрбір азамат әлемге танылған өзінің мемлекетімен толыққанды мақтана алады», - деп нақтылайды [151].

Қазақстан тәуелсіздік алған кезде, елдің Заңы мен Конституциясын қабылдап жатқанда көпұлтты және көпконфессиялы ел екенін ескерді. Ел президенті әлемдік және дәстүрлі діндердің II-ші съезінде былай деп сөз айтады: «Ұлтаралық және дінаралық келісімдегі біздің үлгі, бұл – жалпы әлемдік үдеріске түрлі конфессиялардың өзара әрекеттесуі. Бізді халықаралық аренада дәл осылай қабылдағанын қалаймыз» [152]. Бұдан біз Қазақстанның саяси ұстанымын айқын аңғарамыз.

Нәтижесінде, барша этностың мүддесін ескерген Қазақстан халқы Ассамблеясы саяси жүйенің маңызды элементіне айналды. Азаматтардың ұлты мен дініне қарамай құқығы мен бостандығын сақтайтын құқықтық база жасалды. Сол база этносаралық саясаттың негізі болды. 2007 жылы ҚР Парламенті конституционалдық өзгертулер енгізді. Соның ішінде Парламент Мәжілісі депутаттарының санын 107 адамға дейін ұлғайды және оның 9 мандатын Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланды [153].

Ассамблеядан сайланған депутаттар заң шығару үдерісіне белсенді қатысып, жиі бастамалар ұсынып отырады. Ассамблеяның депутаттық тобының құрамына бүкіл парламенттік партияның өкілдері болып табылатын 25 мәжіліс өкілдерінің кіруі үлгі тұтарлық жағдай. Ассамблея мемлекеттік органдардың халықпен жемісті үнқатысуын, барлық этностар өмірлерінің өзекті мәселелерінің шешілуін қамтамасыз етеді. Тек өткен жылы ғана Ассамблея 10 мыңға жуық іс-шара ұйымдастырды, оған 3,5 миллионнан астам адам қатысты. Көптеген өңірлерде «Достық үйі» құрылып, жұмыс істеуде. Ассамблеяның 2020 жылға дейін дамыту Тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Жүргізілген сауалнама нәтижесінде қазақстандықтардың 97,5 пайызы Ассамблея біздің бүкіл халықтық мүдделерімізді бейнелейді деп айтқан. Бұл жақсы көрсеткіш. Қазақстандық бейбітшілік, руханият пен келісім мәдениетінің 7 арқаулық қағидаттары осындай [154].

Қазақстан Республикасы әртүрлі ұлттардың бейбіт өмір сүруінің бірегей тәжірибесін жинақтады, ал әлемнің басқа да мемлекеттері оған назар аударып келеді. Көпұлтты қоғамның қазақстандық үлгісін қалыптастыру көбінесе Қазақстан халқы Ассамблеясы тарапынан ықпал етті, оның қызметі этносаралық және дінаралық келісімді нығайтуға бағытталды [155].

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын Елбасы Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы I Халықтық форумда ұсынды. Онда Елбасы: «Біздің басты игілігіміз – халықтар достығын Қазақстандықтардың бір ұрпағы ғана жасаған жоқ. Көптеген жайттарды қайта қарау арқылы қазақстандықтардың бұл байлықты жоғалтуға, салт-дәстүрлерді ұмытуға құқығы жоқ. Олар соңғы онжылдықта

және коммунистік директиваларда қалыптаспады. Күнделікті әрбір халықтың, кез келген ұлттың дауысын есту керек. Сондықтан да форумды тұрақты негізге ауыстыру керек, жаңа қоғамдық институт жасау керек», – деп түйіндеді [156].

Ассамблеяның мақсаты – Қазақстан халқының патриоттық, азаматтық, рухани және мәдени қоғамдастығына негізделген қазақстандық азаматтық бірлікті және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру үдерісінде республикадағы ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету. Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтарды қоғамдық келісім арқылы қолдау және дамыту [157, б. 156].

Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі [157, б. 157].

Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этно мәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын, және дамуын қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта Ассамблея құрамында 394 мүше бар [157, б. 159].

Қазақстан халқы Ассамблеясы тәуелсіздіктен бері қарайғы 20 жылдам астам уақыт ішінде бай зияткерлік әлеуеттің қорын жинақтады. Нәтижесінде, ол қоғамдық дипломатия институтының маңызды стратегиялық құралы қызметін атқарып, ұзақмерзімді перспективада даму жолын бастады. Біздің еліміздің 100-ден астам этникалық топтарын біріктіретін бірегей мекеме ретінде мемлекеттің тұрақтылығын сақтауда үлкен рөл атқарды. Ассамблея бүкіл әлемге этносаралық қатынастар саласында Қазақстанның жүргізіп отырған саясатының табысты жүріп жатқанын дәлелдейді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы этносаралық және конфессияаралық келісімді, бірлік пен өзара түсіністіктің бірегей моделін қалыптастыруға, азаматтардың әртүрлі этникалық немесе діни көзқарастарына қарамастан, Конституция кепілдік берген толыққанды азаматтық құқықтар мен бостандықтарға ие болғанда үлкен ықпал етті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі:

- мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу;
- қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға жәрдемдесу;
- Қазақстан халқының мемлекеттік тілін және басқа да тілдерін дамыту;
- этносаралық саладағы аймақтық саясатты жетілдіру;
- демография және көші-қон саласындағы жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- елдегі және шетелдегі этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін насихаттау;
- ұлтаралық келісімге қол жеткізуге бағытталған білім беру және баспа қызметін жүзеге асыру;

- ұлтаралық қатынастардың, оның ішінде мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін қолдану саласындағы мәртебесін бақылау;

- мемлекеттік ұлттық саясат бойынша заң жобаларын қоғамдық-саяси сараптауға қатысу;

- ана тілін, мәдениетін, ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, тарихи отанымен байланысын нығайтудағы шет елдердегі қазақ диаспорасын қолдау;

- этносаралық қатынастар саласындағы қақтығыстарды болдырмауға, келіспеушіліктерді және келіспеушіліктерді шешудің практикалық шараларын іске асыруға және оларды шешуге қатысу;

- этномәдени бірлестіктерге әдістемелік, ұйымдастырушылық және құқықтық көмек көрсету;

- этносаралық қатынастар мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің диалогын қамтамасыз ететін семинарлар, конференциялар өткізу, басқа да іс-шараларды өткізу;

- ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтық қоғам институттары мен халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесу;

- Қазақстанның басқа этникалық топтарының тарихи отанымен қарым-қатынасын дамытуға жәрдемдесу;

- этникааралық келісімге ықпал ететін және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-шаралар;

Осылайша, Қазақстан халқы Ассамблеясының ролін арттыру Қазақстандағы барлық ұлт өкілдерінің және Қазақстанның жалғыз адамдарының өкілдерін төзімділік, конфессияаралық және мәдениетаралық келісімді қамтамасыз етуге бағытталған ішкі саясаттың негізі болып табылады. Бұл өз кезегінде мемлекеттің ішкі тыныштығы мен бейбітшілігін орнатып, шетелде жағымды имиджін қалыптастырды.

Соңғы онжылда әлем бойынша соғыс, этносаралық қақтығыстар мен ланкестік әрекеттер күрт ұлғайып, әлемге үлкен қауіп төндіруде. Сириядағы болып жатқан жағдай босқындардың күйін одан әрі нашарлатты. 12 миллионға жуық босқын мен жарты миллиондай қырылған Сирия халқы өзге мемлекетте бас сауғалауға мәжбүр [158].

Ауғанстан, Йемен, Мьянма, Ирак мемлекеттерінде де түрлі мәдениетаралық қақтығыстар мен қантөгістер орын алды. Нәтижесінде, елдің халықаралық аренадағы имидждік сипаты құлдырады. Позитивті имидж қалыптастыру жылдар бойы жүйелі түрде жүргізілетін стратегиялық жұмыс. Сондықтан, жағымсыз әрі сенімсіз имидждік құралдардан сақ болған абзал.

Қазақстан тарихында тұңғыш рет БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне 2017 жылдың 1 қаңтарынан 2018 жылдың 31 қаңтарына дейін төрағалық етті. Бұл төрағалыққа қатысты отандық эксперттер бірауыздан ел беделінің өсуіне, экономикалық рейтингтің жақсаруына ықпал еткенін баса айтты. Кезекті төрағалықты атқарған Қазақстан орталық Азиядағы мәселелерді, Ауғанстан, Сириядағы соғыс жағдайын шешуді ұсынды. Саясаттанушы Айдос Сарым бұл мәселеге байланысты мынадай пікір білдірді: «Қазақстанның бұл жеті сауалға

ықпал етуіне ешқандай қауқары жоқ. Соған қарамастан, еліміз төрағалық етудің арқасында өзіне ішкі және сыртқы жарнама жасап алды [159].

Ал тағы бір отандық саясаттанушы Санат Кушкумбаевтың айтуынша, Қазақстанның тұрақты халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға жауапты мекемеге төрағалық етуі экономикалық рейтингтің өсуіне және елдің инвестициялық ахуалын жақсартуға ықпал етті.

Демек, біз зерделеп отырған қоғамдық дипломатияның тағы бір аспектісі – бейбітшілік пен тұрақтылық принципі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі 15 мүшеден құрылған, олардың бесеуі тұрақты (Ұлыбритания, Қытай, Ресей, АҚШ, Франция) сондай-ақ қалған оны тұрақты емес. БҰҰ Бас Ассамблеясымен екі жыл мерзімге сайланған, яғни әр жыл сайын бес елден сайланып отырады. Тұрақты емес мүшелер дауыс беруге қатысады, бірақ оларда veto құқығы болмағандықтан шешімдерді тоқтата алмайды. 2017 жылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелері: Боливия, Египет, Италия, Қазақстан, Сенегал, Украина, Уругвай, Швеция, Эфиопия, Жапония.

Қауіпсіздік Кеңесі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің сақталуына қауіп төндіретін кез келген дауға қарсы қажетті шаралар қолдануға, тоқтатуға немесе мәселенің мән-жайын анықтау үшін тергеу құқығына ие. Сонымен қатар, бейбітшілікті бұзатын кез келген қауіп-қатердің, басқыншылық актісінің бар-жоғын анықтайды және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау немесе қалпына келтіру үшін қандай шаралар қолдану керектігі туралы ұсыныстар береді немесе нақты шешім қабылдайды.

2016 жылдың 28 маусымында БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде дауыс беру кезінде Қазақстан БҰҰ-ға мүше 193 елдің 138-нен қолдау дауысын алып, 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. Орталық Азия елдері арасынан алғашқы төрағалық еткен мемлекет болды. Қазақстан бұл жағдайды өз елінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайтуға, сондай-ақ Орталық Азия аймағындағы ұлттық стратегиялық мүдделерін алға жылжыту жолында табысты пайдаланды.

Осыған байланысты Елбасы Н. Назарбаев былай деді: «Бізге әлемдік қоғамдастықтың мұндай сенім көрсетуі мемлекетіміздің қарқынды дамуына және береке-бірлігімізге де байланысты. Бұл тек біздің еліміздің ғана емес, сондай-ақ, бұған дейін ешқашан халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке жауап беретін органда өкілеттілік етпеген бүкіл Орталық Азия субөңірінің де табысы.

Бұл Қазақстанның әлемдегі аса дамыған мемлекеттер қатарына ену, қауіпсіз және өсіп-өркендеген болашақ құру жолындағы тағы бір тарихи қадамы болмақ. Нақ сондықтан Қазақстан болашағы қазіргіден де сенімдірек және игіліктірек болуы үшін өзіне берілген мүмкіндікті пайдаланып қалуға ұмтылатын болады. Біз жаһандық қоғамдастықтың назарын бұған дейінгі көкейкесті бастамаларымызға аудару ниетіндеміз.

Біз жаһандық проблемаларды шешудің жолдарын іздестіруге сүбелі үлес қосатын боламыз» [160]. Саясаттанушы Марат Шибуртов болса былайша пікір

білдірді: «Қазақстан тек БҰҰ Қауіпсіздік комитетінің тұрақты өкілдерінің сеніміне ғана ие емес, сонымен қатар посткеңестік мемлекеттердің, мысалы Украинаның ішкі және сыртқы проблемасын, мәдениеті мен тарихын, элитасының психологиясын жақсы түсінеді. Осы ретте Минск келісімінің орындалуын қадағалау, БҰҰ-дағы мандатын пайдалану арқылы әскери қимылдардан зардап шеккен Украинаның шығыс бөлігіне халықаралық көмек қорын ұйымдастыру немесе кем дегенде екі жаққа да бейтарап позиция ұстану арқылы бейбітшілік операцияларын жүргізу мүкіндігіне ие» [161].

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры, саясаткер Е. Қаринның айтуынша Елбасы Н. Назарбаевтың халықаралық беделінің арқасында Қазақстан осындай жеңіске жетті. Е. Қарин: «Елбасының халықаралық деңгейдегі маңызды шараларға қатысуы, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікке қатысты инициативасы, 2015 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында және жаһандық антиядролық самитте айтылған ұсыныстары БҰҰ тарапынан қолдау тапты, Қазақстанның беделін сөзсіз арттырды» [162].

Қазақстан тәуелсіздіктің 27 жылы ішінде бірқатар жаһандық бастамаларды жүзеге асырды. Олар – АӨСШК, Семей ядролық сынақ полигонын жабу, ядролық арсеналдан бас тарту, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес жөніндегі бастамалар, мәдениеттер диалогын таратуға бағытталған бастамалар, әлемдік және дәстүрлі діндер съезі сынды көптеген қоғамдық іс-шаралар тізбегі. Бұл бастамалардың барлығы сәтті практикалық жалғасын тауып, жүзеге асырылды.

Жасыратыны жоқ, мұндай беделді әрі масштабты шаралар еліміздің қазіргі әлемдегі қауіпсіздікті нығайтуға қосқан елеулі үлесі болып табылады. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүше болу Қазақстанның бастамаларын одан әрі ілгерілету үшін жақсы тұғырнама болды. Атап айтқанда, Елбасы Н. Назарбаев «Бейбітшілік. ХХІ ғасыр» манифестінде БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі алаңында талқыланатын бейбітшілікті қолдауға арналған бірқатар жаһандық идеяларды ұсынды. Астана қаласы Сирия мәселелерін талқылауға ашық алаң ретінде ұсынылды. Бұл бастамасы Астанаға тиесілі болмаса да, ресми Тегеранға қосылған Мәскеу мен Анкара қазақ елінің астанасын келіссөздер алаңы ретінде таңдаулары елге белгілі бір саяси артықшылық берді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қайрат Абдрахмановтың «Астана жаһандық дипломатияда» атты мақаласында, елорданы халықаралық аренада салмақты және бейбіт сүйгіш, сондай-ақ ел басшылығының әр бастамаларына негізделген ерекше имиджге ие болған қала деп санайды. Астана қаласында жыл сайын қауіпсіздік, саясат және экономика саласында халықаралық ірі іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Сириядағы жағдайды бейбіт жолмен реттеу жөніндегі Астана процесінің шеңберінде елордада бітімгершілік келіссөздерінің 9 раунды ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Астананы келіссөз жүргізуге оңтайлы платформа ретінде анықтауы ел имиджі бекемдей түсті. Нәтижесінде, Астана дінаралық диалогтың маңызды орталығына айналды.

Астанада әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу кезінде бүкіл әлемнің дін көшбасшылары, соның ішінде Рим Папасы II Иоанн Павел, ислам, христиан, иудаизм, буддизм және басқа да діни орталықтардың басшылары келді. Астана бүгінде қаржы, экономика, туризм және өнеркәсіп салаларындағы идеяларды біріктіретін халықаралық алаңға айналды.

Астана қазіргі таңда тек қазақ даласының ғана емес, күллі Орта Азияның дипломатиялық орталығына айналды. «Біз дипломатиялық корпусның жаңа астаналық рухты қалыптастырудағы ролін зор алғыс сезімімен атап өткіміз келеді. Кезінде күрделі жағдайларға қарамастан іс жүзінде барлық елшіліктердің және халықаралық ұйымдардың кеңселері Астананың қалыптасуының алғашқы жылдарында-ақ осында көшіп келді.

Бүгінгі таңда елордада шет мемлекеттердің 68 елшілігі және халықаралық ұйымдардың 18 өкілдігі жұмыс істейді. Астана, сондай-ақ халықаралық компаниялар өкілдіктері және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілер пункттері орналасқан коммуникациялық кеңістікке айналды. Осылайша, Астана қысқа мерзімнің ішінде әдеттегі облыс орталығынан әлемнің ең көрікті және серпінді даму үстіндегі орталықтарының біріне айналды және жаһандық дипломатияның ажырамас бөлігіне, бейбітшілік пен келісім қаласына, заманауи Қазақстанның символы атанды» [163]. Бұл да бір өзіндік қалыптасқан дипломатиялық имидж болып саналады.

Мемлекетаралық танымалдылық, жаһандық мәселелерге белсене қатынасу, оны шешу жолында нақты ұсыныстар мен мүмкіндіктер жасау қоғамдық дипломатияның бір көрінісі. Аймақтық қауіпсіздік төніп тұрған қауіп пен келелі мәселелер, есірткі тасымалы, діни экстремизм мен терроризмнің таралуын және заңсыз көші-қонды болдырмауды қадағалайды.

Аймақтық қауіпсіздік Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау, сондай-ақ аймақтағы интеграциялық үдерістер деңгейінде саясатын және стратегиясын айқындайды.

Қазіргі кезеңде қатынастардың барлық спектрі әлемнің жетекші ойыншыларының саясатына, атап айтқанда Ауғанстаннан әскерлерді шығару, су мәселесін шешу және т.б. мәселелеріне байланысты.

Қазақстанның көпвекторлы, теңдестірілген сыртқы саясаты аймақтық қауіпсіздікті нығайтуға және Орталық Азия мемлекеттерімен интеграциялық үдерістерді кеңейтуге мүмкіндік береді. «Казахстанская правда» газетіне сұхбат берген Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Чжоу Ли былай дейді: «Қазақстан – ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан әлемдегі алғашқы мемлекет. Қазақстанның бейбітшілік бастамалары, оның ішінде Орталық Азияда ядросыз аймақ құру, ядролық қаруды сынауға қарсы халықаралық күнді белгілеу, ядросыз әлем декларациясының қабылдануы бірауыздан әлемдік қауымдастықтың қолдауына ие болды. Ядролық қаруға қарсылық, қарусыздандыру және ядролық қауіпсіздікті сақтау сынды бастамаларды алға тарту арқылы Қазақстан халықаралық деңгейде бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі болып отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясатының арқасында осы бағытта

көптеген жұмыстар атқарылды. Антиядролық бастамалар мен нақты әрекеттер Қазақстанның саяси және экономикалық дамуының оң бағытта жүріп жатқанын аңғартады. Нәтижесінде, мемлекеттің әлемдік аренада беделін арттырып, жағымды имиджін қалыптастырады [164].

Қорыта айтқанда, Қазақстан – дүниежүзілік саяси үдерістің толыққанды факторы және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі аймақтық көшбасшы және интеграциялық үдерістер мен қауымдастықтардың бастамашысына айналды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Орталық Азия мемлекеттерімен достық пен тату көршілік қарым-қатынастарында жүйелі дамып келе жатқан өзара тиімді қарым-қатынастар орнатуда еңбегі зор. Н.Ә. Назарбаев – аймақтағы тұрақты және қауіпсіз әлемді құрудағы көрнекті сәулетшісі.

Халықаралық коммуникация құралы ретінде қоғамдық дипломатияның ролі артып келеді. Себебі, қоғамдық дипломатияның жоғарыда атап өткен екінші аспектісі – бейбітшілік пен тұрақтылық принципі көзге көрінбейтін ақпараттық соғыс заманында қайта қарастырылуы тиіс. Теориялық және ғылыми зерттеу тұрғысынан ғылымда бұл тақырып төңірегінде жандаған қызығушылықтың қазақстандық үлгісін де жүйелеуге тырыстық.

3.2 АҚШ, Ұлыбритания, Ресей елдерінің саяси аренадағы имидж құру ерекшеліктері

Жаһандық көшбасшы болуды мақсат тұтқан әлемнің алпауыт мемлекеттері «жұмсақ күштің» барлық институционалды құралдарын дамытуға асықты. 1972 жылы американдық зерттеуші Дж. Фишер былай дейді: «Сіздердің шетелдік-дипломат әріптестеріңіз сіздің еліңіздің саясатын түсінеді деп сену қате. Оны Сыртқы істер министрлігіне әсер ететін бұқара қауым түсіну керек» [165, б. 4].

Бұрынғы уақытта әлемдік державалар халықаралық деңгейде көшбасшы болып, ықпал ету үшін күш қолданып келсе, кейіннен ядролық қарулар пайда болғаннан соң күштеп ықпал ету мүмкіндігі бәсеңдеді. Әлемнің дамыған озық елдері өзінің ұлттық мүддесін басқаша жолмен насихаттауды ойластыра бастады. Сөйтіп, ақпараттық экспансия мен мәдени құндылықтарды дәріптеу ең тиімді құрал екені түсінікті болды.

АҚШ үлгісі

АҚШ-тың қоғамдық дипломатиясы – елдің сыртқы саяси міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған үкіметтік механизм болып табылады. Ол келесідей бірнеше әдісті қамтиды: ақпараттық жобалар (насихат жүргізу), білім беру және мәдени алмасу, ғаламтор желілеріндегі мобильді жобалар (АҚШ-тың цифрлық дипломатиясы) [166].

АҚШ мемлекеттік департаментінің сөздігіне жүгінетін болсақ, онда «қоғамдық дипломатияға» қатысты мынадай түсінік бар. Қоғамдық дипломатия – мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын шетел азаматтарына жағымды әсер қалдыру үшін түсірілетін кинофильмдер, баспа жарияланымдары, мәдени алмасу және телеарналар мен радио хабарлардың

жиынтығы [167]. Яғни рухани ақпараттық контент әзірлеу арқылы мақсатты жұмыс жүргізу.

Бүгіндері мұхиттың арғы жағында орналасқан бұл алпауыт мемлекеттің қоғамдық дипломатияны жүзеге асыру екі мекеме арқылы қаржыландырылады:

1. Ғылыми және мәдени алмасу. Әдетте, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді оқу бағдарламаларына грант бөледі, тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылады. Бұл бағытпен АҚШ-тың Мемлекеттік департаменті айналысады. Шетелде жүрген ресми 700 мемлекеттік тұлға қоғамдық дипломатия жұмыстарын жан-жақты дәріптейді.

2. Шетел тілдерінде хабар таратуға жауапты «Басқарушы кеңесі». Бұл мекеме радио және телевизиялық станциялар желісін басқарады, оның ішінде өзімізге танымал «Америка дауысы» мен «Азаттық радиосы» бар.

Осы ретте, қоғамдық дипломатияның басты элементі үкіметтік емес ұйымдар екенін айтқымыз келеді. Олардың барлығы Америка Құрама Штаттарының ұлттық мүдделерін белсенді түрде қолдайды және бүкіл әлемге жағымды имидж қалыптастыруда теңдессіз жоба болып табылады.

Ресейлік зерттеуші Б.А. Ширяевтің сөзіне сүйенсек, үкіметтік емес ұйымдар сыртқы кеңістікте ел мүддесін насихаттаудың тиімділігін арттырады. Себебі, мұндай ұйымдар әдетте саясаттандырылмаған деген жалаумен шетел азаматтарына жасырын әсер етеді. Олар ресми өкілдерге қарағанда мемлекетке ешқандай қатысы жоқ болғандықтан, шетел тұрғындары арасында үлкен сенімділікке ие деген пікір айтады [168].

Америкалық қоғамдық дипломатияның тарихы 1961 жылы президент болып сайланған Дж. Кеннедидің есімімен тікелей байланыстырылады. Өзге президенттермен салыстырғанда Дж. Кеннеди икемді және үнемді беймазалық ақпарат пен насихаттық саясатты қолдады. Оның бастамасымен Голливуд Американның өмір салты туралы бірнеше деректі фильм түсірді. Оны шетелде әсіресе, Азия мен Шығыс Еуропа елдерінде көрсетті. Кейінірек Кеннеди қоғамдық дипломатияның ең тиімді құралдарының біріне айналған «Бейбітшілік Корпусын» құрып, ол туралы мынадай пайым айтты: «Біздің корпус дипломатия, насихат немесе идеологиялық күрес құралы емес. Оның мақсаты өзгеше, біздің халқымызға әлемдік дамудың үлкен ортақ ісіне елеулі үлес қосуға мүмкіндік беру» [169].

Америкалық қоғамдық дипломатияның тиімді желісі «Worldnet» туралы айтпау мүмкін емес. Бұл әлем бойынша тәулік бойы ақпараттық материалдар мен американдық шенеуніктердің сұхбаттарын спутниктік телевизия арқылы тарататын желі. Оның алғашқы баспасөз мәслихаты 1983 жылы өтті. Содан бері әлем елдерінің президенттері, мемлекеттік хатшылары, қорғаныс министрлері және жетекші экономистері қатысқан 3000-нан астам диалог өтті. «Worldnet» желісі Вашингтонды әлемнің 80 елімен байланыстырады.

Батыс Еуропада оның аналогі «Euronet» бар. Ол мамандандырылған қызметі 96 жергілікті кабельдік жүйе мен 8 телеарнаны қамтиды. «Euronet» хабарлары Батыс Еуропадағы USIA-ның 40 пунктінде жазылып,

түрлі мекемелер мен кітапханаларға жіберіледі. Хабар тарату ағылшын тілінде күніне екі сағат жүргізіледі, аудитория саны 4 миллион адамды қамтыды.

Американдық USIA ақпараттық агенттігі 1953 жылы сыртқы саяси насихаттауды жүргізу мақсатында құрылды. Агенттік 1999 жылы реформалау кезінде Broadcasting Board of Governors тәуелсіз федеральді агенттіктің құрамына өтті. Бұған дейін USIA-ның құрамында 10-ға жуық бөлім қызмет етті. Оның төртеуі таза пропагандалық сипатқа ие болды: радио саласы, білім беру, мәдени сала және басқару. Мысалы, агенттіктің мерзімді басылымдары ай сайын шығып, Американың сыртқы саясатындағы маңызды ақпараттар мен американдықтардың тұрмыс-дәстүрі туралы контентті әлемнің 15 тіліне аударды. «АҚШ Горизонты» журналы, тоқсан сайын ағылшын және испан тілдерінде, экономикалық саясатты дәріптейтін «Экономик импәкт», әлемнің 10 тілінде жарияланатын «Диалог» зияткерлік журналы үздіксіз жұмыс жасады. Сонымен қатар, араб тілінде шығып отырған діни «Аль Махал», Африка еліне ағылшын, француз тілдерінде «Топик» және Ресей мен ТМД елдеріне арналып «Америка» журналдары жарық көрді.

Жоғарыда алпауыт елдің қоғамдық дипломатиялық жұмысына шолу жасап, оның өте қарқынды жұмыс жүргізіп жатқанына көз жеткізсек те, ғалымдар америкалық қоғамдық дипломатияның келесідей проблемалық тұстарын келтіреді:

- стратегиялық жоспарлау болмады;
- ақпараттық алмасу жеткіліксіз;
- жұмыс нәтижелері шашыраңқы бағаланды;
- қоғамдық дипломатия аясында шетелде жұмыс істейтін

қызметкерлердің 30% сол елдің тілін меңгермеген.

Әсіресе мұндай мәселелер араб елдері арасында туындаған [170].

АҚШ-тың бұрынғы вице-президенті Д. Чейни: «Егер біз ланкестікке қарсы күресте табысқа жетуді және еркіндік пен демократияны дамыту жөніндегі ауқымды міндеттерді жүзеге асыруды қаласақ, онда біз қоғамдық дипломатияға көбірек назар аударуымыз керек» [171]. Бұдан біз қоғамдық дипломатияның маңызын айқын аңғарамыз. Америкада бұл мәселені осыдан жарты ғасыр бұрын көтерген. Біздің қазақстандық тәжірибеде имидж қаыптастыру тікелей тәуелсіздік жылдарымен байланысты.

Американың 66-шы мемлекеттік хатшысы Кондолиза Райс шетелдік қоғамды ақпараттандыру саласындағы жұмыс АҚШ әкімшілігі мен оны басқаратын бөлім алдындағы маңызды міндеттерінің бірі ретінде ұғынды. К. Райс өзінің мемлекеттік хатшы лауазымына ұсынуды мақұлдау кезіндегі басқосуда, ақпараттық-психологиялық жұмыстарды жаппай ТМД және Таяу Шығыс елдеріне жүргізуді ұсынды. Ол сондай-ақ, АҚШ Сыртқы істер министрлігінің басшысы ретінде АҚШ үкіметінің шетелдерге радиохабарлар мен теледидар хабарларын тарату үшін жауапты халықаралық хабар тарату кеңесі мүшелерімен тығыз байланыста жұмыс істеу қажеттілігін түсінді [172]. Байқасақ, бұл стратегиялық жоспар қазіргі таңда рухани экспансия тұрғысынан табысты жолға қойылған.

Үкіметтік емес ұйымдардың ролін бағалаған орыс саясаткері В. Никонов былай дейді: «АҚШ-та шамамен 15 мың қоғамдық үкіметтік емес ұйым «қоғамдық дипломатиямен» айналысады. Ал, олардың кейбіреулерінің қаржыландыруы Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігінен кем емес. Бұл әрине қоғамдық дипломатияның өте маңызды құралы болып табылады» [173].

Американың мәдени дамуының мықты идеологиялық құралы – Голливуд. Оның үлесіне жалпы әлемдік прокаттың 50% пайызы кіреді. Американдық киномотографияның пайда болу сәтінен бері «Ақ үй» оны әлемге Америка туралы жағымды имидж қалыптастыру үшін пайдаланды.

Жалпы американдық қоғамдық дипломатия тарихында көптеген кейстер кездеседі. Мысалы, Иракты басып алуы кезінде «Аль-Хурра» және «Әл-Иракия» телеарналары мен радио хабар тарату пайда болды.

Сонымен қатар, Американың сыртқы саясатындағы ең мықты құралдардың бірі – коммерциялық жарнама. Жарнама образдап отырған имидж бүкіл әлемді өзіне қаратып отыр. Мұндай насихаттық жұмыстардың барлығы Пентагонның әскери-саяси бастамаларына қолдау көрсетуде. Мысалы, американдық телеарналарға жарнаманы жеткізетін «Procter and Gamble» компаниясы өзінің қаржыландыратын бағдарламаларына арнайы бағынатын цензуралық кодексін жасап шығарды. Атап айтқанда, кодексте былай делінген: «Қарулы күштер өкілдері жағымсыз кейіпте айтылмау керек. Егер Американың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы бағдарлама барысында сынға ұшыраса, ондай жағдайларды жою керек» деген талаптар бар [174].

Зерттеушілердің басым бөлігі Американың саяси имиджі құлдырады деп есептейді. Оған мұсылман елдерімен болған кикілжіңдер себеп дейді. Қазіргі уақытта қазақ-американ қарым-қатынасын саясаткерлер тиімді әрі жемісті деп бағалайды. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар 1991 жылдың 17 желтоқсанныан басталды. Америка Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқы болып мойындаған елдердің қатарынан болды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев АҚШ-тың Қазақстан тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып таныған мемлекеттер санатында әрі оның дамуында айтарлықтай үлес қосқанын айтады [175]. Қазіргі кезде еліміз Американың Орталық Азиядағы ең сенімді серіктесі болып саналады.

Кесте 2 - Қазақстан және АҚШ арасындағы қатынастардың тарихи даталануы [176]

Жалпы мәлімет	
1	1991 ж. 26 желтоқсанда – Америка алғаш рет Қазақстанның мемлекеттік егемендігін мойындады.
2	1992 ж. 7 қаңтарда – екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылды.
3	1992 ж. 15 қыркүйекте – АҚШ-тың Қазақстандағы Елшілігі ашылды.
4	1992 30 қазанда – Қазақстанның АҚШ-тағы Елшілігі ашылды.

Жалпы мәлімет	
5	2009 ж. 14 желтоқсанда – Алматыда Американың Бас консулдығы ашылды.
6	2010 ж. 21 қаңтарда – Нью-Йорк қаласында ҚР Бас консулдығы ашылды.
7	2015 ж. 18 наурыздан бастап – Джордж Крол АҚШ-тың ҚР-дағы Елшісі болып табылады.
8	2017 ж. 15 ақпаннан бастап – Ержан Қазыханов ҚР-дың АҚШ-тағы Елшісі болып табылады.

Ұлыбритания үлгісі

Ұлыбританияның қоғамдық дипломатиясы сәтті ұйымдастырылған әлемнің озық елдердің бірі. Олар қоғамдық дипломатияны тиімді жүргізетін институционалды негіздерді бекітіп, Ұлыбританияның ұлылығын насихаттайтын «Жұмсақ күш» саясатын орындайтын Лондонның екі құралы бар, ол Британия Кеңесі және BBC телерадио корпорациясы.

«BBC World Service» қызметінің жалпы қаржыландыру бюджеті 2009 жылы 265 миллион фунт стерлингті құрады. Соның ішінде ақпарат пен жарнама қызметі үшін 12.3 миллион фунт стерлинг бөлінген. (FCO 2009b, pp. 12 and 25. These budgets were cut drastically as of late 2010.) 2008 жылы әлем бойынша радио тыңдармандары мен көрермендер аудиториясының саны 185 миллионға жеткен. Оның 177 миллионын радио тыңдармандары құрайды. Бұл көрсеткіш BBC компаниясының бәсекелестері VOA («Америка дауысы») және Radio France International компанияларынан әлдеқайда жоғары болды [178].

Бұл Ұлыбритания тарататын ақпаратқа әлем сеніммен қарайды дегенді білдіреді. Диалогтік коммуникация жағынан Ұлыбритания блог платформаны да коммуникация құралы ретінде кеңінен пайдаланады. Twitter, YouTube, Facebook, Flickr секілді әлеуметтік желілерде аккаунттарын жүргізеді.

Англияның халықаралық мәдени-гуманитарлық саясаты өз алдына бір төбе. Оның ішінде мемлекеттің қоғамдық дипломатия аясында қаржыландыратын мемлекеттік емес және квазимемлекеттік мекемелер үлкен рөл ойнайды. Мұндай мекемелердің шешім шығару кезінде саяси ықпалға бағынбауы Лондонның саяси аренадағы жұмысының тиімділігін арттырады. Себебі, дербес мекемелер әр пункт бойынша нақты есеп беріп, бағалау арқылы бөлінген қаржыны дұрыс жұмсайды.

Бұл елдің халықаралық аренадағы саяси коммуникациялық мүддесі иерархиялық сипатқа ие. Сонымен бірге, Ұлыбритания өзінің ана тілінің күллі әлемге таралып, танымал болғанын мақтан тұтады. Ағылшын тілін дамыту саясатының арқасында Лондон өзге елдермен мәдени ынтымақтастығын артып отыр.

Ұлыбританияның қоғамдық дипломатиясын мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Олар: Сыртқы істер және ынтымақтастық министрлігі, Халықаралық даму министрлігі, Мәдениет, медиа және спорт департаменті. Бұдан басқа,

Сауда және инвестициялар департаменті (UK Trade & Investment) қоғамдық дипломатия саясатынан тыс қалмайды.

Ұлыбритания қоғамдық дипломатияны белгілі бір мемлекетте жүргізбес бұрын сол елге қатысты экономикалық, геосаяси және гуманитарлық мүдделерді зерделеп шығады.

Британдық қоғамдық дипломатия қызметі негізгі төрт бағытта қарастырылады:

1. Мәдениет пен тілді тарат
2. Ғылыми техникалық және инновациялық ынтымақтастық
3. Білім беру аясындағы ынтымақтастық,
4. Іскерлік қатынастар аясында халықаралық дамуды ынталандыру

Ұлыбританияның осы салалардағы «жұмсақ күшінің» негізгі субъекті – Британдық Кеңес. 1934 жылы құрылған бұл ведомстволық емес атқарушы орган өзінің негізгі міндеттерін мәдениет саласындағы өзара байланыстарды дамытуға және Ұлыбритания халықтары мен өзге мемлекеттердің арасындағы әртүрлі мәдени іс-шараларды өткізуге, мәдени аспектілерді түсінуге шақырады.

Осы ретте біз қоғамдық дипломатияның үшінші аспектісін анықтадық. Ол – ағартушылық және мәдени байланыс принципі.

Британдық Кеңес тарапынан өткізілетін британдық мәдениетті дамытуға байланысты іс-шаралар бірнеше форматта, әртүрлі мерзімде жүргізіледі. Форматы бойынша көрме, фестиваль, форум, брифинг, лаборатория, презентация және т.б. Мәдениетті насихаттау барысында дәстүрлі және креативті формаларды пайдаланады.

Британдық кеңес өнер саласы өкілдерін дамытудың халықаралық қорын құру арқылы шетелде өтетін іс-шараларға британдық артистер қаржылай көмек көрсететін болды.

Британдық Кеңестің тағы бір гуманитарлық көмек түрі – мәдениет пен руханият салаларын дамыту. Көмектің бұл түрі кедей елдердегі экономикалық дамуды қолдау мақсатында ұйымдастырылады. Ағылшын тілін дамыту саласында Британдық Кеңес мұғалімдер мен тіл үйренушілердің өзара қарым-қатынасын орнатуға назар аударады, тегін онлайн курстар ұйымдастырады, басқа да кәсіби оқыту бағдарламаларын тегін ұсынады. Өткен жылдан бастап Қазақстанда Британдық кеңес пен АҚШ елшілігінің ұйымдастыруымен Қазақстан журналистеріне арналған тегін алты айлық ағылшын тілі курстарын өткізді.

Ағылшын тілін шетелде оқыту бойынша жобалар төрт негізгі формада жүзеге асырылады:

1. Оқушылар мен студенттерді оқыту және Британдық Кеңес ұжымы тарапынан оқытушылардың дайындалуы;
2. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып, сол топтарды қашықтықтан оқыту;
3. Ағылшын тілін оқыту жүйесін жетілдіру үшін мемлекеттік органдармен бірлесіп жұмыс жасау;
4. Ағылшын тілінен емтихан өткізу.

Сонымен қатар, осы жобаларды іске асыру шеңберінде тегін іс-шараларды және ақылы қызметтерді үйлестіру Британдық Кеңестің өз кірістерінің есебінен ауқымын ұлғайтуға мүмкіндік береді, кедей елдердегі әлеуметтік жағдайы нашар азаматтар да назардан тыс қалмайды [Ibid.]. Қазіргі уақытта Британдық Кеңес өзінің әрбір елдегі өкілдіктері арқылы әлемнің 110 елінде қоғамдық дипломатиялық жұмыстарын жүзеге асырып отыр.

Британдық Кеңестің білім беру саласындағы ынтымақтастық бойынша қызметі, әдетте, оның ағылшын тілін дамыту бағытындағы қызметіне ұқсас. Бұған, ең алдымен, озық тәжірибелермен алмасу бойынша іс-шараларды өткізу; Ұлыбританияның оқу орындары ұсынатын халықаралық деңгейде білім алу мүмкіндіктері туралы ақпарат тарату; академиялық ұтқырлықты қолдау; «Білім беру агенттіктері» деп аталатын оқу орындары қызметкерлерінің халықаралық деңгейге көтерілуімен айналысатын кәсіби дайындықтан өткізу.

Британдық Кеңестің білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырудағы құралы – «Ұлыбританияда білім алу» (www.educationuk.org) атты халықаралық студенттерге арналған ресми сайты айтуға болады.

Британдық Кеңестің бағдарламаларын қаржыландыру арқылы британдық білім беруді интернационалдандыру процесіне қатысудан басқа, Сыртқы істер және Достастық істері бойынша министрлік шетелдік студенттерді Ұлыбританияда жоғары білім алуға тарту бойынша стипендиялық бағдарламаларды жүзеге асыруға тікелей қатысады.

Ең ірі әрі беделді стипендиялық бағдарлама – Chevening Scholarships. Бұл Сыртқы істер және Достастық істері бойынша министрлік пен жекелеген демеушілердің бірлескен жобасы. 2014 жылы жүние жүзі бойынша 600-дан астам адам стипендият атанды.

Бағдарлама Ұлыбританияның жетекші университеттерінің магистратурасында оқуға арналған. Ұлыбританияның тағы бір ірі стипендиялық бағдарламасы – Ұлттар Достастығы стипендиялық жүйесі де Ұлыбритания тарапынан атқарылады. Жүйе жеті бағыт бойынша шәкіртақымен және Достастықтың басқа елдерінен келген студенттер мен ғалымдарды қамтиды.

Осы жүйеге Ұлыбританияның қатысуын үйлестіру үшін Халықаралық даму министрлігі аясында арнайы ведомство – Ұлттар достастығы стипендиясы бойынша Комиссия құрылды.

Жыл сайын 900-ден астам стипендия тағайындалады, ал Достастықтың дамушы елдерінің азаматтарына арналған қаржыландыруды Халықаралық даму министрлігі қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қабылдаушы университеттер білім беру саласындағы ынтымақтастық аясындағы британдық «жұмсақ күштің» субъектілері болып табылады.

Кесте 3 - Қазақстан және Ұлыбритания арасындағы қатынастар [178]

Жалпы мәлімет	
1	1992 жылғы 19 қаңтарда екі ел арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды.
2	1992 жылғы қазаннан бастап Ұлыбританияның Қазақстандағы Елшілігі жұмыс істейді.
3	1996 жылғы ақпаннан бастап ҚР Ұлыбританиядағы Елшілігі қызмет атқарады.
4	2017 жылғы ақпаннан бастап Е.Ә. Ыдырысов Қазақстан Республикасының Ұлыбританиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін атқарады.
5	2018 жылғы қаңтардан бастап М. Гиффорд Ұлыбританияның Қазақстан Республикасындағы Елшісі қызметін атқарады.

Қазақстан мен Ұлыбритания дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылы орнады. Сол уақыттан бері екі мемлекет арасында саяси, парламентаралық, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық әріптестік белсенді дамып келеді. 1994 жылы екі ел достық пен ынтымақтастық туралы бірлескен декларацияға қол қойып, 2013 жыл стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерді. Бүгінде Англия Қазақстан экономикасындағы бес ірі инвесторлардың қатарына кіреді [179].

Ресей үлгісі

Соғыс жылдарынан кейін Кеңес Одағы тоталитарлық режимнен біртіндеп жұмсару дәуіріне өтті; бұл дәуір 1991 жылы КСРО ыдырағаннан кейін аяқталды. Осы сәттен бастап Ресей әлемдік деңгейде тәуелсіз мемлекет ретінде әрекет ете бастады. Ол халықаралық қауымдастық алдында өзінің имиджін жаңартуға, «зұлым империя» сияқты ескі белгілерден арылуға және әлемдік саясатта тең және жауапты ойыншы ретінде көрінуге талпынды.

Ресейдің қоғамдық дипломатиясының негізгі мақсаттары – қазіргі кезеңде мемлекеттік саясатты сауатты түсіндіру, ресейлік биліктің ұлттық және халықаралық іс-қимылдарын дұрыс интерпритациялау, ұлттық имиджді жақсарту, басқа мемлекеттермен әріптестік орнату, қолдауға ие болу және оларға орыстың басқару жүйесін түсіндіру.

Осы міндеттерге сүйене отырып, Ресей Федерациясы қоғамдық дипломатия саласындағы әдістер мен ресурстарды жан-жақты жетілдіруге қол жеткізді. Мұнда экономиканың, ғылымның, мәдениеттің және өнердің түрлі салаларында жетістіктерге жету, қоғамдық қайраткерлерден құрылған делегацияларды таныту, туризмді дамыту және т.б. алмасу міндеттері тұрды. Шетелдік және ресейлік зерттеушілердің айтуынша, 2005 жылдан бастап Ресейдің қоғамдық дипломатиясы жедел қарқынмен дами бастады. Ресей үкіметі халықаралық қарым-қатынастарды тиімді түрде нығайтуға, сыртқы имиджді жақсартуға, еліміздің жалпы күш-жігерін нығайтуға мүмкіндік беретінін түсініп, «жұмсақ билікті» меңгеруге тырысады.

Ресейде де қоғамдық дипломатияны дәріптеуге арналған арнайы агенттік құрылды. Жаңа ғасырда Ресейдің қоғамдық дипломатиясы дамудың жаңа деңгейіне көтеріліп, заманауи құралдарды қамтитын тиімді стратегияға негізделеді. Ресейдің жаһандану жағдайындағы мемлекеттік имиджді жақсартуға ұмтылуы табиғи құбылыс.

Соңғы жылдары Ресей Федерациясының Үкіметі батыс елдерінің осы саладағы табысты тәжірибесін зерттеп, қоғамдық дипломатияға ден қоя бастады. Арнайы жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жекелеген бюджет қарастырып отыр.

Ресей Федерациясының сыртқы саяси ұстанымында қоғамдық дипломатияны жүзеге асыру Ресейдің халықаралық аренадағы объективті сипатын қалыптастыруға қызмет етеді.

Әлемдік ақпараттық кеңістікте ресейлік бұқаралық ақпарат құралдарының ролін күшейту, қажетті мемлекеттік қолдау көрсету, халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелері қарыстырылуда. Қоғамдық дипломатия жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін кеңінен қолдануы керек [180].

«Ұлттық бренд» теориясын зерттеуші, профессор Спаймон Анхолттың пайымдауынша, мемлекеттің имиджі қандай да жасанды маркетингтік науқан мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттың көптігенен құрылмайды. Біз бұл пайыммен келісеміз. Ең бастысы жүйелі әрі зиятты жұмыс жүргізу. Мысалы, қазақстандық үлгіде «Абай» институттарын қазақ тілін үйренемін деген шетелдіктер үшін құру, қазақ тілінің шетелдік азаматтарға арналған онлайн тегін курстарды ұйымдастыру сынды жұмыстарды ұйымдастыру қажет.

Қоғамдық дипломатия саласында Ресей мемлекетінің қызметінің негізгі бағыттарын келтірейік.

1. Ресейлік бұқаралық ақпарат құралдарының шетелдік аудиторияларға ықпалын күшейту. XX ғасырдың 90-жылдары мемлекет басшысы Ресейдің тұңғыш Президенті Б.Н. Ельцин Ресейдің билігі түбегейлі өзгеріске тап болған саяси ұстанымдарды ілгерілетуде әртүрлі деңгейдегі халықаралық байланыстардың өте маңызды рөл ойнайтынын ұғынды. 1993 жылы Мәскеуде «Ресей дауысы» халықаралық радиохабар тарату станциясы құрылды. Алайда бұл жоба күрделі тапсырманы қысқа мерзімде шеше алмады.

2003 жылы Федерация Кеңесінің Төрағасы Сергей Миронов былай деп мойындады: «Шетелдіктер біз туралы аз біледі. Олар Ресейді кедей әрі дамушы елдер қатарынан көреді. Дәріптеу саясатын толығымен өзгертіп, Ресейдің позитивті имиджін қалыптастыру керек [181]. 2000 жылы осы мақсатта кейбір БАҚ өкілдері маңызды реформаға ұшырады. Мәскеуде орналасқан РИА Новости қызметінің негізгі қағидаттары «саяси конъюнктурадан тәуелсіздікке, объективтілікке» деп алмасты [182].

Ресей үкіметі БАҚ қызметіне ерекше назар аударып, Батыста отандық БАҚ-тардың бәсекеге қабілетін барынша арттыруға тырысады. РИА Новостидің тілшілері шетелде радио мен теледидар арқылы үзіліссіз хабар таратады,

Ресейдің жағымды имиджін көтереді және елдің батыс сыншыларына тиімді саясат жүргізеді.

Бұл мекеменің қамқорлығымен қоғамның қызығушылығын кеңінен тарту үшін бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Мысалы, Лондондағы «Орыс Қысы» фестиваліне атақты спортшылар, олимпиадалық чемпиондар, балеттің солистері және т.б. танымал тұлғалар қатысты. Бұл мереке британдықтар арасында сүйіспеншілікке бөленді.

Russia Today – әлемнің бірнеше тілінде ақпарат тарататын ресейлік халықаралық ақпараттық телевизиялық компаниясы. Өзінің «RT International» негізгі ресурсында ағылшын тілінде тәулік бойы хабар тарататын алғашқы ресейлік медиа өнім. 2013 жылы YouTube веб-сайтында 1 миллиард қаралымды жеңіп алған әлемдегі алғашқы жаңалықтар арнасы. «Russia Today» халықаралық оқиғаларға қатысты ресейлік позицияны ұстанады. Вашингтон мен Лондон қалларында өз студиялары бар [183].

Компания менеджерлерінің айтыныша, Ресейдегі аудитория саны өсіп келеді. «Russia Today» компаниясының негізгі үш міндеті:

- 1) Ресейдің мемлекеттік имиджін төмендететін батыстық сыншыларды қудалау;

- 2) ішкі саяси жағдайды тұрақтандыру;

- 3) ТМД елдерінде «түсті революциялар» қауіптілігін болдырмау.

Бұл медиа ресурсты пайдаланып, ресейлік БАҚ шетелдік аудиторияға және шетелдік БАҚ-қа әсер етуге ұмтылады және мәдениетаралық қарым-қатынас пен ынтымақтастық саясаты арқылы халықаралық қоғамдық пікірге әсер етеді [184].

2. Ресей Федерациясы Президентінің Әкімшілігіне қарасты Ресейдің халықаралық бейнесі бойынша комиссия. Мұндай комиссия 2009 жылдың мамыр айында Д.А. Дмитрий Медведев төрағалығымен құрылды [185]. Комиссия қызметінің бірнеше басым бағыттары анықталды:

- 1) Ресейдің оң имиджін қалыптастыру;

- 2) өңірлерге олардың имидждік стратегиясын әзірлеу;

- 3) шетелде орыстың ұлттық мәдениетін дамыту;

- 4) ресейлік бизнестің жағымды имиджін қалыптастыру;

2010 жылдың ақпан айында Д.А. Медведевтің бастамасымен Батыс мемлекеттерінің алдында Ресейдің имиджін жақсарту үшін екі жаңа ұйым құрылды [186]. Бұл біріншіден, А.М. Горчаков атындағы қоғамдық дипломатияны қолдау қоры; қордың қаражаты мемлекеттік субсидиялар мен ерікті қайырымдылықтан тұрады. Қордың маңызды міндеттерінің бірі – халықаралық қатынастардың дамуына жәрдемдесу. Екіншіден, сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар саласында коммерциялық емес серіктестік болып табылатын Халықаралық істер жөніндегі Ресей Кеңесі (INF).

Кеңестің құрылтайшылары – Ресейдің Сыртқы істер министрлігі мен Ресей ғылым академиясының, Мәскеу мемлекеттік университетінің, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының, Ресей бейбітшілік қорының, Интерфакс ақпараттық агенттігі, Ресей Білім және ғылым министрлігі.

IGCP веб-сайтына көрсетілгендей, кеңес мемлекет, сарапшылар қауымдастығы, сыртқы саяси міндеттерді шешуде бизнес және азаматтық қоғамнан құрылған. Оның миссиясы – Ресейдің жаһандық әлеммен ықпалдаса отырып, дамуына үлес қосу. Кеңестің бейресми міндеті – Ресейдің еуропалық кеңістіктегі интеграциясына қатысты элитаның және жұртшылықтың көңіл-күйін қадағалау.

Ресей Федерациясының Еуропалық Одақтағы бұрынғы елшісі, Федерация Кеңесінің Сыртқы істер жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары В.Н. Лихачев іргетас пен кеңес құруды «революциялық» қадам деп атады. Горчаков қоры INF шартының мақсаттарына қол жеткізу құралы болып саналады.

3. Ресейдің халықаралық ықпалына ықпал ететін мәдениетаралық байланыстар кеңеюде. 1999 жылдың сәуір айында Ресей Сыртқы істер министрлігі Мәдениет, ғылым және білім кеңесін құрды. Кейінірек «Ресей Сыртқы істер министрлігінің Ресей мен шет елдер арасындағы мәдени байланыстарды дамытудағы жұмысының негізгі бағыттары» атты құжат қабылданды.

В.В. Путин елдің беделі мен мәртебесі тек экономика мен әскери күштер сияқты дәстүрлі факторларға ғана емес, оның мәдени әлеуетіне, біліміне, ғылымына және біліміне байланысты дейді [187]. В.В. Путин Ресей премьер-министрі, «Мыңжылдық тоғысындағы Ресей» ұлттың зияткерлік, физикалық және адамгершілік қауқарын шығармашылық жұмыстармен үйлестірді [188].

Мәдениетаралық коммуникацияның жағымды нәтижелерінің бірі – Ресей мен басқа елдер арасындағы диалогты құру, ішкі және сыртқы қабылдауды жақсарту.

«Ресей жылы» фестивалі Ресейде қоғамдық дипломатия тәжірибесінде қолданылуы тиіс тарих пен мәдениет саласындағы ең бай және ең құнды ресурстардың жиынтығын құрды. 2006 жылы Қытай ҚХР азаматтары арасында үлкен қызығушылық тудырған «Ресей жылы» ауқымды фестивалін ұйымдастырды. Статистика бойынша фестивальға қатысушылардың саны 500 мыңға жетті [189].

Қытайдағы «Ресей жылы» екі ел үкіметтері арасында ғана емес, сондай-ақ олардың халықтарының арасында да мәдени көпір орнатты. Фестивальдің мақсатты аудиториясы жастар болды. Аталмыш фестивальдер қытайлық жастардың Ресейді тануына, оған қызығушылықтарының артуына, өзара түсінісуге мүмкіндік берді. «Ресей жылы» және «Қытай жылы» фестивальдарынан кейін ауқымды мәдениетаралық іс-шаралар 2009-2010 жылдары өз жалғасын тапты.

Ал, 2008 жылы Жапониядағы алғашқы орыс мәдени орталығы Хоккайдода құрылды, ол орыс-жапон мәдени қарым-қатынастары мен Ресей туралы жаңалықтардың таралуы үшін негіз болды [190].

Осылайша, орыстардың фестивалі бірқатар халықаралық байланыстың орнауына себеп болды. Мұндай «ұлттық жылдардың» іс жүзінде пайдасы орасан. Мұндай тәжірибе қазақстандық үлгіде де орын алған. Мысалы, 2003 жылы Қазақстанның Ресейдегі жылы, 2004 жылы Ресейдің Қазақстандағы жылы болып

бекітілді. Соның аясында көптеген мәдени, әдеби, рухани іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Русский Мир» қоры 2007 жылдың маусым айында құрылып, орыс тілі мен мәдениетінің беделін арттыруға, сондай-ақ әлемнің әртүрлі елдеріндегі орыс тілін оқыту бағдарламаларына қолдау көрсетуге бағытталды. Қазіргі таңда БҰҰ-ның ресми тілі статусын иемденген орыс тілі әлем бойынша қолдану жағынан бесінші орынды тұр. Орыс тілінің халықаралық кеңістіктегі позициясының нығаюы, Ресейдің ықпалының кеңеюіне тікелей әсер етеді [191].

Санкт-Петербург халықаралық экономикалық форумы аясында «Валдай» клубының арнайы сессиясы өтті. Клубтың конференциясына әлемнің түкпір-түкпірінен көрнекті саясаткерлер, сарапшылар, қоғам қайраткерлері мен мәдениет қайраткерлері қатысты [192]. Мұндай зиятты қауымның басын қосатын іс-шаралар позитивті көзқарас қалыптастыратыны анық.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70-жылдығы сияқты тарихи маңызы зор күндер, Санкт-Петербург қаласының құрылғанына 300 жыл толу, 2014 жылы Сочи қаласында өткен қысқы Олимпиада ойындары, футболдан Әлем Кубогы 2018 сынды ауқымды іс-шаралар жаһандық әрі ұлттық маңызы бар оқиға болып есептеледі. Әсіресе, футболдан Әлем Кубогы күллі дүние жүзінің назарын Мәскеудің «Лужники» стадионына қаратты. Мұндай кең ауқымды шаралар қоғамдық дипломатияның қалыптасуына таптырмас мүмкіндік.

Сонымен қатар, басқа ірі мемлекеттер секілді Ресей де гуманитарлық көмек көрсетеді. Бұл жаһандану үдерісінде экологиялық және техногендік апаттардың, адами факторлардың кесірінен орын алған төтенше жағдайлар барлық мемлекетке ортақ міндет. Апат салдарынан зардап шеккен елдер мен өңірлерге гуманитарлық көмек көрсету аса маңызды. Ресей гуманитарлық қызметінің бір мысалы ретінде, Сычуань провинциясында 2008 жылы мамыр айында орын алған жойқын жер сілкінісінен кейін, Қытайға құтқарушылар мен медицина қызметкерлерінен құралған арнайы көмек жасағы жіберілді. Бұл Ресей Федерациясының тарихындағы ең ірі гуманитарлық акция болды [193].

Қоғамдық дипломатияның тағы бір маңызды әдісі – саммит дипломатиясы. Заң және саяси мәртебе тұрғысынан дипломатиялық үдерістің маңызды субъектілері мемлекет басшылары болып табылады. Олар басқа көшбасшылармен жоғары деңгейдегі кездесулерде, олардың қатысуымен халықаралық конференцияларда, іскерлік сапарлар кезінде және т.б. жақсы «жеке қарым-қатынастардың» орнауына кепілдік береді. Саммит дипломатиясы технологияларының бірі - жекелеген басшылардың өзара достық қарым-қатынасы. Яғни мемлекет басшыларының жеке имиджі мен саяси салмағы да аса маңызды. Мысалы, 90-жылдары әлем Германияның канцлері Гельмут Колдты мен Ресей президенті Борис Ельциннің достығын айтуға болады. Владимир Путин 1998-2005 жылдары Герхард Шредермен (Германия Федеративтік Республикасының Канцлері) достық қарым-қатынас орнатқан. Біздің отандық тәжірибеде Владимир Путин мен Нұрсұлтан Назарбаевтың да достығын атап өтуге болады.

«Саммит дипломатиясы» халықаралық қоғамдастықтың шеңберінде жиі қолданылатын әдіс болып табылады. Мұндай сапарлар кезінде елдер арасындағы қашықтық азаяды және мемлекет имиджі жақсарады [194].

Қорыта келе, ХХІ ғасырдың дипломатиялық дәстүрлі шаблондарды сақтай отырып, цифрлық үдеріске бет бұрғанын түсіндік. Нәтижесінде, дипломатияның мазмұны мен ауқымы кеңейіп, оның заманауи әдістері қалыптасты. Мемлекет басшылары мен билік басында отырғандар жұртшылықпен тікелей қарым-қатынас орнату мүмкіндігіне ие болды. Мысалы, 2001-2009 жылдары АҚШ-тың президенті болған Джордж Буш, дипломатия өнерін шебер меңгерген нағыз дипломат еді. Техаста бірнеше елдің басшыларын біріктерген жиында, соның ішінде ҚХР Төрағасы Цзян Цземинмен, Ұлыбритания Премьер-Министрі Тони Блэрдің, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен ресми және бейресми кездесулер өтті. Бейресми кездесулер барысында халықаралық проблемалар оңай шешіледі және өзара түсіністік қалыптасады. Мұндай қоғамдық дипломатияның аспектісін біз – тұлғалық принципі деп атар едік.

3.3 Қазіргі әлемдік саяси өзгерістер жағдайындағы қоғамдық дипломатияның басым бағыттары

Қазақстандағы қоғамдық дипломатия ақпараттық технологиялар мен инновацияның өркендеу кезеңімен тұспа-тұс келіп отыр. Нәтижесінде, дәстүрлі дипломатиядан цифрлық дипломатияға өтіп, дамудың жаңа деңгейіне көшті.

Сыртқы саясат пен ішкі ахуал анықтап отырған басымдықтар ХХІ ғасырдың қауіп-қатеріне қарсы тұруға қабілетті болуы шарт. Сонымен қатар, ұзақмерзімді ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталған қоғамдық дипломатияның құралдары мен принциптері ұтымды ұйымдастырылуы қажет. Қазақстанның сыртқы саясаттағы негізгі басымдықтары салмақты мақсаттарға қол жеткізуді көздейді. Ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік тәуелсіздік пен аумақтың тұтастығын сақтау елдің іргелі құндылықтары болып табылады.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты белсенділігімен, тепе-теңдік сақтауға ұмтылысымен, прагматизмімен, сындарлы сұхбат жүргізуге талпынысымен және көпжақты ынтымақтастыққа бағытталғандығымен ерекшеленеді. Халықаралық аренаға шыға отырып, елдің сыртқы саяси міндеттерін жүзеге асыруда қоғамдық дипломатияның маңызы зор. Өзінің геосаяси ахуалының ерекшеліктеріне қарай Қазақстан Еуропа, сондай-ақ, Азия елдерімен теңдестірілген қарым-қатынастарын, даму бағытын жүзеге асыра отырып, көпвекторлы саясатты ұстанып отыр.

Осы орайда Қазақстанның қоғамдық дипломатиясының негізгі мақсаттарына тоқталуды жөн санаймыз:

- Қазақстанның мемлекеттік саясатын, биліктің ұлттық және халықаралық саясатта әрекеттерін дұрыс түсіндіру;
- мемлекеттің ұлттық имиджін жақсарту;
- алыс және жақын мемлекеттермен әріптестік, өзара пайдалы қарым-қатынас орнату, түсіністік пен қолдауға ие болу;

- қазақстандық саяси жүйенің жұмыс принципін сауатты түсіндіру және ақпаратты тарату.

Осы міндеттерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасы қоғамдық дипломатия саласындағы әдістер мен ресурстарды жан-жақты жетілдіреді.

Қазақстан күні бүгінге дейін әлемнің 130 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқанын алдыңғы бөлімде айтып өттік. Бұл тәуелсіздік алған уақыттан бері қарай есептегенде, жақсы көрсеткіш екенін айту міндет. Оның үстіне жалпы Орталық Азия аумағы мен Қазақстан Республикасы әлемдік саяси аренада ерекше назарға ие.

Бүгінгі күні қазақстандық сыртқы саясат басымдылығы ең алдымен Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО, Орталық Азия аймағындағы көршілес мемлекеттермен, ислам әлемімен тең құқылы қарым-қатынас құруға бағытталған. Бұл мемлекеттермен және аймақтармен 2006-2007 жылдары екі жақты байланыс, қарым-қатынас дами түсті. Мемлекет басшылығы Вашингтон, Мәскеу, Брюссель, Лондон, Бейжің, Каир, Тегеран, Ташкент, Бішкек және тағы да басқа мемлекеттердің астаналарына ресми сапарлары барысында ел мүддесіне қатысты бірталай маңызды құжатқа қол қойып, дипломатиялық әріптестік орнатты.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдаулары – саясатқа алып келген бірқатар принципті жаңалықтардың бірі болып табылады. Мемлекет басшысының Жолдаулары бүкіл халыққа арналып, онда бүкіл Қазақстан халқының алдына жаңа міндеттер қойылады және елдің жан-жақты дамуының келер жылға, одан да ұзақ мерзімге арналған негізгі басымдықтары мен жоспарлары айқындалады. Ішкі тұтастық қатамасыз ету сыртқы имиджің негізі болғандықтан, бұл жолдаулардың маңызы зор.

Қазақстанның қоғамдық дипломатиясы – елдің сыртқы саяси міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған үкіметтік механизм болғандықтан, оның жоспары жүйелі түрде құрылады. Алда кездесетін барлық қуап-қатер есептеледі, кризистік жағдайлар ескеріледі. Қоғамдық дипломатияның маңызды міндеттерінің бірі – басқа елдер мен шетелдік БАҚ-тарға деген ықыластарын жеңуге, тартымды қоғамдық имиджді қалыптастыруға және ұлттық мүдделерді ілгерілетуге байланысты мәселелерді шешу.

Қазақстан Республикасының қоғамдық дипломатиясын жүзеге асырудың айқын көрінісі, біздіңше, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдау формасында көрінеді [34; 35]. Бұл ретте, мемлекет басшысы жыл басында қалың бұқарамен байланыс орнату арқылы тараптарға жүктелетін мақсат-міндеттерді айқындайды.

Елбасы Жолдаулары – Қазақстанда жүргізіліп отырған саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету бойынша, халықаралық қауымдастықта Қазақстанның ролі мен орнын бекіту, оның саяси беделін арттыруға бағытталған еліміздің жалпы дамуын айқындайтын басты стратегиялық құжаттар болып табылады.

Еліміздегі саяси даму стратегиясының негізгі бағыттары «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы» (1992 ж.),

«Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» стратегиялық бағдарламасы (1997 ж.), «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары» (2010 ж.), «Қазақстан-2050. Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (2012 ж.) сияқты бағдарламаларда айқындалған.

Сонымен бірге, еліміздің саяси даму бағыттары ҚР Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған жолдауларында және Қазақстан халқы Ассамблеясының отырыстарында сөйлеген сөздерінде жан-жақты талданып, одан әрі дамыту жолдары ұсынылады. Президенттің «Ғасырлар тоғысында» (1996 ж.), «Тарих толқынында» (1997 ж.), «Сындарлы он жыл» (2002 ж.), «Тәуелсіздік белестері» (2003 ж.), «Қазақстан жолы» (2007 ж.) атты кітаптары еліміздегі саяси жаңғыртудың ауқымы мен бағытын ұғынуға, сондай-ақ мемлекеттік саясат пен еліміз дамуының стратегиялық жоспарындағы негізгі басымдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұстанған саяси стратегиялық бағытының тиімділігі нәтижесінде, Қазақстанның саяси жүйесі даму жолына түсіп, халықаралық қауымдастықтың оң бағасына ие болды. Бұл жөнінде Н.Ә. Назарбаев «Мемлекетіміз бен қоғамымызды құрудың дұрыс стратегиясын таңдап алудың өміршең мәні бар. Екшеле талданып жасалған стратегиялық жоспар назарды жинақтайды, тәртіпке жұмылдырады және жәрдемдеседі», – деп атап көрсеткен болатын [196].

Қазақстанда саяси тұрақтылықтың сақталуы, бұл мемлекетіміздің даму кезеңдерінде саяси реформаларға басымдық мән беруінің нәтижесі деп санаймыз. «Халықтың көпшілігі қолдаған қазақстандық жол – сызбаны көз жұма көшіре салу емес, өзіндік жолды іздеуге ұмтылу. Мұнда біз басшылыққа алатын басты қағида – қан мен хаосқа толы демократия бізге керек емес. Біздің демократиямыздың негізі – саяси, әлеуметтік және халықаралық тұрақтылық» [31, б. 6] – деп жазады Н.Ә. Назарбаев.

Еліміздің әлеуметтік-саяси өмірі мен жағдайын сипаттайтын әр Жолдаудың өзіндік салмақты жүгі бар. Жолдауларда еліміздің стратегиялық дамуындағы міндеттер көрсетіледі. Ал, міндеттердің орындалуы өз кезегінде Ұлт көшбасшысының жыл сайынғы Жолдауларымен айқындалады.

Елбасы алғаш рет 1996 жылы 8 қазанда Қазақстан халқына «Елдегі жағдай және ішкі, сыртқы саясаттың 1997 жылға арналған негізгі бағыттары туралы» атты Жолдау жасады. Бұл Жолдауда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі бес жыл уақыт аралығында жүзеге асырылған саяси-экономикалық және әлеуметтік мәселелер бойынша реформаларға жан-жақты тоқтала отырып, терең талдаулар жасады.

Елбасы 1997 жылғы қазанда «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты ел халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын ұсынды.

Елбасының 1998 жылғы 30 қыркүйектегі «Елдегі жағдай және сыртқы және ішкі саясаттың басты бағыттары: жаңа жүзжылдықта қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформалар» атты Қазақстан халқына

Жолдауында сол кездегі халықаралық саяси жағдайға, әсіресе көршілес Ресей мен ТМД-ның оңтүстік аймақтарындағы мемлекеттердегі шиеленісті оқиғаларға, оның Қазақстанға ықпалына тоқталды.

Елбасының 1999 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы «Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі» деп аталды. Жолдауда қазақ халқының сан ғасырлық тарихындағы маңызды кезеңдеріне, тәуелсіз ел болу жолында жүріп өткен ұлы күрес шежірелеріне шолумен басталды. Жолдауда Қазақстанның саяси тұрақтылығы, ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қатерлер, соның ішінде, лаңкестік, діни экстремизм мәселелеріне баса назар аударылды.

Елбасы 2000 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауында егемендік алғаннан бергі он жыл уақыт ішінде Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамып, қалыптасуына егжей-тегжейлі тоқталды. Алдағы уақытта республиканың саяси-экономикалық, әлеуметтік даму жағдайын барынша дамытып, жетілдіре түсу жолдарын айқындап көрсетті.

Елбасы 2001 жылы 3 қыркүйекте «Елдегі жағдай туралы және 2002 жылға ішкі және сыртқы саясаттың басты бағыттары туралы» Қазақстан халқына Жолдау жасады. Мұнда басты назар сыртқы саяси басымдықтарға бағытталған.

Елбасының 2002 жылғы 29 сәуірдегі «Ауылға айрықша назар аударылады. Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік әкімшілік жүргізудің жаңа қағидаттарына және бюджетаралық қатынастардың тиісті үлгісіне көшу туралы айтылды.

2012 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын Қазақстан халқына арнады. Өзінің Жолдауында Елбасы өткен жылдар бойынша республика дамуының негізгі нәтижелерін талдады, қазіргі заманның басты үрдістері мен түйіндерін белгілеп, «Қазақстан – 2030» Стратегиясындағы көптеген тапсырмалар сәтті орындалды, енді елдің алдында жаңа тапсырма орын алып тұр – ол «Қазақстан – 2050» Стратегиясының іске асу негізіндегі дүниежүзінің дамыған 30 мемлекет қатарына кіру».

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі жолдауы еліміздің дамыған 30 елдің қатарына жеделдетіп қосылуына мүмкіндік беретін бағыттарға басымдық берумен ерекшеленіп отыр.

10 басым бағыттан тұратын жолдауда мемлекетіміздің алдында жаңа технологияны енгізу арқылы қазақстандық индустрияны, ақпараттық-технологияны, ауылшаруашылық саласын, транспорт және көлік логистикасын, тұрғын-үй, құрылыс саласын, қаржы секторы мен банк жүйесін, адам капиталын дамыту, тиімді мемлекеттік басқару, цифрлы технологияны енгізу, заңның үстемділігі мен сыбайластық жемқорлықпен күресу, «Ақылды қала» (Smart city) технологиясын енгізу арқылы дамушы қалалардың проблемалық мәселелерін шешу, инвесторлардың қызығушылығын арттыру сияқты ел дамуына ерекше серпін беретін маңызды міндеттер айтылды.

«Қазақстан – 2050» Жаңа Стратегиясы – ол бір жағынан «Қазақстан – 2030» Стратегиясы шеңберінде өткізілген реформалар курстарының жалғасуы болып табылса, екінші жағынан – бәсекелестіктің жаңа межелеріне арналған Қазақстан дамуының басты бағыттары анықталған дербес құжат болып табылады. Бұл құжатта ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанды экономикалық, саясаттық және әлеуметтік дамудың жаңа деңгейіне әкелетін жеті стратегиялық басымдылықты анықтады.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асырудағы көрсетілген барлық тапсырмаларды Елбасы рухани саланың жандандыру қажеттілігімен нығайтады. 27 жыл бойғы егеменді дамудағы Қазақстандық жол тәжірибесі негізінде барлық қазақстандықтарды біріктіретін және ел болашағының негізін қалайтын басты құндылықтар құрылды.

«Қазақстан-2030» Стратегиясына негізгі қорытындылар жасалған «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауда негізгі міндеттердің орындалуы және қалғандарының орындалу үстінде екендігі тұжырымдалды [196].

2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру басты мақсатын орындаудағы жаңа саяси бағыттардың міндеттері айқындала түсті. Елбасы өз сөзінде: «1991 жылғы 16 желтоқсанда біз – Қазақстан халқы – егемендікті, бостандықты, әлемге ашықтықты таңдадық. Бүгінгі күні осы құндылықтар біздің күнделікті өміріміздің бөлшегіне айналды», – деген болатын. Қалыптасқан Қазақстанның қуатты да табысты мемлекет құрудағы тарихи жолы, демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты процестері, түрлі әлеуметтік, этностық және діни топтардың келісімі мен татулығы, ұлттық экономикадағы ерекшеліктер мен халықаралық еңбек бөлінісіндегі еліміздің ролі, қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз еткен күшті әлеуметтік саясат, әлемдік қауымдастық таныған мемлекет және ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілетудегі еліміздің белсенді ролі негізделді.

«Қазақстан – 2030» стратегиясы егеменді республиканың экономикасы серпінді дамып келе жатқан әлемдегі ең бір қауіпсіз, тұрақты, экологиялық орнықты елге айналуына бағытталған ұзақ мерзімді даму жолын белгілеп берді. Даму стратегиясы ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыруды қарастырып, аталмыш басымдықтар елдің дамуының орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңге арналған даму жоспарын қалыптастыру үшін негіз қалады. «Қазақстан – 2030» даму стратегиясын іске асырудың алғашқы ұзақ мерзімді кезеңі Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары болды.

«Қазақстан-2030» Президенттік стратегиясы ұлттық бірлік пен әлеуметтік әділеттілік орнаған, халқының экономикалық әл-ауқаты жетілген, тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнатудың теориялық-әдіснамалық базасын және оған жетудің жолдары мен әдістерін айқындаған құжат. «Қазақстан-2030» стратегиясының жеті ұзақмерзімді басымдылықтары:

ұлттық қауіпсіздік; ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның бірігуі; экономикалық даму; денсаулық пен білім беру және барлық қазақстандықтардың әлауқатының жақсаруы; экономикалық ресурстар; инфрақұрылымның дамуы; кәсіби үкіметтің қалыптасуы жүзеге асырылды.

«Қазақстан-2030» стратегиясы еліміздің саяси жүйесінің дамуына, саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетінің жетілуіне және талап-қолдау мен саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмінің қалыптасуына алып келді. Еліміздегі саяси дамудың мақсаты саяси институттар және ашық түрдегі саяси жүйе арқылы бірте-бірте күрделеніп келе жатқан экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1996 жылы елдегі реформа туралы «Қазақстан тәуелсіз, егемен мемлекет ретінде орнықты, бейнелеп айтқанда, дүниежүзінің саяси картасынан өз орнын тапты. Мемлекеттілікті нығайту мен күшейту мәселелерін шеше отырып, ұлтаралық келісімге, саяси тұрақтылыққа, демократиялық үрдістердің дамуына, жаңа саяси институттардың қалыптасуына ерекше маңыз бердік және береміз. Елімізде азаматтық құқықтар мен адам бостандығына басымдылық берілген», – деп жазған болатын [197].

Қазақстан Республикасындағы соңғы жылдары орын алған реформалардың негізгі мақсаты бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылу болды. Осы шарттардағы саяси дамудың негізгі заңдылықтарын пайдалана отырып, тиімді модернизацияның орын алуына, алдыңғы қатардағы әлеуметтік-экономикалық деңгейге шығу саяси жүйенің барлық күштеріне байланысты. Реформалар процесі жалпылай барлық қоғамды қамтиды.

Сонымен қатар, экономика, әлеуметтік сала, рухани мәдениет қамтылып, саяси жүйенің динамикалық өзгерістері негізінде шешімі табылуы тиіс жағдайларға да ықпалын тигізеді. Модернизацияланған қоғамды азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет пен нарықтық экономиканың өзара бірлігі ретінде анықтаймыз.

«Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасынан кейінгі жылдары Елбасының жасаған Жолдаулары осы бағдарламаның заңды жалғасы болып табылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2007 жылы 28 ақпанда Қазақстанның жаңа даму сатысында «Қазақстан-2030» Стратегиясы Жолдауының екінші бөлімінде елдің сыртқы саясатының ең маңызды бағыттары анықталды. Мемлекеттік саясат Қазақстанды әлемдік экономикаға сәтті шоғырландыруға бағытталды. Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның әлемдік қауымдастық алдында жаңа аймақтық және геосаяси жауапкершілігін жариялады[195, б. 117-119]:

1. Қазақстанның жаңа халықаралық жауапкершілігі, көп бағытты сыртқы саясаттың дамуы және жаһандық қауіп-қатерлермен күресуге қатысу[195, б. 117].

2. Аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуде, Орталық Азия елдерінің экономикалық шоғырлануын дамытуда және Каспий және Қара теңіз аймағында динамикалық рынокты қалыптастыруда белсенді ролі.

3. «Өркениет диалогын» дамытуда мәдениет аралық және конфессия аралық келісім орталығы ретінде Қазақстанның ұстанымын бекіту [195, б. 119].

2014 жылы 21 қаңтарда Президент Қазақстан Республикасының 2014-2020 жылдарға жаңа тұжырымдамасын бекітті. Қазақстан Республикасының сыртқы саясат тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің – «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында мазмұндалған қағидаларға байланысты дайындалды [195, б. 121].

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметінің принциптері мен тәсілдері, мақсаттары, басымдықтары мен міндеттеріне негізін салушы көзқарастар жүйесін көрсетеді. Берілген тұжырымдаманың бірінші пунктінде былай айтылған: «Қазақстан Республикасының сыртқы саяси даму көрінісі өз тәуелсіздігінің үшінші он жылдығына Қазақстан экономикасы динамикалық дамыған және сыртқы саяси басымдықтары айқын қойылған қалыптасқан тұрақты мемлекет ретінде енді [195, б. 123]. Әлемдік аренада Қазақстанның ұлғайған субъектілігі мемлекет ролінің және халықаралық беделінің артуы, аймақтық салмағының артуы, жаһандық экономика мен қаржы институттары үшін маңызының артуы туралы куәландырады. Сонымен қатар, жаңа заманғы реалийді ескергенде, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты прагматизм принциптерінде ұлттық мүдделерді жаңғыртуды және алға жылжытуды талап етеді» [195, б. 128].

Тұжырымдамада Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметінің негізгі мақсаттары анықталған. «Қазақстанның ұлттық мүдделеріне сәйкес басты сыртқы саяси күштер келесі негізгі мақсаттарға қол жеткізуге шоғырланады [197, б. 102]:

1) ұлттық қауіпсіздікті, қорғаныс қабілетін, ел егемендігі мен аумақтық бүтіндігін жан-жақты қамтамасыз ету;

2) бейбітшілікті, аумақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту;

3) тұрақты позицияларды қамтамасыз ету және әлемдік қауымдастықта мемлекеттің жағымды бейнесін қалыптастыру;

4) Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) орталық және үйлестіруші ролі кезінде әділ және демократиялық бейбітшілік тәртіп орнату;

5) аймақтық және халықаралық сауда-экономикалық қатынастар жүйесіне одан әрі шоғырлану [197, б. 102];

6) «Стратегия-2050» табысты жүзеге асыру үшін қолайлы сыртқы жағдай жасау, халықтар өмірінің жоғары деңгейіне қол жеткізу, көп ұлтты қоғамның, құқықтық қоғамның және демократиялық институттардың бірлігін нығайту, адам құқықтары мен еркіндігін жүзеге асыру;

7) диверсификация, индустриялық-технологиялық даму және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

8) елдің әлемнің 30 ең дамыған мемлекеттері қатарына енуінің және дамуының «жасыл» жолына сатылап көшуі;

9) ұлттық-мәдени ерекшелігін сақтау және мемлекеттің одан әрі дамудағы өзіндік жолымен жүру;

10) Қазақстан Республикасы азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтарын, олардың шетелде жеке, отбасылық және іскерлік мүдделерін қорғау;

11) қазақ диаспорасын және шетелде қазақ тілін қолдау» [197, б. 102-103].

Жаңа Тұжырымдамада қойылған мақсаттарға сәйкес, Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметінің негізгі принциптері айқындалған. Қазақстанның сыртқы саясаты көп бағыттылық, прагматизм, өзара пайда принциптеріне, елдің ұлттық мүдделерін қатаң қорғауға негізделген.

Қазақстан әлемдегі барлық мемлекеттердің теңдігі, өзара мүдделерін есепке алу және бір-бірінің ішкі істеріне араласпауы үшін, сонымен қатар халықаралық проблемалар мен жанжалдарды БҰҰ және халықаралық құқық үстіндегілердің Жарғысы негізінде бейбітшілікпен және ұжымдық шешу үшін күреседі. Қазақстанның сыртқы саясаты шет елдермен және халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесудің дифференциялық және түрлі деңгейдегі тәсіл принципі қолданылатын мүдделер балансы негізінде құрылады [87, б.223].

Берілген принципті қолдану мыналарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

1) басымдықтар кристаллизациясы, оларға негізгі күштер мен ресурстарды шоғырландыру;

2) саяси және экономикалық мүдделерге және практикалық қайтарымға сәйкес адам және қаржы ресурстарын барабар үлестіру.

Берілген тұжырымдама сыртқы саяси курс сабақтастығын сақтайды, Қазақстанның сыртқы саясатын дамытудың жаңа кезеңін прагматикалық және проактивті ретінде анықтайды. Сыртқы саясаттың прагматикалығы оның ұлттық мүдделерге айқын бағдарлануымен бейнеленеді. Проактивтілік сыртқы саясатты жоспарлаумен және жүзеге асырумен, алға кетуге бағдарланған идеялар мен инициативаларды алға жылжытумен; Қазақстан мүдделеріне жауап беретін халықаралық қатынастар мен шешімдер қабылдау үшін күн тәртібін қалыптастыруға қатысумен өрнектеледі» [190].

Тұжырымдамада Орталық Азияда аймақ ішілік шоғырландыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Тұжырымдамада айтылғандай: «Еуразиялық экономикалық шоғырлануды елдің бейбіт-шаруашылық байланыстары жүйесінде тұрақты позицияға жылжуының әрекетті тәсілдерінің бірі ретінде қарастыра отырып, Қазақстан Кедендік одақты және Біртұтас экономикалық кеңістікті, осының негізінде Еуразиялық экономикалық одақ құру мақсатында нығайтады [195, б. 200]. Осы процесс шеңберінде: саяси егемендіктің мызғымастығы, қабылданатын шешімдердің экономикалық негізділігі, сатылық, прагматизм және өзара пайда, барлық ықпалдасу органдарда тараптардың тең өкілеттілігі және өзара ықпалдастық әрекет деңгейлерінде консенсус сияқты негізін қалаушы принциптер сақталады» [195, б.205].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының халықаралық байланыстар географиясы практикалық түрде барлық континенттерді қамтиды. Қазақстанның серіктестері арасында Азияның, Еуропаның, Американың жетекші елдері бар. Латын Америкасы бағытында және Оңтүстік шығыс Азия мемлекеттерімен бірге жылжуы байқалды. Араб және тұтастай мұсылман әлемімен байланыстар дами түсуде.

Қазақстан тәуелсіздіктің барлық кезеңі бойынша жеткілікті түрде тұрақты және бірізді сыртқы саясатты жүргізеді. Көп бағытты саясат Қазақстанға көптеген мемлекеттермен дипломатиялық байланыстар орнатуға, өзін халықаралық аренада халықаралық қатынастардың өзіндік субъектісі ретінде позициялауға мүмкіндік берді.

Қазақстан халықаралық аренада қоғамдық дипломатия арқылы өзін көрсетіп, мақсат-мүдделерін қорғай отырып, тәуелсіздік жылдары ішінде елеулі сыртқы саяси табыстарға қол жеткізді. Дүниежүзілік қоғамдастықтың беделді де жауапты мүшесіне айналды. Қазіргі кезде еліміз қауіпсіздіктің өзекті өңірлік және жаһандық мәселелерін шешуге тең дәрежеде қатысып, бұл іске өзінің лайықты үлесін қосып келеді. Қазақстан көптеген таяу және алыс шет елдермен достық қарым-қатынастар орнатып, өзара тиімді ынтымақтастықты дамыта түсуде.

Бүгінгі заманда Қазақстан БҰҰ, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Азияда өзара әрекеттесу және сенімділік шаралары бойынша Мәжіліс, Ұжымдық қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымдары, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуропада қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөнінде ұйымдар, ОЦАС, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Түркі тілдес мемлекеттердің және басқа халықаралық ұйымдар мен форумдардың ынтымақтастық кеңесі қызметінің жауапты қатысушысы болып, төрағалық етуі Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің жоғары екендігінің айқын айғағы[87, б. 102].

Ұлы державалармен – Ресеймен, Қытаймен және АҚШ-пен теңестірілген, салмақты қарым-қатынастар жасайды. Бұл Қазақстандық сыртқы саясаттың айтарлықтай жетістігі болып табылады.

Елбасының сындарлы сыртқы саясатының арқасында мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасалды. Қазақстан экономикасына шетелдік инвестициялар тартылды.

Әлемнің жетекші компаниялары еліміздің ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға қатысуда. Бүгінгі таңда Қазақстан экономикалық өсу көрсеткіштері бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында ғана емес, сонымен бірге әлемнің көптеген елдері арасындағы жетекші мемлекеттердің бірі болып табылады.

Халықаралық ұйымдар шеңберіндегі, бірінші кезекте БҰҰ-дағы белсенді қызмет ойдағыдай жалғасуда. Қазақстанның экономикалық өсуі бүгінде Қазақстанды ортадан жоғары даму деңгейіндегі мемлекеттер қатарына шығарды. 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болды.

Сеулде өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі саммитте мемлекет Басшысы ядролық қаруды таратпау және ядролық қауіпсіздікті нығайту саласында бірқатар жаңа ұсыныстар жасады, бұларды кездесуге қатысушылар бірауыздан қолдады.

Қазақстанның әлем мәдениетін дамыту жөніндегі күш-жігері ЮНЕСКО тарпынан қолдау тапты, онда Қазақстанның ұсынысы бойынша 2013 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі аралық Мәдениеттер жақындасуының халықаралық он жылдығы деп жарияланды.

Ислам ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етуі Қазақстанның Мұсылман әлемі мен Батыс арасындағы диалогты кеңейту туралы тағы бір бастамасын іске асыруға мүмкіндік берді.

Астана экономикалық форумы айрықша маңызға ие. Онда Президенттің әлемдік дағдарыстан шығу жөніндегі «G-global» идеясы талқыланды.

Дипломатия әлемдегі барлық елдермен және халықаралық ұйымдармен қатынастардың сенімді жүйесін құрды.

Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы барлық күш-жігері мемлекеттің ішкі саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге тиімді жағдай жасауға және ұлттық мүдделерін қорғауға бағытталған.

Соңғы жылдары жаһандық әлем ең қолайсыз сценарийлердің бірі бойынша дами бастады. Олардың ішінде ең бастысы: 1) халықаралық қағидаттары шегінің жойылуы; 2) әлемдік жүйені басқарушылықтың төмендеуі; 3) аса ірі мемлекеттер мен блоктар арасындағы геосаяси шиеленіс; 4) халықаралық терроризм мен радикализм сияқты жаңа трансұлттық қатерлердің пайда болуы секілді факторлар – елімізге де әсер етеді. Көпвекторлы, прагматизм мен мүддені қорғауға бағытталған саясат дұрыс болып табылады әрі оны сақтап дамыту керек.

Елбасының шиеленіскен дағдарыстарды (Украина, Ресей-Түркия, Сирия және т.б.) шешу туралы белсенді ұстанымы бұған себептес болады.

Қазақстанның 2017-2018 жылдарға БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде сайлануының мақсаты - Кеңестің халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жұмысына үлес қосу, Еуразиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздік факторы ретінде Қазақстанның ролін нығайту, Орталық Азия мен Ауғанстан проблемаларына әлемнің назарын аудару болып табылады.

10 қаңтарда БҰҰ ҚК-нің ашық пікірталасында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Арнайы «Қауіпсіз, әділ және әлем құру үшін жаһандық серіктестікті нығайтудағы Қазақстанның тұжырымдамалық көзқарасы» атты саяси үндеуі таныстырылды. Бұл үндеу ҚК-нің бүкіл мүшелері арасында үлкен қызығушылық туғызып, әріптестеріміздің арасында жақсы пікір айтылды, нәтижесінде бұл құжат БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі мен Бас ассамблеясының ресми мәртебесіне ие болды.

Елбасының үндеуінде БҰҰ ҚК-де жеті басымдықтары көрсетілген. Мемлекет басшысының стратегиялық көзқарастары мен оның сыртқы саяси бастамаларын іске асыру Қазақстан делегациясының БҰҰ-дағы жұмысының негізі мақсаты болады. Қазақстан өзінің мүшелігін БҰҰ тарихында алғаш рет

Қауіпсіздік Кеңесінде өкілдік ететін еліміз бен өңіріміз үшін тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуда көрініс табатын ұлттық мүдделерімізді ілгерілету үшін пайдалануға ниеттенуде. Қауіпсіздік Кеңесінің барлық мүшелерімен теңқұқықтық негізде әріптестік орнады.

Ядролық қарудан – азат әлем құруға қол жеткізу ядролық бестіктің кез келген шешімдерге veto салуға ие бола алатын Қауіпсіздік Кеңесінің өзгешелігі болып табылады. Ядролық қаруға қарсы күрес тақырыбын қозғауға шектеулер қояды.

Қауіпсіздік Кеңесінің алаңын ядролық қарусыздану мен таратпау жөніндегі өз ой-пікірін жеткізу үшін пайдаланады. Қазақстан Республикасы КХДР жөніндегі Комитеттің жұмысына белсенді қатысады, оның ядролық-ракеталық бағдарламасы бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін ең елеулі сын-көзқарастардың бірі болып табылады.

Сонымен бірге, Қазақстанның Иран ядролық бағдарламасы проблемасын шешу үшін назарға ала отырып, Қазақстан Иран жөніндегі Комитеттің жұмысына белсенді қатысады.

Жаһандық және өңірлік деңгейдегі әскери текетірістің дәрежесін азайту арқылы жаһандық соғыстың алдын алу және оны жою мәселесі бойынша Мемлекет басшысы өзінің «Әлем. ХХІ ғасыр» Манифесінде атап көрсеткеніндей, мәселелерді реттеудің құралы ретінде соғыстан бас тарту ХХІ ғасырдағы мемлекеттік қарым-қатынастардың императиві болуы тиіс.

Бүгінгі күні БҰҰ-ның мәліметтері бойынша, 2008 жылдан бері трансұлттық күштер ролінің көбеюі арқылы дау-жанжалдардың саны іс жүзінде үш есеге артқан.

Қазақстанның бітімгершілік әлеуеті мен Елбасы Н. Назарбаевтың қызметінің, Қазақстанның Сирия дағдарысын реттеу жолдарын іздестірудегі ролі әлемде жоғары бағаға ие.

Орталық Азияда бейбітшілік, қауіпсіздік, ынтымақтастық және даму жөніндегі өңірлік аймақ үлгісін құру БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесі алаңында Орталық Азияның мүдделерін ілгерілетуді өзіміздің негізгі міндетіміз деп білеміз. Бұл органда БҰҰ-ның бүкіл тарихында алғаш рет өкілдік етеді. Өңірді «бейбітшілік, ынтымақтастық және қауіпсіздік аймағына» айналдыру мақсатында өңір үшін өңірлік қауіпсіздіктің маңызды проблемаларын көтеруге ниеттіміз.

Халықаралық терроризм мен зорлық-зомбылық экстремизмге қарсы күрес, терроризм және оған жан беретін радикалды, экстремистік идеология бүкіл халықаралық қауымдастық үшін ең күрделі сын-тегеуріндердің біріне айналды. Қазақстан терроризммен, оның барлық түрлерімен күресті барынша қолдайды. Осы ретте бүкіл халықаралық қауымдастықтың бірлескен және үйлестірілген күш жігері ғана әсерлі болатынына сенімдіміз. БҰҰ бастамасымен жаһандық терроризмге қарсы коалицияның құрылуы аса маңызды шаралардың бірі және бірегейі. ДАИШ/Аль-Каида және Талибан жөніндегі комитеттердегі төрағалығымыз мемлекет басшысының терроризмге қарсы бастамаларын

ілгерілету және терроризммен күреске практикалық үлес қосу үшін БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі алаңын кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Африка континентінде ұлттық татуласу әрі бейбітшілікті қалпына келтіру бойынша халықаралық күш-жігер жұмсау Африкаға байланысты бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелері БҰҰ ҚК күн тәртібінің 70 пайызға дерлік бөлігін құрайды. Осы ретте, Қазақстанның Қауіпсіздік Кеңесіне сайлануы кезіндегі жетістік факторларының бірі Африка континенті тарапынан алған қолдау болып табылады. Африкалық әріптестеріміз қазақстандық дипломатияның Африка мүйізі, сондай-ақ бүкіл құрлықта ұлттық татуласу және бейбітшілікті қалпына келтіру бойынша халықаралық жігерге үлес қосатынына сенім білдіре отырып, Қазақстан Қауіпсіздік Кеңесінің Сомали/Эритрея жөніндегі комитетіндегі төрағалығының нәтижелі болуын күтеді.

Бейбітшілік, қауіпсіздік пен дамудың бір-біріне байланысы: соғыс пен жанжалдардың алдын алу, адам құқықтарын қорғау, Орнықты даму мақсаттарын іске асыру, климаттың өзгеруіне қарсы күрес бойынша бірлескен шаралар қауіп-қатерлер мен дағдарыстардан сақтауға бағытталған «Алдын алу дипломатиясы» ұранын басшылыққа алып, көбіне қақтығыстардағы әскери шешімнің жоқтығы мен оларды шешу мәселелерінің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан назарға ала отырып, бейбітшілік, қауіпсіздік және дамудың ажырағысыз байланысы («Security-Development Nexus») қағидасын жан-жақты дамыту қажет деп есептейміз. Осы тұрғыда тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) сәтті жүзеге асыру маңызды мәселеге айналып келеді.

Қазақстанның стратегиялық бағдарламалық құжаттары, ең алдымен «2050 Стратегиясы», БҰҰ мақсаттарын болжайды және жаһандық басымдықтарға сәйкес келеді. ТДМ тақырыбы бейбітшілік пен қауіпсіздіктің маңызды элементі болып табылады. Қазақстан ТДМ-нің 2015 жылы қабылдануының қарқынды жақтаушыларының бірі болды, оның жүзеге асырылуы біздің азаматтарымыздың өмір сапасының жақсаруына және Орталық Азия өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын тигізеді. ЭКСПО-ны өткізу және оның базасында БҰҰ жасыл технологияларды дамыту жөніндегі халықаралық орталықты орнату мақсаттардың жаһандық және өңірлік деңгейде жүзеге асырылуында Қазақстанның нақты үлесі болар еді. Жаһандық және ұлттық мақсаттардың синергиясы ТДМ нақты көрсеткіштерінің ұлттық және мемлекеттік бағдарламаларға дәйекті түрде интеграциялау жолымен қамтамасыз етіледі.

Кеңес пен бүкіл БҰҰ жүйесін ХХІ ғасырда адамзатқа төнген қауіп-қатерлерге бейімдеу БҰҰ мүше мемлекеттердің басым көпшілігі бүгінгі күнгі қатерлерге жауап бермейді. Көпшілік мәселелерде қайшылықтардың болуына қарамастан, Қауіпсіздік Кеңесінің жаңа конфигурациясы қандай болса да, ол нәтижелі, алдында тұрған қауіп-қатерлерге жұмыс жасау керектігі бойынша жалпы түсіністік бар. Осы ретте өңірлік ұйымдардың, әсіресе ұжымдық қауіпсіздік ұйымдарының ролі өсуде.

Қазақстан, ШЫҰ және ҰҚШҰ мүшесі ретінде және Батыс пен Шығыс арасында барлық тараптар, өңірлік ұйымдар арасында тең диалог негізінде

көпірді орнатуға қол сермеп жатып, ҚК-дегі мүшелігін осы құрылымдардың арасында сенімді күшейту үшін қолданбақ. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің жұмысына өзіміздің ой-пікір мен тәжірибемізді қосуға ниеттіміз. Сондай-ақ ашық, адал және саяси жағдаятынсыз, жауапты, ақылмен және конструктивті жұмыс істейміз.

Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне 2018 жылғы қаңтар айындағы ротациялық төрағалығы ҚР-дың БҰҰ ҚК-гі тұрақты емес мүшелігінің шарықтау шегі болады. Төрағалықтың түйінді мәселесі Орталық Азия мен Ауғанстан бойынша БҰҰ-ның құжатын қабылдау болады (қарар, Қауіпсіздік Кеңесі төрағасының мәлімдемесі). Төрағалық басталғанға дейін Кеңес мүшелері мен ҚР үшін қызығушылық тудыратын мәселелерді келісу және пысықтау жөнінде жұмыс жүргізіледі. Төрағалықтан кейін қол жеткен уағдаластықтарды жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі мүшелігіміздің кезінде СІМ орталық аппарат пен шетелдегі аппарат басшылары мен қызметкерлерінің қатарынан мақсатты топ құрылған (Task Force). Қауіпсіздік Кеңесі күн тәртібінің елдік және тақырыптық мәселелері бойынша шешім қабылдау алгоритмі дайындалды. Күн тәртібінің барлық тармақтары бойынша толық құжаттамалар мен ұстанымдар әзірленген. Қауіпсіздік Кеңесіндегі жұмысқа шектеулі арнайы мәселелерді пысықтау үшін мүдделі министрліктер мен ведомстволардың сарапшылары тартылды. Сонымен бірге, басымдықтағы мәселелер бойынша ҚР тиісті құзырлы органдары, ҚР Қауіпсіздік Кеңесі, кейбір министрліктер басшыларының және сөзсіз ҚР Парламенті мүшелерінің қатысуы мүмкін. Бүгінгі таңда Қауіпсіздік Кеңесінің отырыстарына өздерінің тақырыптары бойынша ҚР Қауіпсіздік Кеңесі және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілдері қатысты. Отырыстарға депутаттардың қатысуы қажет болған жағдайда СІМ Парламентті алдын ала ақпараттандырады және тиісті іс-шараға қатысу бойынша ұсыныстар береді.

Дүниежүзілік жағдайға байланысты елдік мүдделер интеграциялық үдерістерге одан әрі бағытталған. Орталық Азия елдерімен қарым-қатынас жасаудың өзара қолайлы жолдары қарастырылған. Үстіміздегі жылы 12 қыркүйекте Мемлекет басшысының Самарқандқа жасаған сапары Өзбекстанмен сауда-экономика саласында жаңа мүмкіндіктерді ашты. Бұл кездесу экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселесіне бағытталды: мұнай өнімдерін жеткізу, машина жасау бойынша, электр техникасы өнімдерін, фармацевтика, мұнай химиясы және жеңіл өнеркәсіп өнімін, сауда-саттық тауарларын шығаратын бірлескен кәсіпорындар құру туралы келісімге қол жеткізді.

Ресей Федерациясымен жан-жақты әріптестік қарым-қатынастарды жалғастыруда. Кәсіпкерлер қатысқан ірі бизнес-форумдар өтіп тұрады.

Қытай өндірістік қуаттарды көшіру және Жібек Жолы Экономикалық Белбеу жылжыту шеңберінде Қазақстан экономикасына миллиардтаған қаражатты инвестиция ретінде салуға дайын.

АҚШ-пен ынтымақтастық басты басымдықтардың бірі болып қалады, бұл өңірде мүдделер теңгерімдерін сақтауға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда әлемдік тәртіптер мен қатынастар үнемі өзгерістерге ұшырауда. Осыған орай әлемдік қоғамдастықтағы әр мемлекет осы жүйеден өз орнын алуға ұмтылады. Кез келген мемлекеттің сыртқы саясаты сол мемлекеттің өмір сүруіне қолайлы сыртқы жағдайларды жасауды көздейді. Еліміздің сыртқы саяси бағытын қалыптастыру жолында Қазақстан дипломатиясы халықаралық достық пен ынтымақтасудың азиялық және еуропалық бағыттарын құқықтық тең дәрежеде ұстау ұстанымын алға қойып отыр. Қазақстан мемлекетінің сыртқы саясатының басым бағыттарын жүзеге асыруда «Қазақстан-2050» Стратегиясы аса маңызды құжат болып табылады. Ұзақ мерзімге арналған бұл стратегия мемлекеттің көпсалалы дамуының жаңа парадигмасын қалыптастырады әрі соған жол ашады. Құжаттың негізгі маңызды тезисі – Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатын айқындап беруінде.

Бүгінгі жаһандану заманында Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың дербес субъектісі болып табылады. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жиырма жеті жыл ішінде сыртқы саясат бағытында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Қазақстан ұлттық мемлекеттілігінің негізін қалап, оны нығайтты, елдің аумақтық тұтастығын және мызғымас шекарасын қамтамасыз етті, экономиканы нарықтық даму жолына түсірді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы халықаралық үдерістердің тең құқықты қатысушысы болып қалыптасты.

